



ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№3 / 2023
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА**

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі “Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті” КЕ АҚ
Собственник НАО “Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова”

Главный редактор
Дальбергенова Л. Е., Ph.D, ассоц. профессор
Ответственный редактор
Искакова Г.Ж., магистр
Технический секретарь
Гладкова Е.И., маг.филол., отв. сек-рь

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Воркачев С. Г. д.ф.н., профессор
Джусупов Н.М. PhD, профессор
Жакупова А.Д. д.ф.н., профессор
Жаркынбекова Ш.К. д.ф.н., профессор
Жахина Б.Б. д.п.н., профессор
Исмагулова А.Е. к.ф.н.
Маслова В.А. д.ф.н., профессор
Пименова М.В.д.ф.н., профессор
Рысалды К.Т. д.ф.н., профессор
Фаткиева Г.Т. к.ф.н.
Шаймерденова Н.Ж. д.ф.н., профессор
Шалабай Б. д.ф.н., профессор
Шапауов А.К. к.ф.н., профессор
Юрина Е.А. д.ф.н., профессор
Jankowski Henryk dr. hab., full professor
Yilmaz Ahmet PhD, professor

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 2788-7979 (online)

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№3/2023
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издаётся с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Сайт журнала:
vestnik-kufil.kz

Внесен в перечень изданий,
рекомендуемых Комитетом по
обеспечению качества в сфере
науки и высшего образования
Министерства науки и высшего
образования Республики
Казахстан для публикации
основных результатов научной
деятельности

Включён в РИНЦ:
<https://elibrary.ru/content.asp?titleid=79564>

© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.
Свидетельство о постановке на учет печатного издания, информационного агентства и
сетевого издания № KZ62VPY00024036, г.Нур-Султан, 11.06.2020 г.

МАЗМҰНЫ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Г.С. Абай өңірі ономастикасындағы антропотопонимдердің лингвистикалық сипаты	5
Букаева А.А., Сыздықова Г.О. Қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуы	14
Ермекбаева М.А., Кенжалин К.К. Қазақ, түрік және монғол тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвистикалық сипаты	21
Омарова Н.Г. Жарнама дискурсында әзілдің коммуникативті-аксиологиялық категориясын жүзеге асыру	34
Оспанова Ж.Т., Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н. Адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің этноэкологиялық мәдениетінің метафоралық көрінісі	42
Саликжанова Ш.Б., Саркенова Қ.Қ. Әйел киімі мен әшекей бұйымдарының символдық мәні	53
Тажибоева С.Ж., Жаркынбекова Ш.К. Моңғолия мен Қытайдан келген этникалық қазақтардың этномәдени және тілдік бейімделуінің ерекшеліктері: зерттеудің теориялық-әдіснамалық және қолданбалы аспектілері	63

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Бөкен Г.С., Молғаждаров Қ.К. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы образдар галереясы	74
Beisenova Zh.S., Zhakipova G.A., Egorova O.G. Scientific and artistic knowledge in kazakh literature for children	88
Ерсаинова А.Б., Таласпаева Ж.С. С. Мұқановтың әдеби-ғылыми эпистолярлық мұрасындағы әдебиет мәселесі	94
Қияқова Р.Ж., Шахманова Г.Ш., Берикбол Т. Т.Қажыбай шығармаларындағы діни тағылым	103
Тағудретова Б.Б., Қадыров Ж.Т. Мархабат Байғұт шығармаларындағы портреттің көркемдік қызметі	110
Темирова Ж.Г. Қазақстан әдебиеті транслингвалды оқырмандарының қабылдауындағы қазақ лингвомәдениетінің бейнесі (еркін ассоциативті эксперимент нәтижелері бойынша)	121
Тоқтарбай Е. Алаш және түркілік таным	130

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Baigunisova G., Beisembayeva Zh., Tajieva A., Abdigaparkyzy N. The role of multilingualism in the academic and career growth of youth in Kazakhstan	141
Gerfanova E.F., Rudik Z.F., Dalbergenova L.Ye., Nemtchinova E. Exploring english learners' readiness for intercultural communication and citizenship	151
Ермекова Т.Н., Ибраймова Л. Ә., Молдағали Б., Рысқұлбек Д. Қазақ тілін үйретуде ұлттық брендтерді қолданудың тиімділігі	159
Какимова М.Е., Кичикова Н.А., Сабиева Е.В., Нурсейтов А.С. Ағылшын тілін меңгерудегі жалпы ұйымдастырушылық ғылымның рөлі	169

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ақтанова А., Танирбергенова А.Ш. Қазақстан Республикасындағы ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттырудың тиімді жолдары	179
Исмагулова А.Е., Черниговцева О.Я., Ахметова А.Ж. Консорциумдар Қазақстандағы шет тілдерінде білім сапасын жоқарту құралы ретінде	187
Біздің авторлар	194

СОДЕРЖАНИЕ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Ахметова Г.С. Лингвистический характер антропотопонимов в ономастике Абайского района	5
Букаева А.А., Сыздыкова Г.О. Становление казахского юридического дискурса	14
Ермекбаева М.А., Кенжалин К.К. Лингвистическая характеристика пословиц в казахском, турецком и монгольском языках	21
Омарова Н.Г. Реализация коммуникативно-аксиологической категории шутливости в рекламном дискурсе	34
Оспанова Ж.Т., Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н. Метафорическое отражение этноэкологической культуры взаимодействия человека и природы	42
Саликжанова Ш.Б., Саркенова К.К. Символическое значение женской одежды и украшений	53
Тажибоева С.Ж., Жаркынбекова Ш.К. Особенности этнокультурной и языковой адаптации этнических казахов из Монголии и Китая: теоретико-методологические и прикладные аспекты исследования	63

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Бөкен Г.С., Молғаждаров Қ.К. Галерея образов в романе «Последний долг» А.Нурпейсова	74
Beisenova Zh.S., Zhakipova G.A., Egorova O.G. Scientific and artistic knowledge in kazakh literature for children	88
Ерсаинова А.Б., Таласпаева Ж.С. Проблема литературы в литературно-научном эпистолярном наследии С. Муканова	94
Киякова Р.Ж., Шахманова Г.Ш., Берикбол Т. Религиозное назидание в произведениях Т. Кажыбая	103
Тағудретова Б.Б., Кадыров Ж.Т. Художественная роль портрета в произведениях Мархабата Байгута	110
Темирова Ж.Г. Образ казахской лингвокультуры в восприятии читателей транслингвальной казахстанской литературы (по результатам свободного ассоциативного эксперимента)	121
Токтарбай Е. Алаш и тюркское познание	130

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Baigunisova G., Beisembayeva Zh., Tajieva A., Abdigaparkyzy N. The role of multilingualism in the academic and career growth of youth in Kazakhstan	141
Gerfanova E.F., Rudik Z.F., Dalbergenova L.Ye., Nemtchinova E. Exploring english learners' readiness for intercultural communication and citizenship	151
Ермекова Т.Н., Ибраймова Л.Ә., Молдағали Б., Рыскулбек Д. Эффективность использования национальных брендов в обучении казахскому языку	159
Какимова М.Е., Кичикова Н.А., Сабиева Е.В., Нурсеитов А.С. Роль всеобщей организационной науки в освоении английского языка	169

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Ақтанова А., Танирбергенова А.Ш. Қазақстан Республикасындағы ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттырудың тиімді жолдары	179
Исмагулова А.Е., Черниговцева О.Я., А.Ж. Ахметова А.Ж. Консорциумы как инструмент улучшения качества иноязычного образования в Казахстане	187
Наши авторы	197

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

MFTAP 16.21.21

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp5-14](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp5-14)

Г.С. Ахметова

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ., 071411, Қазақстан Республикасы

АБАЙ ӨҢІРІ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ АНТРОПОТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада антропотопонимдердің көп жағдайда белгілі бір жерді ұзақ уақыт мекен еткен адамдардың, қоғамдағы тарихи тұлғалардың, көшбасшылардың есімі негізінде қалыптасатындығы қарастырылады. Осыған орай, кісі есімінің жер-су атауына ауысуы белгілі бір тарихи кезеңде адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты болып табылатындығы мысалдармен жан – жақты талданады.

Мақаланың мақсаты – Абай өңірі жер – су атауларының құрамында кісі есімі атауларынан қалыптасқан антропотопонимдердің басым келуі жерді меншіктеу, жер иесінің кім екенін нақты белгілеу мақсатында жасалған нақты қадам екенін анықтау. Сондай-ақ, бұл тұлғалар ұлт тарихында өзіндік сипатқа ие, аймаққа танымал, қоғамдық формацияға өзіндік үлес әкелген есімдер болып табылатындығын ашып көрсету. Олар тарихтың тереңіне үңілуге көмектесіп, қоғаммен, қоғамдағы саяси оқиғалармен тығыз байланыста болу арқылы өңір тарихында орын алады. Тарихта орын алған есімнің жер атауын беруі топонимнің тарихи негізін қалыптастырып қоймай, өңір тарихы мен жер-су атауларының арасына тығыз байланыс орнатады. Тарихта орын алған танымал тұлғалар атауларының өңір топонимиясында көптеп орын алуын өңір тарихында ақтабан шұбырынды кезеңінде орын алған елден кету, жерден айырылу оқиғасы себеп болғандығы мақалада баяндалады.

Кілт сөздер: ономастика, топонимика, антропономика, антропонимжасам, этнолингвистика, экстралингвистикалық фактор, лингвомәдениеттаным.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жалпы ономастика саласы қазақ тіл білімінде кенже ғылым болып есептеледі. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Әр зерттеуші ғалым өз тәжірибесі мен ой-тұжырымын ой елегінен өткізетіні анық. Мәселен, «Топонимдер орнына жұмсалатын антропонимдер басқа жер-су атауларындай тұрақты болып келмейді. Кісі есімдерінен жасалған топонимдер адамдардың отырықшыл, көшпелі тұрмысынан хабар беріп, топонимикалық номинацияның негізгі жолдарына сәйкес дамып отырады. Әсіресе бұл ерекшелік адам қызметін бейнелейтін топонимдерден көрінеді. Адам мен оның қызметінен туатын топонимикалық номинация антропотопонимдерді құрайтын жеке адамдардың есімдері, лақап аты, фамилиялары сияқты категориялармен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, этнотопонимдерді құрайтын халық, ұлт, тайпа атаулары мен генотопонимдерге негіз болатын ру-тайпа тармақтарының атауларымен де тығыз қарым - қатынаста болады» [1, 72]. Антропотопонимика саласының әлі де көп, жан-жақты әр қырынан қарастыру керектігін ескере келе, Абай өңірі жер-су атауларының көбі антропотопонимдер болғандықтан, олардың қалыптасуына негіз болған антропонимдерді қарастырудың маңызы өте зор деп есептейміз.

КІРІСПЕ

Жер-су атауларының құрамынан орын алатын антропонимдер – тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы. Антропонимика – адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік есімдерді зерттейтін сала. Антропонимиканың негізгі қарастыратын мәселесі антропонимдердің шығу тегі, даму заңдылығы, олардың құрылымы, жүйесі және басқа тілдердің антропонимдерге тигізетін әсері болып табылады. Тіл біліміндегі аталған салаға жүгіне отырып, жер-су атаулары құрамындағы кісі аттарына сипаттама беруге болады.

Тіл білімінде кісі аттарын М. Мусабаяева этнолингвистикалық таным тұрғысынан, Б. Әбдуәліұлы қазақ тіліндегі көне есімдерді және қазақ ономастикасындағы антропонимжасам мәселелері тұрғысынан, З.Жанғабылова етістік тектес антропонимдерді, Ж. Ағабекова араптектес кісі атауларының жасалу ерекшеліктерін, Н. Асылбекова антропонимдердің уәжділі және танымдық сипатын, Ф. Әшімханова қазақ антропонимдерінің лингвомәдени ерекшеліктерін және М. Әлімбаев қыпшақ тектес антропонимдеріне тарихи-лингвистикалық сипатын қарастырып, ғылыми тұжырымдар қалыптастырды. Қазақ антропотопонимдерінің қызметтік ерекшеліктеріне жасалған лингвомәдениеттанымдық талдаулардан байқағанымыздай, антропотопонимдердің пайда болуы мен жасалу тәсілдерінің өзі мәдени маңызға ие. Сонымен, антропотопонимдерді лингвомәдени тұрғыдан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады. А. Суперанская өз еңбегінде жалқы есімдердің зерттелу тарихына мұқият тоқталып: «Ономастикалық лексиканың өзіндік ерекшелігі лингвистикалық емес әдістермен айқындалатын аталушы нысандармен (объектілермен) тығыз байланыстығына орай олардың лингвистикалық құндылығы өздерінің әлеуметтік, тарихи, географиялық, экономикалық маңыздылығымен өлшенеді, ал тілдегі тағдыры экстралингвистикалық факторлармен анықталады» [2, 86] деген пікір айтады.

Осы мәселелер төңірегінде ой қозғаған тіл мамандарының еңбектері қазіргі кезде таптырмайтын құндылық болып отыр. Жалпы тіл білімінде А.В. Суперанская, Н.А. Никонов, В.А. Попова, В. Бартольд, В. Радлов, Н. Катанов, Э. Мурзаев және т.б. түркі тілінің ономастикасын, соның ішінде қазақ антропонимикасын қарастырған С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Ә. Керімбаев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов, Т. Жанұзақов, З. Жанғабылова, Ж. Ағабекова, А. Омарбекова, Ф. Әшімханова, М. Алимбаев, Б. Әбдуәліұлы және басқа ғалымдардың еңбектері асыл қазыналардың бірі болып табылады.

Тіл маманы Т. Жанұзақов есімдерді тарихи дәуірлерге бөлу принципін алға ұсынады. Автор қазақ антропонимдерінің даму тарихын 4 дәуірге бөліп қарастырады: 1) көне түркі заманын V-VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды; 2) орта ғасырларға тән кісі аттарын; 3) жаңа заманда XVII-XIX ғасыр; 4) қазан төңкерісінен кейінгі уақыттарда пайда болған антропонимдерді қамтиды [3, 223]. Ал «Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері» атты еңбегінде Б. Әбдуәліұлы қазақ тіліндегі кісі есімдерінің антропогенездерін, тарихи-лингвистикалық табиғатын, экстралингвистикалық табиғатын, сөзжасамдық қырларын зерделеп, қазақ тілінің ономастика саласын есімдер зерттеуімен толықтырды. Өз зерттеуінде автор қазақ есімдерінің қалыптасқан өзіндік жүйелі құрылымы бар екенін айта келе, белгілі бір кісі есімін қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қарастырады. Зерттеу нәтижесінде «антропонимжасам» атты сөзжасамның жеке дербес бір саласын қалыптастырды. Сондай-ақ, тілші: «...қарапайым сөздерден антропонимдердің жасалуы бар да, антропонимдердің сөзжасамдық қабілеті бар» [4, 10], дей келе, тіл тілде антропонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктеріне тоқталады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысына негіз болған тілдік материал ретінде әртүрлі карталарда орын алған географиялық нысан атаулары, сондай-ақ, М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы, Б. Исабаевтың «Ұлылар мекені» (2001), М. Жанболатұлының «Тобықты Шыңғыстау шежіресі» (2004), К. Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» (1976), т.б. шығармаларынан терілген топонимдік атаулар басшылыққа алынды. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, аналитикалық-интерпретативті талдау, сипаттау әдістері қолданылды. Көрсетілген әдіс-тәсілдер көзделген мақсатқа жету үшін зерттеудің белгілі бір кезеңінде қоланылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Жалқы есімдер адамдардың бір-бірін түсінуі және қарым-қатынас жасауы үшін өте маңызды. Антропоним (грек. *anthropos* – адам, *onyma* – есім, ат) – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары болса, антропонимика *антропонимдерді* зерттейтін онамастиканың тармағы. Сонымен бірге антропонимика әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің де аттарын зерттейді. Лингвистикада антропонимдердің жиынтығы *антропонимия* деп аталады [3, 25].

Антропонимдер адам есімдерін атауға байланысты болғанына қарамастан, мәдениет тарихымен, адам психологиясының ерекшеліктерімен, салт-дәстүрмен және т.б. көптеген құбылыстармен байланысты аттар категориясының өте қиын спектрін береді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тығыз байланыс бар.

Қазақ ономаст ғалымдары Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің пікірінше: «Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық жағдайы, қоғамдық құрылысы жөнінде мағлұмат береді» [5, 43].

Түркі халықтары оның ішінде Орта Азия халықтарының есімдері бір-біріне өте ұқсас келеді. Бұл халықтар діни ұғымдар негізінде балаларға ат қоюда табиғатқа бас ию сияқты әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Мысалы: *Құдайберген, Тәңірберген, Алдамжар, Аллаберген, Таңшолпан, Күнімай, Күнтуған, Айтуған, Аймереке, Қамарсұлу* т.б. кісі есімдері осындай жағдайдан келіп шыққан.

Бұл мәселеге қатысты кезінде Ш. Уәлиханов былай деп пікір айтқан болатын: «Ырым, яғни әдет-ғұрып алдын ала бір нәрседен хабар беру тұрғысында орындалатын салт-санаға тән». Мәселен, ұлды болмай, үнемі қыз көретін ата-ана өзінің соңғы туылған қызына *Ұлтуған, Ұлбала, Ұлжан, Ұлтуар, Ұлболсын, Ұлдай, Ұлданай, Ұлжалғас, Ұлмекен* деген есімдерді қоюы ұлды қастерлеу, жоғары бағалаудан, қыздың артынан ұл ерсін деген үміт-тілегінен туындаса керек» [6].

Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайын – сіңлілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстаған.

Түркітанушы Э. Мурзаев: «В названиях населенных мест наиболее часто присутствуют имена, фамилии, прозвища» [7,3] деп көрсеткеніндей, жер-су атауларының кісі есімімен аталуы Абай өңірі жер-су атауларының негізгі бөлігін құрайды. Антропонимдердің қойылуына сол жерді мекендеген немесе сол мекенге қатысты маңызды оқиға кейіпкерінің есімдері себеп болған. Жалпы өңір жер-су атауларының, соның ішінде антропонимдерінің дені ер адамдардың есімдерінен жасалған. Мысалы, *Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, Абай ауданы, Абай бұлағы, т.б.*

Бұл заңдылықтың өзі қоғамдық ортада ер адамдардың орны ерекше болғанын дәлелдеп, салмақты істердің ерлердің мойнында екенін көрсетіп, «ер мойнында қыл арқан шірімес» дегенді білдіретін, ер-азаматты қадірлеу, сыйлау, ардақтау психологиясының бір ұшығын танытқандай. Халық шығармашылығы елі мен жерінің қорғаны, тірегі санаған ер-жігіт, асыл-ұлдарын қасиеттеп, қадірлеген жер-су атауларының төркінімен де байланыстырады [8, б. 19].

Қазақ тілінде кісінің тегі (фамилия) XVIII ғасырдан бастау алады. Жалпы қазақ халқына орыс фамилияларының қосымшаларын қосып, мұндай фамилия алу үрдісі қазақ жерінің орыс патшалығының елімізді отарлай бастаған сонау XIX ғасырлардан басталса, Қазан төңкерісінен кейін жаппай бүкіл халыққа телінді [5, 466].

Зерттеу нысанамызда адамның түр-тұлғасы, мінез-құлық, іс-әрекетіне байланысты лақап аттар да топоним жасауға өз үлесін қосады. Лақап есімдердің мән-мағынасы анық, айқын келеді, әрі олар тез өзгеретін уақытша берілетін есімдер болғандықтан, сол заманның, қоғам тіршілігінің куәлары іспетті. Қазақ антропонимдері құрамы мен құрылысы және шығу тегі, этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық антропонимдердің бары – тарихи құбылыс. Бұл атаулардың бір тобы көне түркі тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, тағы бір тобы араб, парсы тілдерінен енгендер.

Көне түркі есімдерінен айға, күнге, хайуанаттарға, отқа, суға, т.б. табиғи құбылыстарға табыну дәстүрін асыл металл, қымбат тастар мен дәулет-байлықты дәріптеуді, аспан тәңіріне, мифологиялық құбылыстарға, бас ию салтын көреміз [9, 143].

Жалпы Қазақстан картасында да көп таралған атаулардың бірі – адам атына қойылған географиялық атаулар. Бірқатар жер-су аттары кезінде сол жерде мекендеген адамның атымен тікелей аталып, кейін топоним ретінде қалыптасып кеткен. Мұндай атаулар өте ертеден бері топонимдік жүйеде орын алып келеді. Көбінесе аталған атаулар сол жерді жаз жайлап, қыс қыстаған, иемденген адамдардың атына байланысты қалыптасады. Адам атының жер-су атауына ауысуы белгілі бір адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты болып табылады. Бұл топонимдер қатарында тарихта аты қалған белгілі тұлғалар есімі де, қарапайым адамдар есімі де кездеседі, сол сияқты кезінде өмір сүрген белгілі тарихи адамның түрлі атағымен аталатын топонимдер де ұшырасады. Мысалы, *Абыралы, Кеңгірбай би, Көкбай, Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, Әйгерім бұлағы, Тәкежан бұлағы, Жәнібек өзені, Жөкең құдығы, Абай-Ділдә бұлағы, Құнанбай құдығы, Шолпан бұлағы, Өтепбайдың Көкқұдығы* және т.б. атаулар «Абай жолы» роман-эпопеясында да кездесетін тарихи есімдер негізінде қалыптасқан атаулар екенін атап өтуге болады.

Абай өңірі жер-су атауларының құрамындағы антропонимдер жайлы сөз еткенде, ең алдымен, «Абай жолы» шығармасы ойға оралады. М. Әуезовтың энциклопедиялық туындысы – ел тарихы, жер тарихы, өңірді мекен еткен ру-тайпалар мен танымал, беделді тұлғалардың және т.б. көптеген жалқы есімдерден мол ақпарат беретін шығарма. Бұл ретте көркем шығарманың тілін зерттеуге негіз болған Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінің қазақ тіл біліміндегі этноантропонимия саласын қалыптастыруда маңызы ерекше [10]. Сонымен қатар, Э. Орынбетованың «М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық кеңістігінің лингвомәдени сипаты» атты ғылыми зерттеуі Абай өңірі жер-су атауларындағы антропонимдердің табиғатын айқындауда жол көрсетуші маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Қазақ тіліндегі антропонимдердің

лингвомәдени жүйесін қарастырған зерттеуші Ф. Әшімова, Е. Жанпейісовтың еңбегі негізінде Абай жолында кездесетін адам есімдерін өзара 1) Араб-парсы тілдерінен енген адам есімдері, 2) Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер, 3) Бек, бей, бай, мырза, сұлтан, хан, батыр, ер сөздерімен тіркескен есімдер, 4) Жан, тай, сөздермен тіркескен есімдер, 5) Қымбатты метал, ру атауына байланысты кісі есімдер деп топтастырады. Абай өңірі топонимдер жүйесінде орын алатын антропотонимдерді Ф. Әшімованың антропонимдерді топтастыру ерекшеліктеріне сүйене отырып топтастыруға болады. Біріншіден, 1) Жер-су атауларын қалыптастыруға негіз болған араб-парсы тілдерінен енген адам есімдеріне *Әбді, Әбдірайым, Әбділдә, Әбек, Әзберген, Әзмағанбет, Әбілпейіс, Әділ, Мансұр, Омар қыстауы, Әшім бұлағы, Арап болыс күмбезі, Мұсақұл төбесі* және т.б. атауларды жатқызуға болады. Қай тілдің болсын антропонимиялық қазына байлығын тек төл есімдер ғана емес, басқа тілден енген антропонимдер де құрайды және олардың жалпы антропонимиялық қордағы үлесі мол болады. Қазақ тіліндегі араб текті есімдер арабтардың мәдениетінің, салт-дәстүрінің және дінінің енуімен байланысты болып табылады. Зерттеуші Ж. Ағабекованың зерттеу мәліметтеріне сәйкес араб текті қазақ есімдерінің қазақ антропонимия қорындағы жалпы саны – 2000-нан аса, оның 1000-нан астамы ерлер, 900-дейі әйелдер есімін құрайды. Олардың тақырыптық аясын Алланың көркем есімдері және пайғамбарлар аттарына байланысты есімдер құрайды [11, 79-80]. Олай болса, Абай өңірі жер-су атаулары жүйесінде орын алған антропотопонимдер Алланың көркем есімдері және пайғамбарлар аттарына байланысты есімдерден, сондай-ақ, араб тілінен енген басқа да сөздерден жасалғанын аңғаруға болады. Мәселен, *арап, әулие, зират* сөздерінен қалыптасқан *Әулиебұлақ, Қоңырәулие үңгірі, Құнанқой зираты, Әулие Қалыбай асуы, Байтүгел Әулиенің күмбезі* топонимдері сөзімізге негіз бола алады. Екіншіден, 2) Өңір топонимдерінің қалыптасуына Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер негіз болады. Мәселен, *Айбас, Айым, Айтуған қажының зираты, Айбала, Айбек, Айтқазы, Айтуған, Нұрлан, Нұрбике, Күнишақ, Күнишақ асуы* және т.б. атаулар. Мұндағы бірінші негіз ай, нұр, күн сөздері болып табылады. Алайда топоним қалыптастыруда кісі атауының құрамындағы сөздер емес, кісі атының иесі және оның қоғамдағы орны негіз болса керек. Үшіншіден, 3) Бек, бей, бай, мырза, сұлтан, хан, батыр, ер сөздерімен тіркескен есімдер Абай өңірі жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған. Мысалы: *Бекбосын, Бегалы, Бегалин, Байғара, Байбол, Байрақым, Байарыстан, Байдәулет, Байсейіт, Байқошқар, Бейсенбай қарағаны, Мырзакелді* және т.б. антропотопонимдер құрамында бай, бек, мырза сөздерінің қатысуымен жасалған. Аталған жер-су атауларының адам есіміне қатысты қалыптасқанына қарамастан, қалыптасу кезеңі әр алуан екенін аңғаруға болады. Мәселен, *Байқошқар* атауы әуел баста кісі есімі болғанымен, кейін жер атауын қалыптастыруға қызмет атқарған. Яғни өңірде орын алатын Байқошқар зираты, Байқошқар өзені, Байқошқар жері жоңғар шапқыншылығы заманында танымал болған батыр есімімен байланысты болып келеді. *Байқошқар* – жоңғардың бір батырымен жекпе-жекке шығып екеуі де қаза табады. Атаудың адам есімімен байланысты берілген екендігі халық арасында тілге тиек етіледі. Бұл кісі есімінен қалыптасқан атау жайлы мәліметтер «Абай жолы» шығармасында да орын алады. Мысалы: «*Абай да бұрыңғы жылдар осы Көлқайнардан, сонау алыс, сырттағы Байқошқар өзеніне жеткенше он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндей көретін*» [12,39]. Сондай-ақ жазушы К. Оразалин шығармаларында да Байқошқар атауына ие жер-су, тау аттарынан мысалдар кездестіруге болады. Мысалы: «*Айдыны шалқар кең байтақтар қасқайып, алыста Бақанас, Байқошқар биіктері біз мұңдалайды*» [13, 148]. Төртіншіден, 4) Жан, тай, сөздермен тіркескен есімдер өңір жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған. Мысалы: *Ақыжан, Әміржан, Айтжан, Жанқара, Үкіжан, Дүйсетай бұлағы, Пұшантай бұлағы* және т.б. Жан, тай тіркесінде келген кісі есімдері жер атымен қатар гидроним атауларын беруге қатысқан. Бұл жағдайда кісі есіміне *бұлақ* географиялық термині тіркесіп отырған. Бұндай форма басқа да гидронимдік атауларда қолданыс тапқан. Бесіншіден, 5) Ру атауына байланысты кісі есімдер Абай өңірі жер-су атауларының жасалуына негіз болған. Мәселен, *Әтей, Байел, Байшора сайы, Бөкенші, Буратиген, Есболаттың Қарасуы, Жөкең*

құдығы, Жігітек ауылы, Көпбәкең, Көтібақтың қарасуы, Керей қонысы, Қойсары, Мотыштың ақшиі, Мотыш ауылы, Тобықты жайлауы, Топайдың қызылы, Төртқара, Уақтың Арқалығы, Сарша биігі, Сақтың көлі, Даданды және т.б. Аталған жер-су атауларының барлығы дерлік аталған өңірді өте ерте замандардан мекен еткен ірілі-ұсақты ру-тайпа атауларынан қалыптасқан. Ру-тайпа атауларынан қалыптасқан жер-су атауларының барлығы дерлік жерді меншіктеу, шекара белгілеу мақсатында қалыптасса керек.

ТАЛҚЫЛАУ

Жалпы Абай өңірі жер-су атауларының құрамындағы антропотопонимдердің топонимге айналуының негізгі үш түрі бар. Соның біріншісі жеке адам аттары детерминизация үдерісін басынан кешіріп, жер-су атауының орнына жұмсала бастайды. Мысалы: *Абұйырбай, Ағали, Айбала, Айбек, Абралы, Кеңгірбай би, Көкбай, Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Ескене, Жексен, Айтуған, Айдарбай, Айпара, Айтқазы, Ақметбек, Әбді, Әлпейіс, Әзберге, Сүлеймен, Тазабек, т.б.* Бұл типтес атаулар көп жағдайда жерге иелік еткен адамның есімінен байланысты болады. Көшпелі тұрмыс салтын ұстанған сахара қазағы жазын жайлауға, күзде күзеуде, қыста қыстауға көшіп қону барысында әрбір жайлау, қыстау, күзеу жерлерді сол жерді жайлаған адамның атымен атап отырған. Ондағы мақсат шекара белгілеу, біреуі иелік ететін жерге екінші бірі баса көктеп кіреу үшін, бәлембайдың күзеуі, түглембайдың жайлауы деген қолданыс сақталған. Адам атымен аталған жерлер уақыт өте келе бекіп, сол жерге топонимдік атау болып қалып қояды. Яғни көріп отырғанымыздай, жеке кісі атынан қалыптасатын атаулар көп жағдайда жер иелік етумен тығыз байланысты болады.

Адам есімімен берілетін атаулардың екінші түріне белгілі бір географиялық терминмен немесе есім сөзбен тіркесте келетін күрделі атауларды жатқызуға болады. Мысалы: *Кеңгірбай би, Әнеттің ақшиі, Бабахан қырманы, Бажек адыры, Байшора сайы, Бақай бұлағы, Балтаның тасқұдығы, Барлыбай өзені, Бейсенбай қарағаны, Бөкенші өзені, Ералы жазығы, Ербол қарағаны, Есболаттың қарасуы, Жәнібек өзені, Жексенай жырасы, Керей қонысы, Қанай қарағаны, Мамай батыр мазары, Оспан көл, Пұшарбай, Өтегүл бұлағы, Рамазан, Сәдіхан бастауы, Сая қорасы, Серғазының қара жалы, Тәкежан Қасқабұлағы, Үркімбай бейіті, Шолпан бұлағы, Наманай бейіті, Нұртаза, Олжайдың аққұдығы, Оразбек қорасы, Ысқақ Қасқабұлағы, т.б.* Аталған мысалдардан көріп отырғанымыздай, адам есімдері ақши, сай, адыр, қырман, бұлақ, тасқұдық, өзен, қараған, жазық, қарасу, жыра, қоныс, мазар, бастау, қора, бейіт, аққұдық, қасқабұлақ тәрізді сөздердің тіркесінде келген, күрделі антропотопонимдер болып табылады. Бұл типтес атаулардың күрделі құрамын анықталушы, анықтауыштық қатынаста келген сөз тіркестерінен қалыптасқандығын аңғарамыз. Яғни о баста белгілі бір жердің ерекшелігі ретінде адам есімін қолдану тәсілі десек те болады. Мәселен, бұл жай қараған өскен жер емес, Бейсенбайға тиесілі жерде өскен қараған, не болмаса, бұл жай жыра емес Жексенай жырасы. Яғни бұл жыра Жексенайдың жерінде орналасқан, не болмаса, жырада Жексенайға қатысты белгілі бір оқиға орын алса керек.

Адам есімімен берілетін атаулардың үшінші түріне міндетті түрде негізінде белгілі бір оқиға жатқан атауларды жатқызамыз. Мысалы: *Қодарқұлаған құз, Өтепбайдың Көкқұдығы, Мамай батыр мазары және т.б.* Бұл атаулардың мағынасынан міндетті түрде өңірде орын алған оқиғаның белгісін көреміз. Атап айтқанда, Қодарды құлатып өлтірген құз, уақыт өте келе дәл осылай аталып кеткен. Не болмаса, Өтепбай деген адамның қазып, орнатып, сыртына орнатқан ағашын көкпен бояп қоюына байланысты Өтепбайдың Көкқұдығы аталып кеткен.

Абай өңірі жер-су атауларының құрамында антропотопонимдердің көптеп кездесуі өңірдің тарихымен, өңірдің мекен еткен халықтың басынан кешірген көш тарихымен тығыз байланысты деуге болады. Себебі, өңір тарихына көз жүгіртсек, моңғол шапқыншылығының іздері, жоңғар шапқыншылығының іздері айқын байқалады. Аталған зұлматтан халықты

аман алып қалып мақсатында жерді-елді тастап көшуге мәжбүр болған қазақ халқы бір ғасырға жуық уақыттан соң туған жерге оралғанда туған топырақтан тағы айырылып қалмау мақсатында елге танымал тұлғалар, халық алдында беделді азаматтар мен өңірді мекен еткен ру-тайпа атауларын жер атауларына берсе керек. Бұдан жалпы Абай өңірі жер-су атауларының антропотопоним және этнотопонимдерден тұратынын аңғарамыз. Мәселен, қарапайым адам аттарынан қалыптасқан *Арап, Әбді, Әбдірайым, Әбділдә, Әбек, Әзберген, Әзмағанбет, Әбілпейіс, Әділ, Әмзе, Әлім, Әмірғали, Әміржан, Әтей, Бақай, Бекбосын, Берікбай, Әзімбай, Әтей, Байғара, Байбол, Байрақым, Барлыбай, Бозамбай* және т.б. көптеген атаулар кез келген кісі есімін білдіреді. Ал өңірді мекен еткен ірілі-ұсқаты ру-тайпа атауларынан қалыптасқан *Әтей (Тоқтамыс а.о.), Байел (Көкбай а.о.), Байшора сайы (Архат а.о.), Бөкенші (Кеңгірбай би а.о.), Буратиген (Көкбай а.о.), Есболаттың Қарасуы (Қасқабұлақ а.о.), Жөкең құдығы (Кеңгірбай би а.о.), Жігітек ауылы, Көпбөкең (Қасқабұлақ а.о.), Көтібақтың қарасуы (Қасқабұлақ а.о.), Керей қонысы, Қойсары, Мотыштың ақиші (Саржал а.о.), Мотыш ауылы, Тобықты жайлауы, Топайдың қызылы (Кеңгірбай би а.о.), Төртқара (Архат а.о.), Уақтың Арқалығы (Қасқабұлақ а.о.), Сарша биігі (Қасқабұлақ а.о.), Сақтың көлі (Қасқабұлақ а.о.), Даданды және т.б.* осы тәріздес атаулар мақсатты түрде қойылған атаулар деп білеміз. Оның астарында жерді меншіктеу, мөр басу тәрізді үрдіс бар деп ұғынуға болады. Жер-су атауларында кездесетін әрбір этноним сол өңірдің өткен тарихынан мәлімет беріп отыратын қайнар бұлақ болып табылады. Мәселен, осы көрген атаулардан біз, аймақты ежелден бері Жігітек, Тобықты, Мотыш, Топай және т.б. көптеген танымал, танымал емес ру-тайпа өкілдерінің мекендеген ата-жұрты екендігіне көзімізді жеткіземіз.

Сондай-ақ, өңір антропотопонимдерін сыртқы формасына қарап оны құрамына қарай да ажырату мүмкіндігі бар екенін аңғаруға болады. Өзінің күрделі құрамына қарай Абай өңірі антропотопонимдерін төмендегідей топтастырдық:

Абай ауданы бойынша бір компонентті атаулар – *Абүйірбай, Ағали, Айбала, Айбек, Айдарбай, Айтқазы, Айтұған, Ақтамбек, Ақыжан, Асылбек, Алпысбай, Арап, Әбді, Әбдірайым, Әбділдә, Әбек, Әзберген, Әзмағанбет, Әбілпейіс, Әділ, Әмзе, Әлім, Әмірғали, Әміржан, Әтей, Бақай, Бекбосын, Берікбай, Әзімбай, Әтей, Байғара, Байбол, Байрақым, Барлыбай, Бозамбай, Есенбай, Жасар, Жидебай, Зұлпатаң, Кәжік, Қанай, Пұшарбай, Садықан, Үйсінбай, Кеңгірбай, Ақымбет, Алишынбай, Есқожа, Есенбай, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Ескене, Жексен, Желдібай, Құстаубай, Сүлеймен, т.б.*

Абай ауданы бойынша екі компонентті атаулар – *Абай ауданы, Абай бұлағы, Абай Қасқабұлағы, Ағыбай қорасы, Ақметбек қорасы, Ақылбай зираты, Ақмағамбеттің ақишоқысы, Ақтанбек күзегі, Ақылбай қыстауы, Ақылбайдың тасбастауы, Әйгерім бұлағы, Әйгерім қарағаны, Әлібек бұлағы, Әйнекбай қойтасы, Әлім сайы, Әнеттің ақиші, Әшім бұлағы, Әтей биігі, Бабахан қырманы, Бажек адыры, Базаралы кесенесі, Байқошқар өзені, Бақай бұлағы, Балтаның тасқұдығы, Балағазы жартасы, Бейсенбай қарағаны, Жүніс бұлағы, Жексенай жырасы, Зұлғарыш қыстауы, Икенің қорасы, Кеңгірбай мазары, Көкбай ауылы, Қанай қарағаны, Қарашаның қойтасы, Пұшарбай бұлағы, Ералы жазығы, Ербол қарағаны, Ерке қарағаны, Жауынбай бұлағы, Жәнібек өзені, Жанай қарағаны, Жөкең құдығы, Көкбай мазары, Көкбай ауылы, Көкбай бұлағы, Қақабай аққұдығы, Қарибала төбесі, Құнанбай қорығы, Құнанбай құдығы, Құнанқой зираты, Мұсақұл төбесі, Шәкәрімнің қайындысы, Шолпан тауы, Ысқақ Қасқабұлағы, Тоқтамыс ауылы, Күлмен сайы, Қыдыш құдығы, Оспан көл, Есенбай жырасы, Есіргеміс бұлағы, Өтепбайдың Көкқұдығы, т.б.*

Абай ауданы бойына үш компонентті атаулар – *Абай- Шәкәрім кесенесі, Абай – Ділдә қыстауы, Ағыбайдың ақ биіті, Абыралы Қажының биіті, Айпара Ана мазары, Айтұған қажының зираты, Ақтанберді жырау мазары, Алаш Қозыбағаровтың зираты, Арап болыс күмбезі, Ақметбек қыстау орны, Аяған – Үбіғали қыстауы, Әлмағанбеттің қара бұлағы, Әнет баба ескерткіші, Әнеттің қызыл шоқысы, Әулие Қалыбай асуы, Байтүгел Әулиенің күмбезі, Бақай батырдың бұлағы, Бекей – Шекей қорасы, Берікбай Бақсы ілігі,*

Берікболдың қызыл шілігі, Бозамбайдың тасты құдығы, Бурахан Қажының бейіті, Еңлік – Кебек мазары, Ермек Ана зираты, Ешен Әулие кесенесі, Жаңбырбайдың ақ топырағы, Жұмабек дәрігер басы, Жұмамбай Қажының бейіті, Ике биігіндегі петроглифтер, Кеңгірбай Би ауылы, Кеңгірбай Би мазары, Күйісбайдың шұбар құдығы, Қалидың қара биігі, Қапақ батырдың биіті, Қуандық батыр кесенесі, Еренайдың ақ биігі, Жақияның тас құдығы, Қондыбайдың қара биігі, Мамай батыр мазары, Оразбайдың қара суы, Шәкәрім саят қорасы, Ықия батырдың зираты, т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, әрбір атау – тарихта тұнып тұрған уәжді, мағыналы символ. Мұндай ұлттық-рухани байлығымыз болып саналатын жер-су атауларын зерттеу қажеттілігі жоғарыда аталған уақыт талабынан туындап отыр. Өңір жер-су атауларының басым бөлігін адам есіміне байланысты атаулар құрайтындығын байқадық. Оның ең бірінші себебін аталған өңірдің жерлерін меншіктеу мақсатында жер-су атауларына адам есімі берілді деген пікірдеміз. Абай облысы жер-су атауларын қалыптастыруда антропотонимдерге басымдық берілгенін, өңір атауларының 70-75 пайызға жуығы кісі есімінен қалыптасқандығына көзіміз жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі: Монография. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. – 250 б.
- 2 Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 300 с.
- 3 Жанұзақов Т. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым.– 1989. – 256 б.
- 4 Әбдуәліұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана Полиграфия, 2012. – 320 б.
- 5 Жанұзақов Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, – 2004 – 192б.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / Ч.Ч.Валиханов. Под ред.акад.АН КазССР А.Х.Маргулана, – Алма-Ата: – 1958. – Т.1., 163 б.
- 7 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва: Наука, 1974. – 382 с.
- 8 Әлімхан А., Ахметжанова Ф.Р. Қазақ шығысының жер-су атаулары /А.Әлімхан, Ф.Р.Ахметжанова. – Өскемен: – 2000. – 104 б.
- 9 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304б.
- 10 Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (наматериалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 175 б.
- 11 Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. дисс.. –Алматы, 2005. – 131 б.
- 12 Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 1990. – Бірінші кітап. Абай.
- 13 Оразалин К. Алтын тамыр. Шығыс Қазақстан қаламгерлерінің кітапханасы. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 201 б.

Материал 30.06.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Erzhanova U.R. Batys Kazakstan oblysynyn onomastikalyk kenistigi: Monografiya. – Oral: M.Otemisov atyndagy BKMU RBO, 2018. – 250 b. [in Kazakh]
- 2 Superanskaya A. V. Obshchaya teoriya imeni sobstvennogo. – M.: Nauka, 1973. – 300 s. [in Russian]

- 3 Zhanuzakov T. Ortalyk Kazakstannyn zher-su attary. – Almaty: Gylym.– 1989. – 256 b. [in Kazakh]
- 4 Abdualiyly B. Kazak antroponimzhasamy: teoryalyk zhane praktikalyk negizderi. – Astana: Astana Poligrafiya, 2012. – 320 b. [in Kazakh]
- 5 Zhanyzakov T., Rysbergen K. Kazak onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. – Almaty: Aziya, – 2004 – 192 b. [in Kazakh]
- 6 Valihanov Ch.Ch. Izbrannye proizvedeniya / Ch.Ch.Valihanov. Pod red.akad. AN KazSSR A.H. Margulana, – Alma-Ata: – 1958. – T.1. – 163 b. [in Russian]
- 7 Murzaev E.M. Ocherki toponimiki. – Moskva: Nauka, 1974. – 382 s. [in Russian]
- 8 Alimhan A., Ahmetzhanova F.R. Kazak shygysynyn zher-su ataulary / A. Alimhan, F.R. Ahmetzhanova. – Oskemen, 2000. – 104 b. [in Kazakh]
- 9 Kajdar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri: Aktual'nye voprosy kazahskogo yazyka. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304b. [in Kazakh]
- 10 Zhanpeisov E. Etnokul'turnaya leksika kazahskogo yazyka (namaterialah proizvedenij M.Auezova). – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 175 b. [in Russian]
- 11 Agabekova Zh. Kazak tilinde kalyptaskan arab tekti kisi attarynyn etnolingvistikalyk sipaty. Filol. gylym. diss.. – Almaty, 2005. – 131 b. [in Kazakh]
- 12 Auezov M.O. «Abaj zholy» roman-epopeyasy, 1990. – Birinshi kitap. Abaj. [in Kazakh]
- 13 Orazalin K. Altyn tamyр. Shygys Kazakstan kalamgerlerinin kitaphanasy. – Almaty: Kazakparat, 2008. – 201 b. [in Kazakh]

Лингвистический характер антропотопонимов в ономастике Абайского района

Г.С. Ахметова

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, 071411, Республика Казахстан

В данной статье рассматривается специфика антропотопонимов, отраженных в географических наименованиях и сформированных в большинстве случаев на основе имен людей, занимавших важное место в истории общества. В работе всестороннему анализу подвергаются топонимические наименования, связанные с местообитанием человека в определенный исторический период.

Цель статьи – определить, является ли преобладание антропотопонимов, образованных от имен людей, в составе топонимических наименований Абайской области, важным шагом в целях четкого установления конкретной личности, отраженной в топонимической номинации.

Автор статьи ставит целью также рассмотреть имена личностей, сыгравших большую роль в историческом развитии общества, и внесших значительный вклад в его становление. Такой подход к выявлению специфики антропотопонимов позволяет заглянуть в глубины исторического прошлого, понять характер тех или иных общественно - политических событий. Анализ антропотопонимов позволяет в то же время осмыслить их непосредственную историческую основу, установить тесную связь между историей региона и топонимическими номинациями.

В статье отмечается, что наибольшее место в топонимии региона занимают имена личностей, ставших известными в период великого бедствия в истории казахского общества - джунгарского нашествия.

Ключевые слова: ономастика, топонимика, антропономика, этнолингвистика, экстралингвистический фактор, лингвокультурология.

Материал поступил в редакцию журнала 30.06.2023 г.

Linguistic characteristics of anthropotoponyms in the onomastics of the Abay region

G.S. Akhmetova

«Alikhan Bokeikhan University», Semey, 071411, Republic of Kazakhstan

This article considers that in most cases anthroponyms are formed on the basis of the names of people, historical figures of society, leaders who lived in a certain place for a long time. In this regard, the fact of changing a person's name to a toponym related to the place of residence of a person in a certain historical period is comprehensively analyzed using examples in the article.

The purpose of the article is to find out whether the predominance of anthroponyms formed from personal names in the toponymy of the Abay region is a real step taken to establish the right of ownership of the land, to determine who is the owner of the land. Also to clarify that the names of these individuals have their own character in the history of the nation, known in the region and have contributed to social development. They take place in the history of the region by helping to dive deeper into history and by being in close contact with society and political events of the country. Giving a name to a place existing in history does not only form the historical basis of the toponym, but also establishes a close connection between the history of the region and the names of places. The article describes the fact that the names of well-known people who left traces in history appear in the toponymy of the region in large numbers in connection with the event of departure from the country and the loss of land, which occurred in the turbulent period in the history of the region.

Key words: onomastics, toponymy, anthroponomics, anthroponomy, ethno linguistics, extra linguistic factor, linguistic and cultural studies.

Received: 30.06.2023

XFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp14-21](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp14-21)

А.А. Букаева¹, Г.О. Сыздықова²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

²ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЗАҢГЕРЛІК ДИСКУРСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуына негіз болған дереккөздер сараланып, қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуына негіз болған халқымыздың әдет-ғұрып нормалары қарастырылады. Олардың заңгерлік ерекшеліктері адамгершілік нормалары тұрғысынан ашылады. Қазақ даласындағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуындағы билер рөлі мен қызметі анықталады. Қазақ заңгерлік дискурсында билік айтудың басты мақсаты әділ кесім жасау және екі жақты татуластыру ретінде зерделенеді. Қазақтың заңгерлік дискурсының қалыптасуына хандық дәуірдегі әдет-ғұрып нормалары, Дала заңдарына Шыңғыс ханның «Жасағы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» және Тәуке хан дәуірінде қабылданған «Жеті жарғы» заңдары негіз болған. Қазақ заңгерлік дискурсындағы «Бітім», «Береке», «Салауат» ұғымдары әділ кесім жасаудың қоғамдық негіздері болды. Қазақ заңгерлік дискурсының мазмұнында ел бірлігін, адамгершілікті сақтауға бейімделген ережелер басым болды.

Кілт сөздер: қазақ заңгерлік дискурсы, әдет-ғұрып нормалары, құқықтық мәдениет, дала заңы, би, билік кесім, билер соты.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Біздің зерттеуіміз жоғарыда айтып өткендей, қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуына негіз болған халқымыздың әдет-ғұрып ережелері жан-жақты қарастырылып, олардың ерекшеліктерін адамгершілік нормалары тұрғысынан зерделеп, анықтау мақсатында тарих беттеріне шолу жасалып, қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының би туралы пікірлері басшылыққа алынды. Сол сияқты ежелгі қазақ әдет-ғұрып нормаларының құқықтық ерекшеліктерін саралап көрсеткен ғалым Салық Зимановтың «Қазақ құқығын бағалау тарихы» еңбегіне сүйене отырып, қазақ даласында билік айтудың басты мақсаты әділ кесім жасау және екі жақты татуластыру – қазақ заңгерлік дискурсының негізгі ерекшелігі екендігін таныту зерттеуіміздің басты мақсаты болды.

КІРІСПЕ

Қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасу тарихы ежелден бастау алады. Қазақ халқының көшпелі тұрмысына қолданылған заңгерлік дискурс адамгершілік ұстанымдарға негізделген әдет-ғұрып нормалары бойынша қалыптасты.

Халқымыздың әдет-ғұрып нормалары – ұлттық дүниетаным көрінісі, әрі құқықтық мәдениеттің іргетасы. Қазақ халқы үшін ең негізгі құндылық – ар екендігі. Сондықтан атадан қалған «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген даналық сөздер бұған дәлел бола алады. Қазақ халқының көшпелі шаруашылығы негізінде қалыптасқан құқықтық мәдениеті қазақ халқының өзіндік болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне сай келетін әдет-ғұрып нормаларынан басталады. Қазақ заңгерлік дискурсының тарихын зерделеуде халқымыздың есте жоқ ескі заманда қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жол-жора, үкім-кесімдерінің мазмұнындағы құқықтық өлшемдерін айтпай кетуге болмайды [1, 23].

Дана халқымыз «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп жай айтпаған, алайда қазақ халқының әдет-ғұрыптарына негізделген дала заңының ұзақ уақыт қоғам сұранысын қанағаттандыруы, еркіндік, бостандық, теңдік, әділдік сияқты адамгершілік категорияларын басшылыққа алуы, оның өзіндік ерекшелігі болып табылады. Сондықтан да тарихта қоғамдық құрылыстың дамып не құлдырауына қарамай, құқықтық мәдениеттің беделі мен қызметі құлдырамай, өз өміршендігін көрсете алды [2, 10]. Демек, құқықтық мәдениеттің қалыптасуына адамгершілік нормалары негіз болса, белгілі бір қоғамның дамып, өркендеуіне қоғам мүшелерінің ар-ұят, намыс, абырой сияқты адами құндылықтарды берік ұстануы себеп болады. Қоғамдағы бұл құндылықтар әділ қоғамды қалыптастыратыны белгілі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ даласындағы заңгерлік дискурстың мазмұны халықтың тіршілік көзі, ата кәсібінде аса маңызды рөл атқаратын жер-су, көші-қон, жеке меншікті (малды таңбасымен және т.б.) анықтау, ел ішіндегі қоғамдық қатынастардың барысында туындайтын түрлі дау-дамайды жіктеп көрсету, жаза түрлерін анықтау, құн мен айып төлеу мөлшерін белгілеу, отбасы қатынасын реттеу, сондай-ақ, жеке тұлғаны құқықтық және адамгершілікке тәрбиелеу шаралары қамтылған.

С.З.Зиманов «Қазақ құқығын бағалау тарихы» еңбегінде ежелгі қазақ әдет-құрып нормаларының құқықтық ерекшеліктерін саралап көрсетеді:

1. Бірқатар ережелерде феодалдық қоғамның қалыптасуының ежелгі сатыларының қауымдық-рулық құрылымының элементтері сақталған ерте феодалдық қатынастардың көрініс алуы;

2. Әлемге белгілі әдет-ғұрып құқық жүйелерінің көпшілігіне қарағанда қазақ Дала заңдарында «халықтық» демократиялық институттар мен қағидалардың басым сақталуы;

3. Қазақ ата заңдарының құрамындағы хандар мен әйгілі билердің атымен енген ережелердің орын алуы;

4. Қазақ Дала заңдары бойынша дау-дамайлар азаматтық, қылмыстық істер болып бөлінбеуінің тарихы мен себептері;

5. Басқа елдерде қолданылатын бас бостандығынан айыру, түрмеге, зынданға жабу, дене мүшелерін жарақаттау сияқты қатаң жазалардан қазақ Дала заңының бейхабар болуы [3, 64 б].

Ежелгі қазақ әдет-ғұрыпына негізделген дала заңының құқықтық мазмұны өз заманындағы басқа елдердің заңгерлік дискурсымен салыстырғанда халықтық, демократиялық сипатымен ерекшеленеді.

Дала Заңында билік пен бидің әділдікті берік ұстануы, заңның бәрінен жоғары тұруы, қоғам мүшелерінің заң мен билікті сыйлауына негіз болды. Құқықтық мәдениетті қалыптастырды. Қазақ қоғамында басқа елдермен салыстырғанда ел алдында азаптап өлтіру жазасы, бас бостандығынан айыру сияқты жазаларды іске асыратын зындан мен түрменің болмауы қазақ заңгерлік дискурсындағы адамгершілік және демократиялық сипаттың айғағы болып табылады.

Қазақ даласында заңгерлік дискурстың қалыптасуында билер институты маңызды рөл атқарды. Көшпелі қазақ қоғамындағы билер дау-жанжалды шешуде әділдігімен ел ішінде танымал болды. Дау-жанжалды шешу барысында бидің айтқан билігі, шығарған шешімі бұлжытпай орындалатын болған. Бұл туралы қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов былай дейді: «Билердің беделі Европадағы ақындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне байланысты болған. Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған» [4,93]. Демек, қазақ қоғамында би атану үшін әдет-ғұрыпты жетік білу әрі шешендік қабілеті болуы тиіс. Ш.Уәлихановтың би туралы пікірін қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде былайша сабақтайды: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Өз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек, һәм ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді...» [5, 10-11]. Яғни, би атанған адамның дала заңын терең меңгеруімен қатар шешендік өнерінің болуы маңызды болғандығын аңғарамыз. Ш.Құдайбердіұлының «Би һәм билік туралы», Ә.Бөкейхановтың «Тағы да һәм билік туралы» деген мақаласы қазақ заңгерлік дискурсының даму жолын анықтауда маңызы зор. Ш.Құдайбердіұлы қазақ заңгерлік дискурсының тарихына үңіліп, қазақтың «қазылған қара жолдай» айқын билік-кесімдерінің қоғамдық қатынастарды реттеудегі маңыздылығын саралай келе, қоғамның «орыс заңына қарағандықтан» қазақтың сара жолы мүлде көмескіленіп, маңыздылығынан айырыла бастағанын көрсетеді. Егер де дала заңының кейбір ереже қағидаларын сұрыптап алса, өз заманының талабына, қазақ тұрмысына сәйкес келетінін көрсетеді [6, 193]. Ал Ә.Бөкейханов өз мақаласында қазақ даласындағы би тұлғасын зерделейді. Би еліне адал қызмет ету үлгісі ретіндегі оның тағдыры, билік жасаудың қиындығы мен күрделілігі туралы айта келіп, биді орыс қоғамы тудырған орыс судьясымен салыстыра отырып, оған құлақ асу керек пе, не болмаса шарият жолын берік ұстау керек пе деген мәселені көтереді. Әрі қазақ қоғамындағы алқабилер соты туралы да ақпарат береді [7].

НӘТИЖЕЛЕР

Демек, қазан төңкерісіне дейін халық сотының алдында билер бірі талапкердің, екіншісі айыпкердің сөзін сөйлеген, ал үшіншісі – төбе би болып төрелік – қалыстық сөз айтқандығын аңғарамыз. Қазақ биінің моральдық-құқықтық мәртебесі халықтың «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты. Қазақ заңгерлік дискурсында билік айтудың мақсаты – әділ кесім жасау және екі жақты татуластыру. Қазақ қауымында ертеден қалыптасқан билер соты ел ішіндегі дауды әділ шешіп, екі жақты мәмлеге келтіріп, реттеу қазақтың шешендік өнерін дамытты әрі заңгерлік дискурстың қалыптасуына негіз болған. Қазақ әдет-ғұрыпына негізделген көне заңгерлік дискурсы «әдет-ғұрып», «ата-баба жолы», «ата салты», «жол-жоба», «жөн-жосық», «ата-баба реттері» деген атаулармен айтылып келді.

Қазақ даласындағы қылмысқа ұрлық жасау, адамға қарсы жасалған қауіпті әрекеттер жатқан. Адам өлтірген қылмыс билер сотының шешімі бойынша жазаланса, мал ұрлығына барымта қолданылған. Дала заңындағы ауыр жаза қылмыскерді халық алдында масқаралау, елден қуу (жер аудару) болды.

Билер сотында қарастырылған дау, қылмыстық іс-әрекеттер ашық, куәлердің қатысуымен шешілген. Сот процесін ашық өткізудің тәрбиелік мәні ерекше болды. Мысалы, ата-анасын ренжіткен баланы қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды аралатқан. Жазаның өтелу барысында халық қылмыскердің бетіне түкіріп, ұрып-соққан. Бұл жастарға өмір бойы сабақ болған, ата-ананы сыйлаудың көрнекі үлгісі болған.

Азаматтық және қылмыстық істердің билер сотында қарастырылуы заңдылық пен әділдікке сүйеніп жүргізілді, қоғамдық ой мен ұлттық сананы дамытты. Бұл көшпелі қазақ қоғамының руаралық байланыстарды күшейтті, мемлекеттік басқару қатынастарын нығайтып, қазақ болмысында шыншылдық, әділдік және адалдық секілді моральдық құндылықтарды қалыптастырды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуына хандық дәуірдегі әдет-ғұрып нормаларымен қоса, Дала заңдарына Шыңғыс ханның «Жасағы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» және Тәуке хан дәуірінде қабылданған «Жеті жарғы» заңдары негіз болды.

Алтын орда тұсында туған Шыңғыс ханның «Жасақ» заңы ұлан-байтақ мемлекетте қоғамдық қатынастарды реттеуді көздеді. Бұл заңның мазмұны жаза қаталдығымен ерекшеленеді. Заң баптарында әскер, салық, тәртіп мәселелеріне басымдық берілгені байқалады. Қазақ даласында пайда болған атақты заң жүйесінің бірі – Қасым ханның билігі тұсындағы «Қасқа жол» заңы еді.

Қасым ханның «Қасқа жолы» заңында қылмыстық, неке және отбасы, меншік, мұрагерлік салалары жатады. Бұл дискурста қарастырылған қылмыстар қазіргі азаматтық құқық саласына жатқызуға болады. Демек, аты аталып, түсі түстелмесе де сол кездің өзінде қазақ даласында азаматтық құқық және қылмыстық құқық қалыптасып, өзіне тиісті қызметін атқарған.

Қасым ханның «Қасқа жолы»:

- мүлік заңын (жер, мал, мүлік даулары);
- қылмыстық заңды (ұрлық, адам өлтіру және т.б.);
- әскери заңды (аламан міндеттемесін, ер құны, қара-қазақ және т.б.);
- елшілік жораларды (майталмандық, шешендік, сыпайылық, әдептілік, халықаралық қарым-қатынас);

- жұртшылық заңын (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл және т.б.) қамтыған [8, 278].

Қасым ханның тұсында қылмыскерлер билер сотының үкімімен жазаланған.

Қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасу тарихындағы заң жүйесінің бірі – Есім ханның «Ескі жолы».

Есім ханның «Ескі жолы» Шыңғыс ханның «Жасақ» үлгісіне жақын, әскери мәселелерін қамтыған тәрізді. Қазақ хандығының мемлекеттік жүйесі, өзіндік құрылымы, ел билеу жорасына арналған азаматтың және құқықтық ережелер жинақталған «Ескі жол» бір ғасырдан артық қазақ даласындағы заң болды.

Есім хан «Ескі жолы» Қасым ханның «Қасқа жолымен» мазмұндас болды әрі бұл заңды құрастыруда Есім хан билер кеңісінің қатысуымен, олармен ақылдаса отырып, көшпенділер тіршілігіне сәйкес келетін дәстүрлі әдет-ғұрыпты, құқықтық тәртіпті жетілдіру мақсатында жаңа құқықтық нормаларды енгізген.

Қазақ хандығындағы атағы шыққан заңдардың бірі «Жеті жарғы» заңы.

Қазақ заңгерлік дискурсында екі «Жеті жарғы» заң жинағы болған. Біріншісі – Майқы бидің «Жеті Жарғысы», ол жеті бөлімнен тұрады:

- 1-бөлім. Адам құны туралы;
- 2-бөлім. Жесірлер мен неке туралы;
- 3-бөлім. Жер иелігі мен жер бөлісі туралы;
- 4-бөлім. Ұрлық туралы;
- 5-бөлім. Барымта туралы;
- 6-бөлім. Дау-шаралар туралы;
- 7-бөлім. Мал құны туралы.

Екіншісі – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің Күлтөбе басындағы жиында талқылап, құрастырылған Тәуке ханның «Жеті жарғысы» [9, 111].

Тәуке ханның «Жеті жарғысында» әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқықтық нормалар, салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған.

«Жеті жарғы» заңы меншіктік, қылмыстық, отбасы және неке, мұрагерлік құқықтарын, тәрбие мәселелерін, сот ісінің өту тәртібі мен билер үкімінің орындалуын міндеттеу үдерістерін қамтыған.

Қазақ заңгерлік дискурсының қалыптасуында маңызды рөл атқаратын билер сотының тарихы көнеден басталады. Сақ тайпаларының дәуірінде би қызметінің маңызды рөл атқарғаны елдегі ру, тайпа басшылары мен беделді адамдардың біріккен кеңесі қоғамдағы тәртіптің сақталуын қадағалап, сот қызметін атқарып отырған. Үйсін тайпасында халықтың жағдайын жасап, тайпа қоғамындағы тәртіптің бұзылмауын қадағалап, сот қызметін «Билер кеңесі» атқарған.

Қазақ билерінің қоғамдағы әділеттілікті сақтаудағы қызметтерін ары қарай қарастыратын болсақ, заңгер-ғалым С. Созақбаевтың «Тәуке хан. Жеті жарғы» атты еңбегінде қазақ қоғамында даулы істің қаралуы екі сатыға бөлінгенін көрсетеді: біріншісі, екі дауласқан жақ билердің істі қарауына дейін, өзара келісім дауды шешуге қимыл-әрекет жасайды. Әдеттік құқықта оны «Бітім», «Береке», «Салауат» деп атаған.

«Бітім» – екі жақтың өзара келісімі арқылы, сөз жүзінде даудың аяқталуы. Бітімнен кейін билерге істі қарауға құқық берілмейді. Себебі бітімді, өзара келісімді бір жақты бұзу сөзде, сертте тұрмаудың, жалпы ар-ожданның жоқтығының белгісі.

«Береке» – айырбас, немесе сатып алу туралы сөз жүзінде шарт жасау. Өзіндік мүдделерін қанағаттандыру. Жалпы қазақтың әділеттік құқығында «береке» институты барлық келісім шарттардың негізі болған.

«Салауат» – немесе кешірім, – дауласқан екі жақтың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, яғни кешірім беруі. Кешірім жасау ауыл, ел, ру ақсақалдарының қатысуымен өтетін болған [10, 21-22].

Тәуке хан заманынан бастап қалыптасқан тағы бір институт – «Жүгініс» – яғни рулар арасында болған даулар мен қақтығыстарды билердің алқалық құраммен қарауы. Негізінде бұл институт қауымдық демократияның бір нышаны ретінде танылады және оның тәртібі бойынша екі жақтың келісімімен, дауға ешқандай қатысы жоқ өзінің әділеттілігімен ел көзіне түскен, ақыл-парасаты жоғары, яғни «ала жіпті аттамаған» «ара би» сайланады. Ол істің барлық мән-жайын алқалық құрамдағы билерге баяндайды, екі жақты бітімге келуге шақырады. Бітім болмаған жағдайларда билер ұсынылған барлық дәлелдерді таразыға сала отырып, өздерінің билігін айтады. Даудың соңы «ала жіп» кесу рәсімімен аяқталады. Көпшілік алдында «ара би» екі жақтың дауласқан адамдарына, немесе олардың өкілдеріне ала жіптің екі шетін ұстатып, ортасынан кеседі.

Қазақ билері дауларды шешуде қатаң жаза (қылмыскердің, жауаптының намысына тию, ел алдында масқаралау, онымен қоса руын да масқаралау) тағайындау арқылы халықтың қоғамдық, құқықтық мәдениеттеріне дұрыс әсер етіп отырған. Осыған байланысты деректерді Н.Өсерұлының «Шариат» атты еңбегінен көре аламыз: «Қазақ әдет-ғұрып заңдары о бастан-ақ кісі өліміне аса жауапкершілікпен қараған, осыған байланысты билер де қылмыскерлерді жазалап қана қоймай, мұндай қылмысты екінші рет болдырмау жағын да қарастырған. Кісі өлімі бүкіл қоғамға тән дерт ретінде қаралған. Сол себепті күнәні қылмыскердің бүкіл руластарына таңып, бәрін бірдей жауапты еткен. Ондай руларды «бүлінген ел» деп қоғамнан шеттеткен. Олармен қарым-қатынас жасамай, қыз беріп, қыз алыспаған» [11, 267].

Қазақ құқығы бойынша адамгершілік қағидасын ұстанып сот әділдігін іске асырушы және дауласушы жақтарды татуластырушы би болған. Дауды қарастырудағы қарапайымдылық сот әділдігімен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де, қоғамның алдындағы әділеттігі мен дала заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының нысаны мен мазмұнын құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ар, ұят, намыс, еркіндік, теңдік қазақ қоғамында басты принципке айналып, құқықтық саласында бірінші орында тұрды. Сот процесін билер осы принципте талдап, талқылады. Екінші принцип бітімгершілік, татуластыру, ел бірлігіне сына түсірмеу болды.

Шындық пен әділдікке жету билердің сот шешімдерін шығарудағы түпкі ұстанатын негізі болды. «Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады» [11, 287].

Қазақ хандығы тұсындағы заңдар жүйесі көшпелілердің рухын көтеріп, сана-сезімін жоғарылатты. Бұл нормалар мен оны жүзеге асырушылар хандықтың да, халықтың да мүддесін қолдай білді. Демек, хандықтың ішкі және сыртқы мәселелері, соғыс пен бейбітшілік, көші-қон тәртібі, ел ішіндегі дау-дамайлар мемлекетті басқарушыларға да, халыққа да өте маңызды мәселелер болды. Бұлардың көкейге қонымды түрде шешілуі қоғам ішіндегі ауызбіршілікті нығайтып, халық бірлігін күшейтуге, туысқандық, бір қаннан таралғандықтарын терең түсінуге, ең бастысы жарық дүниеге келгеннен соң тату-тәтті, адамдық қасиеттерді сақтай отырып өмір сүруге жетеледі. Сол себепті де сол уақыттағы заң нормалары және оны жүзеге асырушылардың жауапкершілігі арта түсті. Ол жауапкершіліктің салмағы әділдікке сүйенуде болды.

Сонымен, құқықтық жүйеде ел бірлігін, адамгершілікті сақтауға бейімделген ережелер басым болды. Қазақ халқының әдет-ғұрыпына негізделген құқық жүйесінің қарапайым мағынасы мен құрылымы халықтық сипатта болды.

Бұл тақырып мемлекеттің, қоғамның өзекті мәселесі болып қала бермек. Жаңа дәуір азаматын, сондай-ақ мемлекеттің өтпелі кезеңге қарай азамат тұлғасын қалыптастырып, дамыту мәселесінің көкейкестілігі ешқашан маңызын жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақтың ата заңдары. Т.І. Алматы, 2005. – 457 б.
- 2 Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы // Қазақтың Ата Заңдары. 10 т. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2. – 460 б.
- 3 Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
- 4 Уәлиханов Ш.Ш. Шығармаларының бес томдық жинағы. – Алматы, 1985, 4-том, – 348 б.
- 5 Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: Шабыт, 2022. – 128 б.
- 6 Құдайбердіұлы Ш. Би һәм билік туралы // Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 1997 – 192–195 б.
- 7 Қыр баласы. Тағы да һәм билік туралы. «Қазақ» газеті. 1914, №50. 14 ақпан.
- 8 Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Алматы: Сардар, 2014. – 587 б.
- 9 Артықбаев Ж.О. Жеті Жарғы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2004, – 150 б.
- 10 Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы. – Алматы: Санат, 1994. – 275 б.
- 11 Өсерұлы Н. Шариат. – Алматы: Қайнар, 1996. – 352 б.

Материал 16.08.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Qazaqtyn ata zandary. T.I. Almaty, 2005. – 457 b.
- 2 Zimanov S.Z. Qazaq quqıǵın baǵalaw tarihy turaly // Qazaqtıń Ata Zańdarı. 10 t. – Almaty: Jeti jargy, 2004. – T. 2. – 460 b.
- 3 Kenjaliev Z. Koshpeli qazaq qoǵamındaǵı dásturli mádenieti. – Almaty: Jeti jargı, 1997. – 192 b.
- 4 Walihanov Sh.Sh. Shıǵarmalarınıń bes tomdıq zhınaǵı. – Almaty, 1985, 4-tom, – 348 b.
- 5 Qunanbayulı A. Qara sózder. – Almaty: Şabıt, 2022. – 128 b.
- 6 Qudayberdiulı Ş. Bı hám bilik twralı // Negimov S. Şeşendik öner – Almaty, 1997 – 192–195 b.
- 7 Qır balası. Taǵı da hám bilik twralı. «Qazaq» gazeti. 1914, №50. 14 aqpan
- 8 Käribaev B. Qazaq xandarı. Almaty: Sardar, 2014. – 587 b
- 9 Artıqbaev J.O. Jeti Jarǵı. – Almaty: Zań ädebieti, 2004, – 150 b
- 10 Sozaqbaev S. Täwke xan. Jeti jarǵı. – Almaty: Sanat, 1994. – 275 b
- 11 Öserulı N. Şariat. – Almaty: Qaynar, 1996. – 352 b.

Становление казахского юридического дискурса

А.А. Букаева¹, Г.О. Сыздыкова²

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье анализируются источники, послужившие основой для формирования казахского юридического дискурса. Рассматриваются нормы обычаев нашего народа, которые легли в основу формирования казахского юридического дискурса. Их юридические особенности раскрываются с точки зрения нравственных норм. Определяется роль и

функция бииев становлении правовой культуры в казахской степи. В казахском юридическом дискурсе основная цель высказывания власти изучается как справедливое заключение и двустороннее примирение. В основу формирования казахского юридического дискурса легли обычаи ханских времен, степные законы - «Жасақ -отряд», Чингисхана, «Қасқа жол – прямой путь» Касым-хана, «Ескі жол - старый путь» Есим-хана и «Семь уставов», принятые в эпоху Тауке-хана. Понятия «Бітім», «Береке», «Салауат» в казахском юридическом дискурсе стали общественными основами справедливого заключения. В содержании казахского юридического дискурса преобладали правила, адаптированные к сохранению единства страны и человеческие качества.

Ключевые слова: казахский юридический дискурс, нормы обычаев, правовая культура, Степное право, биі, власть, суд бииев.

Материал поступил в редакцию журнала 16.08.2023

Formation of the Kazakh legal discourse

A.A. Bukayeva¹, G.O.Syzdykova²

¹Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article analyzes the sources that served as the basis for the formation of the Kazakh legal discourse. The norms of the customs of our people, which formed the basis for the formation of the Kazakh legal discourse, are considered. Their legal features are revealed from the point of view of moral norms. The role and function of biis in the formation of legal culture in the Kazakh steppe is determined. In the Kazakh legal discourse, the main purpose of the statement of power is studied as a fair conclusion and bilateral reconciliation. The formation of the Kazakh legal discourse was based on the customs of the times under Khan's rule, steppe laws - "Zhasak - detachment", Genghis Khan, "Kaska zhol – the straight path" of Kasym Khan, "Eski Zhol - the old way" of Yesim Khan and "Seven charters" adopted in the era of Tauke Khan. The concepts of "Bitim", "Bereke", "Salauat" in the Kazakh legal discourse have become the social foundations of a fair imprisonment. The article emphasizes that in the Kazakh legal discourse the rules adapted to the preservation of the unity of the country and human qualities dominate.

Key words: Kazakh legal discourse, norms of customs, legal culture, Steppe law, bii, power, bii court.

Received: 16.08.2023

MFTAP 81'1:398.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp21-33](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp21-33)

М.А. Ермекбаева¹, К.К. Кенжалин¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ, ТҮРІК ЖӘНЕ МОНҒОЛ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ, түрік және моңғол тілдеріндегі мақал-мәтелдер тілдік тұрғыдан талданды. Қазақ-түрік мақал-мәтелдерін зерделеу барысында генеалогиялық және типологиялық жағынан туыстығын сипаттайтын белгілері анықталды. Туыс тілдердің мақал-мәтелдерінің лексикалық құрамы, семантикасы мен синтаксистік құрылымы жағынан ортақ белгілері сараланды. Сонымен қатар, қазақ-моңғол мақалдары салғастыра

зерттеліп, лексикалық құрамы, семантикасы мен синтаксистік құрылымы зерттелді. Үш тілдің мақал-мәтелдері бір, екі тармақты болып, баяндауыштары бұйрық рай, болжалды келер шақ, шартты рай тұлғасы арқылы жасалатыны анықталды. Нақты тілдік деректер негізінде талданды. Екі тілдегі мақал-мәтелдердің семантикасы лингвомәдени түсініктеме ретінде қарастырылды. Қазақ-түрік және қазақ-моңғол мақал-мәтелдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашуда екі тілге ортақ, лексикалық құрамында өзгешелігі бар және лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы өзгеше семантикасы сәйкес келетін мақал-мәтелдер анықталды.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, паремия, лексикалық құрам, семантика, синтаксистік құрылым, тармақ, параллель

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқының түбі бір түрік халқы мен тарих пен мәдениет тұрғысынан жақын моңғол халықтарының жақындықтарын анықтау мақсатында аталған үш халықтың мақал-мәтелдері салыстыра зерттеледі. Сол арқылы тілдер арасындағы туыстық қатынас пен рухани үндестіктің қаншалықты сақталғанын анықталады. Мақал-мәтелдердің үш тілдегі орны мен қолданыс аясына назар аударылып, лексика-семантикалық бірліктердің қолданылуы мен мағыналық реңкі салыстырылады.

КІРІСПЕ

Тілдің паремиологиялық қорында ұлттың тарихы, шаруашылығы болмысты тану ерекшелігі көрініс табады. Мақал-мәтелдерді зерделеу арқылы кез келген тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеуші ғалым Ө.Қайдар «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор деп баға береді. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар» деп баға береді [1, 223].

Қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің зерттелуіне байланысты ғылыми еңбектерді зерделеу барысында оларды ел ішінен жинау, баспадан шығару және зерттеу ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды. Бірінші кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы. Мақал-мәтелдердің кейбір үлгілерін ел арасынан алғаш жазып алған Ш.Уәлиханов болды. Ш.Уәлиханов пен Н.Н.Березин архивтерінде XIX ғасырдың 50-ші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Қазақ мақал-мәтелдерін жинап, баспадан шығару және ғылыми тұрғыдан зерттелуіне үлес қосқан зерттеушілер В.Радлов, Ш.Ибрагимов, П.М.Мелиоранский, Ф.Плотников, В.В.Катаринский, Ө.Диваев, С.Садықов, М.Искаков т.б. болғаны белгілі. Осы материалдардың негізінде мақал-мәтелдер қазақ тілінде 1914 жылы алғаш рет Қазан қаласында, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы А. Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Ө. Тұрманжанов) жарық көрді. 1950 жылы басылып шыққан жинақта (Құрастырған және сөзбасын жазған Б.Ақмұқанова, редакциясын басқарған М. Ғабдуллин, С.Бегалин), Ө. Тұрманжанов (1957 жылы), С.Нұрышев (1959 жылы), М. Әлімбаев (1967 жылы), Б. Адамбаев құрастырған және басқа да жинақтар жарық көрді. Мақал-мәтелдерді зерттеудің алғашқы кезеңі халық қазынасын ел аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарымен ерекшеленетінін байқаймыз.

Кеңес дәуірінің мақал-мәтелдерді зерттеудің екінші кезеңі басталып, тілдік және әдеби тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады. Осы кезеңде жарияланған монографиялық зерттеулер, оқулықтар мен ғылыми мақалалар қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, негізгі ерекшеліктерін көрсету, нысанға ғылыми сипаттама беруге бағытталған. М.Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» [2] деген еңбегінде мақал-мәтелдерді

тақырыбы жағынан топтастырып, қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдерді саралап, болмысты тану ерекшелігі мен қоғамдық қызметін айқындаса, әдебиетші ғалым С.Н.Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырады: «мақал-мәтелдерде замана шындықтарын танытарлық құдірет болуымен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көрінісі бар» [3, 7]. Х.Досмұхамедұлы «Қазақтың мақал-мәтелдері ағыл-тегіл көптігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Ойды әдептемей, мақал-мәтелді араластырмай, ақыл-нақылды қоспай, күлтелемей сөйлейтін қазақ кем де кем болған десек, артық кетпеген болар едік. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзінде мақал-мәтелге жүгінуге тырысқан, билер мен ел ішіндегі ділмарлардың сөздері халықтық мақалдар мен мәтелдерге тұнып тұратын» [4, 183] – деп, жоғарыда айтылған ойды талдап-таратып, басқа халықтармен салыстырғанда, ерекше көзге түсетін қазақ табиғатына тән, танымал қасиетті атап көрсетеді.

Әр түрлі тілдердің паремиологиялық жүйесін салыстыра-салғастыра зерттеу жұмыстары да жүргізілгенін байқаймыз. Осы бағытта А.Нұрмахановтың зерттеуі түрлі тілдердегі мақал-мәтелдердің жалпы және өзіндік ерекшеліктерін саралайды, Э.Мұқышева қазақ және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ортақ және ерекше белгілерін, ұлттық, мәдени компоненттерін анықтайды. А.Донбаева қазақ және араб тілдеріндегі мақал-мәтелдердің жасалу жолдары, типологиялық әмбебап және бірегейлік сипаттары зерделенеді.

Қазақ ғалымдары мақал-мәтелдердің Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінен бастау алатынын айтса («Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген», «Өлімнен ұят күшті»), ғалым Ғ.Тұрабаева өзінің «Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақтық» мақаласында Орхон жазбаларында мақал-мәтелдердің өте аз кездесетінін, ал Мақмұт Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрк» еңбегінде (Ташкент басылымында) 267 мақал мақал-мәтелдердің бар екенін көрсетеді [5, 181-189].

Мақал-мәтелдерді салыстыра-салғастыра зерттеулершілердің ішінде сүбелі еңбектерімен ерекшеленетін ғалым Г.Л. Пермяков. Ол мақал-мәтелдерді зерттеу тәжірибесін Азия, Африка елдерінің ертегілері мен аңыз әңгімелерін аударудан бастап, зерттеу нәтижелерін 1968 жылы «Избранные пословицы и поговорки народов Востока» деген еңбегінде жариялайды. Зерттеуші еңбегінде әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерінің негізі типтерінің ұқсастықтарын жан-жақты саралайды. Ғалымның кейінгі зерттеу еңбектеріндетүрлі тілдердегі мақал-мәтелдердің ішкі және сыртқы құрылымдарына тереңірек тоқталуға болатынын көрсетті. Ғалым бұл салада «От поговорки до сказки» (1970), «К вопросу о структуре паремиологического фонда», «Основы структурной паремиологии» (1988), т.б. еңбектер жазып, паремиология ғылымының дамуына зор үлес қосты [6, 7-8].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазынасы бүлінбеген халық тілін оның ауыз әдебиетінен анықтай алатынымыз себепті бұл зерттеуде қазақ және түрік, монғол тілдеріндегі мақал-мәтелдерді құрылымдық жағынан салыстыра отырып қарастыру – аталған тілдердің тарихи байланысы қаншалықты сақталып отырғандығы айқындалады. Салыстыра зерттеу тілдердің ұлттық ерекшеліктері мен қасиетін тануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылып, қазақ, түрік, монғол мақал-мәтелдеріндегі әр халықтың тілдік ерекшеліктері сипатталады. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін аталған 3 тілдегі мақал-мәтелдер негіз болды.

НӘТИЖЕЛЕР

Әр халықтың мақал-мәтелдері – сол халықтың болмысының айнасы. Мақал-мәтелдерде ұлттың ой-өрісі, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, салт-дәстүрі көрініс тапқан. Мақал-мәтел – белгілі бір халықтың ойының өткірлігін, арманының кеңдігін, сезімінің нәзіктігін көрсететін ең құнды үлгі. Дүние жүзіндегі көптеген халықтар қолданып жүрген мақал-мәтелдерді салыстыра отырып, бұл мақал-мәтелдердің көбінің бір-біріне ұқсас немесе өте жақын

екендігі байқалды. Мақал-мәтелдер жалпы адамзаттық құндылықтарды ғана емес, ұлтқа тән мәдени құндылықтарды да көрсетеді.

Қазақ, түрік, моңғол халықтарының географиялық орналасуы мен шаруашылығы, тұрмыс-салтындағы, рухани мәдениетіндегі, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетіндегі ұқсастық мақал-мәтелдердің семантикасы мен құрылымында да көрініс табады. Тілдік бірліктердің бір тілден екінші тілге ауысып, кірме сөздер ретінде танылуы сияқты мақал-мәтелдер де көршілес тілден екінші бір тілге ауысудасол тілгенегізделіп қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасалуы заңды құбылыс. Мысалы, қазақ тіліндегі «*Балық басынан шіриді*» деген мақал туысқан түрік тілінде «*Balık bastan kokar*» деп ешбір өзгеріссіз беріледі. Лексикалық құрамы, семантикалық мазмұны мен синтаксисінің құрылымы бірдей. Ал, «*Anasına bak kızını al kenarına bak bezini al* (аудармасы Анасына қарап қызын ал, өлкесіне қарап матасын ал) деген мақалды алсақ, қазақ тілінде бұл мақал «*Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш*» деген нұсқада кездеседі. Тіліміздегі бұл мақалдың екінші сыңарында ерекшелік қазақ халқы көшпенді, мал шаруашылығымен айналысқандықтан әрі ұлан қайыр жерімізде «қонақ» культіне ерекше мән бергендіктен дәм тарту, жолаушыға бөлінбеген еншісін беру салты барлығын ескерсек, бұл мақаланың құрамындағы ерекшелікті танимыз. Сондай-ақесте жоқ ерте заманда жерімізде мата өндірісінің жоқтығы негіз болып, болмысты тану ерекшелігінде көрініс тапқан. Мақалда қазақ тіліндегі баламасында *аяқ-ас* сөздері түрік тіліндегі *өлке – бөз* сөздерін алмастырғанын байқаймыз. Лексикалық құрамындағы ерекшелік, семантикасындағы ұқсастыққа нұқсан келтірмейді. Екі тілдегі мақалдың да баяндауыштары тұлғалас, етістіктің бұйрық рай тұлғасында жасалған.

Мақал құрамындағы лексикалық бірліктерінің бірінің ерекшелігін қазақ тіліндегі «*Tesik monşaq жерде қалмас*» мақалынан көреміз. Бұл мақал түрік тілінде «*Delikli taş yerde kalmaz* (Тесік тас жерде қалмас)» кездеседі. Мақалдың семантикасында еш айырмашылық жоқ. Табиғаттағы бар нәрсенің қажеттілігі болатыны, пайдасыз заттың жоқтығы, барлығының өз орны бар екендігі пайымдалып, адамға қатысты айтылғанда әркім өз теңін табатыны тұжырымдалады. Лексикалық құрамындағы өзгеріс «*моншақ*» сөзінің «*тас*» сөзімен ауыстырылуында. Алайда, барлық моншақтар түрлі минералдардан жасалатынын ескерсек, арасындағы метонимиялық қатынасты аңғарамыз. Синтаксистік құрылымы екі тілде бірдей, бір тармақты, баяндауышы болжалды келер шақ формасында жасалған.

Қазақ тілінде «*Дос – басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды*» деген мақал түрік тілінде де бар «*Dost başa bakar, düşman ayağa*». Екі тілдегі мақалдың да лексикалық құрамы бірдей, семантикасында еш өзгешелік жоқ. Жасалу үлгісі де бірдей. Компоненттеріндегі бастауыштары «дос – дұшпан» антонимдері арқылы жасалып, толықтауыштары «бас – аяқ» сөздерінің орналасу орнына қарай қарама-қарсылығына негізделіп, қайшылықты күшейте түседі. Баяндауыштары екі тілде де «қарайды» ауыспалы осы шақтың үшінші жағында жасалып, қайталау арқылы мақал семантикасының мәні арта түседі. Қазақ тілінде бірінші, түрік тіліндегі нұсқасының екінші тармағындағы баяндауышы үнемдеуге ұшыраған. Бұл құбылыс екі тілге де ортақ екендігін байқаймыз: *Дос – басқа, дұшпан аяққа қарайды*. Бұл мақал мазмұнын дұрыс түсінуге кедергі болмайды. Мақалда дос адам сөзінді тыңдап, ашық көңілімен хабарласатын болса, дұшпан адам бойыннан мін іздеп, сынап тұратыны жайлы айтылған. Мақал тармақтарының дауыссыз дыбыстан басталуы дыбыстық үйлесімділікке негіз болады.

Мақал құрлысының ықшамдалу құбылысын «*Болар бала боғынан*» мақалынан да көреміз. Аз сөзбен көпті аңғарту – қазақ халқының сөз өнеріндегі өзіндік ерекшелігінің бір дәлелі. Мақалдың түрік тіліндегі нұсқасы толық – «*Adam olacak çocuk bokundan belli olur*». Мақалдың лексикалық құрамы екі тілге ортақ семантиканы толық жеткізеді. Қазақ тіліндегі мақалдың синтаксистік құрлысындағы өзгешелік, «белгілі болар» күрделі етістігі үнемдеу заңдылығына ұшыраған. Дегенмен, бұл ерекшелік мақалдың мәнін түсінуге кедергі болмайды. Мақалдың семантикасы екі тілде де бірдей. Жақсы адам болатын баланың әр ісі ұқыпты, ұсақ-түйегіне дейін жауапкершілігі сезіліп тұратыны айтылған. Жақсы болып өсер бала кішкене күнінен байқалатыны «боқ» дисфемизмі арқылы берілген. Қазақ тілінде ұсақ-

түйекті әңгіме қылма, не болса соны айтпа дегенді, «боқ жеме» дейді, демек, «боқ»сөзі метафораланып, мақалда «ұсақ-түйек» деген мәнде, ауыспалы мағынада жұмсалған. Ал, мақал құрамындағы әр сөздің дауыссыз «б» дыбысынан басталуы дыбыстық үйлесімділікке негіз болады.

Қазақ тіліндегі «Адамның жақсысы іс басында танылар» деген мақал түрік тілінде «*Adamın iyisi iş başında belli olur*». Екі тілдегі мақалдың семантикасы бірдей. Кез келген істің басында жақсы адамның жүретіні, елге қызмет етіп, халықтың тұрмысын көркейтетін жақсы адамдарға қатысты айтылған сөз. Екі тілде де бір тармақты, жайылма, жай сөйлемнен жасалған, лексикалық құрамы ортақ, синтаксистік құрлысы да бірдей.

Қазақ тіліндегі «Күлме досқа, келер басқа» мақалы түрік тілінде «*Gülme komşuna – Gelir başına*» (Күлме көршіңе келер басыңа) деген нұсқада кездеседі. Мақалдың лексикалық құрамында ерекшелік бар. Қазақ тіліндегі «дос» сөзі түрік тілінде «*kөрші*» сөзімен ауысқанын байқаймыз. Бұл мақалда қазақ менталитеті үшін «дос» ұғымы құндырақ. Себебі көшпелі қазақ халқы үшін «дос» ұғымының мәні ерекше. Сондықтан қазақ қоғамында досты құрметтеу, оны ерекше бағалау қазақ болмысына құнды болса, түрік халқы үшін «*kөрші*» ұғымы құндырақ. Мақалда жақының тап болған жағдайға өзін де түсу мүмкіндігі айтылып, біреуге күлу, әсіресе жақсы араласатын адамыңа күлуге болмайтыны пайымдалады. Мақалдың синтаксистік құрылымында екі тілге де ортақ ерекшелік бар. Яғни, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі өзгерген. Мұндай құбылыс поэзия тіліне тән, мақалдарда ұйқас үйлесімділігі үшін сөздердің қалыпты орын тәртібі өзгертінді байқалады. Тармақтарының баяндауыштары да бұйрық рай және болжалды келер шақ формасында жасалған. Бұл мақал мазмұнындағы ойды тереңдете түседі.

Қазақ және түрік тілдеріндегі тілдік деректерді саралау барысында бірқатар мақалдардың ешбір өзгерісі жоқ, екі тілге ортақтығын байқадық. «Жыламаған балаға емшек жоқ» деген мақалдың түрік тілінде «*Aglamayan cocuğa meme vermezler*» деген нұсқасы бар. Екі тілдегі мақалдың да семантикасы бірдей, лексикалық сәйкестігі толық. Бір тармақты бұл мақалдың екі тілдегі нұсқаларының баяндауыштарының грамматикалық формаларында ерекшелік болғанмен (қазақ тілінде күрделі баяндауыш зат есім+модаль сөз үлгісіндегі жасалса, түрік тілінде болжалды келер шақтың болымсыз түрінде жасалған), болымсыздық мәнді жеткізіп тұр. Болымсыздық мән морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы берілген. Мақалда ойынды сыртқа шығармасаң, қажеттілігіңді айтпасаң, басқалар сенің ішіндегіні қайдан білсін деген ой жинақталған.

«Аш тауықтың түсіне тары кірер» бір тармақты мақалы түрік тілінде «*Aş tavuk düşünde darı görür*» түрінде кездеседі. Екі тілде семантикасы мен лексикалық құрамы бірдей. Баяндауыштары да болжалды келер шақ формасында жасалған. Әр адам өз қажеттілігін іздейтіні, сол ойынан да, түсінен де кетпейтіні сөз болып, адам өмірінде қолында жоғы, зәрулігі тұрмыста бірінші кезекте тұратыны тұжырымдайды.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалы келген өледі» деген мақал түрік тілінде «*Kırk yılda bir ölet olur eceli gelen ölür*» түрінде сақталған. Бұл мақалдың екі тілде де семантикасы мен лексикалық құрамы бірдей. Екі тармақты мақалдың синтаксистік құрлысы да бірдей. Мақалда тағдыр, пешене ұғымы бейнеленіп, әр нәрсенің өз реті мен кезегі болатыны пайымдалған.

Қазақ-түрік мақал-мәтелдерін зерделеу барысында сөздік құрамы толықтай өзгеше нұсқаларды байқаймыз. Алайда бұл мақалдардың семантикасы ортақ. Қазақ тіліндегі «Өтірікшінің шын сөзі де зая» деген мақалдың түрік тіліндегі баламасы «*Yalancının evi yantış kimse inanmamış*». Қазақ тіліндегі аудармасы: Өтірікшінің үйі өртенсе ешкім сенбес. Түбі бір екі халықтың дадүниетанымында «шындық» ұғымының мәні ерекше. Сондықтан «тыңдаушысын таппаған сөз жетім» деп танитын қазақ қоғамында жалған сөз, өтірік сөйлеудің өкінішін терең пайымдап, шындық – зая, желге ұшқан сөз, ал түрік тіліндегі баламасында шын сөз – үй өртенумен параллель беріледі. Отырықшы түрік қоғамында шындық – үй, баспана ұғымымен берілсе, қазақ тіліндегі нұсқаның мәні терең көркем сөзбен өрнектелген. Мақалдың синтаксистік құрылымы екі тілде өзгеше. Қазақ тілінде бір

тармақты, жай сөйлем түрінде, ал түрік тілінде құрмалас сөйлем түрінде жасалған. Қазақ тілінде – шын сөз (шындық), ол түрік тілінде – үйі (болмыс нысандары) мақалдың бастауышы болса, екі тілде анықтауыш ортақ – өтірікші ілік септік формасында, баяндауышы қазақ тілінде – зая (құр, босқа) үстеу, түрік тілінде бірінші сыңарының баяндауышы шартты рай тұлғасындағы етістік (өртенсе), екінші сыңары – болжалды келер шақ тұлғасындағы етістіктен (сенбес) жасалған.

Қазақ тіліндегі «Қарға қарғаның көзін шұқымас» мақалының түрік тіліндегі баламасы «*Kurt komşusun yemez*». Мақалдың қазақша аудармасы: Қасқыр көршісін жемес. Екі мақалдың лексикалық құрамын зерделейтін болсақ, сөйлемнің бастауышы (субъектісі) – қарға, қасқыр сөздері. Тарихқа үңілсек, бөрі (қасқыр) түркі халықтарының киесі, тотемі болған, ал Азияның солтүстік-шығысында мекендейтін көшпелі халықтардың тотемі – қарға. Ғұндардың көне аңызында да жапанда жалғыз қалған Үйсін күнбиінің баласын қасқыр емізіп асыраса, нәрестеге ет таситыны қарғалар екені айтылады. Әрине, бұл ұлт болып қалыптасуға дейін болған көне дүниетаным көрінісі, бүгінде тек тілде, мақал-мәтел құрамында сақталып қалғанын байқаймыз. Қасқыр мен қарғаның топталып тіршілік етуі, белгілі бір іске жұмыла кірісетіні қандас халықтардың дүниетанымында татулық пен бірліктің символы ретінде танылады. Көнеден жеткен бабалар қазынасында бір туғандардың арасында жамандықтың болмайтыны тұжырымдалады. Мақалдардың синтаксистік құрамы бірдей: бір тармақты, жай сөйлем. Баяндауыштары тұлғалас, болжалды келер шақтың болымсыз тұлғасында жасалған.

«Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген мақал «*Adam alası içinde, hayvanın alası dışında*» нұсқасында түрік тілінде де кездеседі. Екі тілдегі нұсқаларының лексикалық құрамына назар аударсақ, қазақ тілінде мал, түрік тілінде хайуан сөздері қолданылады. Қазақ тіліндегі нұсқасында ата кәсіп, мал шаруашылығы, назарда болып, «мал» лексемасы жұмсалған. Мал – төрт түліктің бәрін қамтитын жалпы атау. Мақалдың құрамындағы «ала» сөзінің қолдануында да терең мән бар. Оны түсіну үшін қазақ халқының дүниетанымына назар аударған жөн. Қазақ халқы мал аласын жақтырмаған, табыншылардың байқауынша, ала түсті жылқылар асау, тістегіш, төбелескіш. Сондықтан ала түсті жылқыларды табында ұстамаған. Сондықтан малдың тұқымын бүлдіретін сипат бірден көзге түседі, халық ала түлікті малданбаған. Ал, түрік халқы «хайуан» сөзін қолданып, барлық жануарларды атайды. Мақалдың екінші тармағында малға параллель адам сөзінің алынуы ұғым қарама-қарсылығына негізделіп, адам қасиеті, достығы мен қастығы, жақсылығы мен жауыздығы көзге түспейтіндігі, оның сыртқа түр-тұлғасынан, бітім-болмысынан емес, тек ішкі жан дүниесінен ғана білуге болатыны түспалдап берілген. Мұндағы «адам аласы – ішінде» деген ұғымды кейде қарапайым мағынада түсінеміз, кең мағынада «адамның жан дүниесі» деген танымды білдіреді. Ал, осы мақалды ғылыми тұрғыдан саралайтын болсақ, ол белгілі бір ұлттың ментальділігімен астасып жатады. Ол белгілі бір мәдени ортада өмір сүретін, дүниені өзінше қабылдайтын, өзіндік ойлау жүйесі бар, өмірлік құндылықтары қалыптасқан, тұрмыстық және әлеуметтік мінез-құлқы орныққан адамдардың жиынтық сипаттамасы. Мақалдың семантикасы екі тілде бірдей. Синтаксистік құрлысы екі тармақты, салалас құрмалас сөйлем. Мақал компоненттерде *мал аласы – адам аласы* параллелі екі бастауыш қызметінде жұмсалған. Күрделі бастауыштың құрамындағы «ала» сөзі тура және ауыспалы мағынада жұмсалған. Адам аласы деген тіркестегі *ала* сөзі метафораланып, ішкі жан дүниесі деген мәнде қолданылады. Баяндауыштары *іші, сырты* деген көмекші есімдердің жатыс септігі тұлғасында жасалған.

Қазақ және түрік тілдеріндегі талдау нысаны ретінде алынған мақал-мәтелдері салыстыра зерттеліп, мақалдардың лексикалық құрамы, семантикасы, синтаксистік құрылымы қарастырылды. Зерттеу барысында анықталған ортақ белгілер – екі тілдің туыстығымен түсіндіріледі. Кейбір мақал-мәтелдердің лексикалық құрамындағы ерекшеліктер халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығындағы мен дүниетаным өзгешеліктерінен туады.

Келесі кезекте генеалогиялық және типологиялық жағынан қазақ тілінен өзгеше тіл – моңғол тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ мақал-мәтелдерімен салғастыра қарастырып көреміз. Зерттеу нысаны ретінде моңғол тілдерінің мақал-мәтелдерін алуымыздың себебі – қазақ және моңғол халықтары ғасырлар бойы қатар өмір сүрген, шаруашылығы ортақ, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтар. Бұл екі халық тілінде кездесетін тілдік деректердің өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтауда негіз болар жағдай екендігін ашу да бізді қызықтырады.

Қазақ тіліндегі «Адамның жақсысы нағашыдан, үйдің жақсысы ағашынан» деген мақалда мағыналық жүк «нағашы» сөзімен берілген. Нағашы – туыстық атау. Ана жағынан туысқандарын қазақ халқы «нағашы» деп атайды. Ауызша тараған фольклор жанры екенін ескерсек, мақал құрылымы үнемдеуге ұшыраған. Сөйлем құрылымындағы «болады» түсірілген, алайда мақал мәтінінің коммуникативтік қызметі оны жоқтатпайды, баяндауышы шығыс септігінен жасалып, оның грамматикалық мағынасы арқылы беріледі. Екі тармақты мақалдың баяндауыштарының жасалу формасы бірдей. Бастауыштары күрделі – «адамның жақсысы, үйдің жақсысы» түрінде зат есім + ілік септік, заттанған сын есім + тәуелдік жалғау тұлғасында жасалған. *Адам мен үй, нағашы мен ағаш* сөздері параллель алынып, салыстырылып, алғашқысы «өскен орта» мәнінде, екіншісі «негіз» мәнінде жұмсалған. Қазақ дүниетанымында бала тәрбиесіндегі ананың орны ерекше, болашақ ана тәрбиеленген ортасы да ерекше назарда болады. Сондықтан ұрпағы жақсы болуын көздеген халқымыз келін таңдарда тегіне қарап алған, «көргенді жер» деп таңдаған. Мақалда қолданылған «нағашы» сөзі «өскен ортасы» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде бұл мақалмен мазмұндас «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген мақалда да өсер ұрпаққа, оның тәрбиесіне ерекше назар аударылған. Мақалдағы «бесік» – өсер жері, тәрбиеленетін ортасы мағынасында жұмсалған. Осы мақалдың моңғол тіліндегі баламасы «Хүний уг нагац, модны уг үндэс» түрінде кездеседі. Екі тілдегі мақалды салғастыра қарайтын болсақ, алғашқы компоненті бірдей. Семантикасы мен лексикалық құрамы да ортақ. Ал «нағашы» мен «нагац» сөздерін зерделейтін болсақ, екі тілге ортақтығын байқаймыз. Моңғол тіліндегі екінші компонентінде лексикалық құрамында ерекшелік байқалады: «ағаштың негізі діңіне қатысты» деп алынған. Осы мақалдың қазақ тіліндегі баламасында талданған «негіз» мағынасы моңғол тіліндегі мақалдың екінші компонентінде ашылған: ағаш негізі – дің. Демек, екі тілдегі семантикасы ортақ, синтаксистік құрамы екі тармақты мақал.

Қазақ тіліндегі «Адамның көнесі, киімнің жаңасы жақсы» деген мақалда «көне» сөзі ауыспалы мағынада қолданылған. Мақалда көпті көрген, дана мәнінде жұмсалған. Бұл мағына қазақ тілінде «көнекөз» сөзінде де сақталған, дана адам мәнінде жұмсалады. Мақалда дана адам қиыншылықта ақыл-кеңес беріп, тәжірибесімен бөлісетіні түспалдап берілген. Дана халқымыз «қарт адам – қазына» деп тегін айтпаған. Мақалда адам – киім, көне – жаңа сөздері параллель берілген. Адам мен киім сөздері салыстыра қолдану, мақалдарда дәстүрлі құрылым. Мысалы: «Таныған жерде бас сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы». Осы мақалда қолданылған «бас» сөзін алайық, ауыспалы мағынада қолданылып, адам мәнінде жұмсалған. Ауыспалы мағына синекдоха тәсілі арқылы жасалған, яғни, бүтіннің орнына бөлшек қолданылған. Ал, «тон» сөзін алсақ, түркі тілінде «киім» деген жалпы мағынада жұмсалған. Бүгінде мағыналық өрісі тарылған. Мақал құрылысы – екі тармақты. Алғашқы сыңарындағы «жақсы» сөзі түсіріліп, екінші сыңардағы ортақ баяндауыш арқылы жасалған. Осы мақалдың моңғол тіліндегі баламасы: «Хүний хуучин нь, дээлийн шинэ нь». Моңғол тіліндегі баламасы мен қазақ тіліндегі баламасының лексикалық құрамы мен семантикалық мазмұны бірдей. Синтаксистік құрылымы да ортақ. Ерекшелігі моңғол тіліндегі нұсқасында екі тармағында да баяндауыш қызметінде жұмсалған «жақсы» сөзі сақталған.

Қазақ тіліндегі «Өзгенің қолымен от көсеу» мақалын моңғол тіліндегі «Хүний гараар могой бариулдах» баламасымен салыстырсақ, лексикалық құрамындағы ерекшелікті байқаймыз. Қазақ тіліне «Кісі қолымен жылан ұстату» деп сөзбе-сөз аударуға болады. Лексикалық құрамындағы өзгенің қолы, кісі қолы – ортақ мағынаны білдірсе, ал *жылан* мен *от* мақалдың лексикалық құрамындағы ерекшелік болып отыр. Осы сөздердің мағынасын

салыстырсақ, екі тілде де қауіп-қатер деген ортақ мағыналық бөлшегімен ерекшеленеді. Қазақ халқында «От – тілсіз жау» деген мақал бар. Осы мақалдарды салыстыра келе, «от» қазақ дүниетанымында жаулық, жамандық символы болса, осы мән моңғол тіліндегі нұсқасында «жылан» сөзі арқылы беріледі. Моңғол халқы үшін «жылан» жаулық, жамандық символы болады екен. Екі тілде де жамандықты, қауіпті істі біреу арқылы іске асыру, өзгені айдап салып, өзі көлеңкеде қалу деген мәнде жұмсалады. Екі тілде де жақсыз, бір тармақты сөйлем құрлысы арқылы жасалып, ауыспалы мәнде жұмсалған.

Қазақ тіліндегі «*Не ексең, соны орасың*» мақалының моңғол тілінде «*Хавар таривал, намар хураана*» баламасы бар. Қазақ тіліне «Көктемде ексең, күзде орасың» деп сөзбе-сөз аударуға болады. Мақалдың семантикасы екі тілде бірдей. Бұл мақалды тура мағынада да ауыспалы мағынада да пайымдауға болады. Тура мағынасында түсінер болсақ, тұқымы жақсы болса, жақсы өнім береді, ал тұқымы нашар болса, шықпай қалуы мүмкін. Немесе бидай ексең бидай шығады, тары ексең, бидайды күтпе деген сөз астары да бар. Осы мақалды адамға қатысты талдайтын болсақ, баланы жақсылыққа баулып, дұрыс тәрбиелейтін болсақ, бала тәрбиелі, адамгершілігі бар, жақсы адам болады. Өзі көрген бар жақсылықты ата-анасына жасайтыны тұспалдап беріледі. Бұл мақалды одан әрі саралайтын болсақ, орыс халқында да баламасы бар: «*Что посеешь, то и пожнешь*». Бұл мақал да адам өзінің болашағын өзінің іс-әрекеті арқылы қалыптастыратыны айтылады. Демек, талдау нысаны болып отырған бұл орыс, қазақ, моңғол халықтарына ортақтығына көз жеткізіп отырмыз. Үш тілде де мағынасы бірдей. Сөздік құрамы орыс және қазақ тілдерінде бірдей. Ал, моңғол тіліндегі нұсқасы өзгешелеу. Мұнда көктем және күз жылмезгілдерінің атауы болған зат есімдер орыс және қазақ тілдеріндегі есімдіктердің орнында жұмсалған. Сөздік құрамы түрліше болғанымен мәні бір. Есімдіктердің есім сөздерінің орнына жұмсалатын сөздер екендігін ескерсек, өзгешелігі жоқ деуге де болады. Үш тілде де баяндауыштары шартты райдың екінші жағында жасалған, грамматикалық құрлысы бірдей, екі тармақты. Осы мақалдан туындайтын тағы бір өзекті мәселеге тоқталып кетуді жөн деп санаймыз. Ол – мақалдың қай халықта туып, қай халыққа ауысқаны. Біздің ойымызша, бұл мақал егіншілік кәсібімен ертеден айналысқан халыққа тән мақал. Демек, орыс тілінде алғаш қалыптасып, қазақ тіліне енген. Орыс тілінен тікелей қазақ тіліне енген деуіміздің себебі, сөздік құрамы мен жасалу үлгісі бірдей. Ал, моңғол тілінде трансформацияланғанда сәл ерекшелікпен ауысқанын байқаймыз.

Қазақ тіліндегі «*Қызғанғаны қызыл итке жем болар*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Харамласан юм харнохой ч идэиш*». Мақалдың екі тілдегі нұсқасының лексикалық құрамы бірдей. Мақалдың мағынасын зерделейтін болсақ, басқалардан да өзіңнен де қызғанып отырғаның иттің аузында кетті деген мазмұнды жеткізеді. Иттің аузында кету – арамдау. Арамды халқымыз жаратпаған. Мақалдың астарына үңілетін болсақ, бұйырмайды, жай кетеді, жоқ болады дегенді жеткізеді. Қазақ тілінде «ит» жағымды және жағымсыз экспрессиясымен ерекшеленеді. Бұл мақалда жағымсыз мәнде жұмсалып, «жау, қас» дегенді білдіреді. Ал, осы мақалдағы «қызыл» сөзі арқылы берілген эпитетке назар аударсақ, қазақ халқы қызыл көз пәле, қызыл тіл деп қолданады. Қызыл көз пәле – жамандық болса, қызыл тілді де «басқа пәле тілден» деп, пәлеге ұрындырушы ретінде пайымдайды. Халқымыз – жомарт, қонақжай. Сондықтан қызғану, қору әдеті біздің халқымызға жат. Оны талдап отырған мақалымыздың мәні де қуаттай түседі. Екі тілде де мақал құрылымы бір тармақты, жайылма жай сөйлем арқылы жасалған. Баяндауышы болжалды келер шақ тұлғасында берілген.

Қазақ тіліндегі «*Аузымен орақ ору, қолымен қосаяқ соға алмау*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хийхэ дхэцүү, хэлэхэд амархан*». Қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ, «Істегенге қол ауырар, айтқанға ауыз ауырмас». Қазақ тілінде мақалдың бірінші тармағының синонимдері бар: ауызбен айды алу, жел өкпе, кеппе кеуде, көбік өкпе, көнектей болу, күбідей ісіну, қызыл сөзден бал жағу және т.б. Бос сөзге үйір, шаруаға қыры жоқ адам туралы айтылған. Осы мақалдың құрамындағы «орақ ору» тіркесін талдайтын болсақ, қолдан өсірілген егінді орақпен орып, жинау. Қажырлы күш пен уақытты қажет ететін қиын жұмыс.

Ол екінші сыңарында «қосаяқ соға алмау» қолымен оңай жұмысты да істей алмау дегенді білдіреді. Оңай жұмыс – қосаяқ сөзімен баламаланады. Қосаяқ – тышқан тектес, кішкентай кеміргіш аң. Шөлді, жазық жерлерді мекендейді. Аулауы оңай. Мақалдың мағынасы сөзбен бар шаруаны тындыратын, жалқау адамға қатысты айтылады. Моңғол тіліндегі нұсқасында мағынасы бір болғанмен лексикалық құрамында ерекшелік бар. Мақал құрамында «айту», «істеу» қимыл атаулары болжалды келер шақ тұлғасында болымды-болымсыз түрде қолданылып, баяндауыштың қызметінде қолданылып, ал бастауыштары қол және ауыз зат есімдері арқылы жасалады да қиын, жеңіл деген мәнді жеткізеді: істеу қиын, айту оңай. Екі тілдегі мақалдың сөздік құрамында ерекшелігі болғанмен, семантикасы мағыналас. Синтаксистік құрылымы екі тармақты, баяндауыштарының грамматикалық тұлғаларында ерекшелік бар. Қазақ тілінде тұйық етістіктің болымды-болымсыз формасында болса, моңғол тілінде болжалды келер шақтың болымды-болымсыз формасында жасалған.

Қазақ тіліндегі «*Ел ағасыз болмас, Тон жағасыз болмас*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хүн ахтай, дәэл захтай*». Қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ, «Адам ағасыз болмас, тон жағасыз болмас». Қазақ тіліндегі мақалдың нұсқасында аға сөзі басшы, жетекші мәнінде жұмсалған. Қазақ тілінде аға сөзі – көпмағыналы сөз. Осы сөздің мағыналарын саралай келе, оның төрт түрлі мағынасы анықталды:

1. *Аға* – орта ғасырдағы түркі мемлекеттеріндегі әскери атақ. 15-17 ғасырларда Түркия янычарлар корпусының қолбасшылары аға деп аталған. Ауыз әдебиетінің деректері мұндай қолбасшылық дәреже осы кезде қалыптасқан Ноғайлы Ордасында, Қырым хандығында, Қазақ хандығында да болғанын көрсетеді. Қазақ тілінде «қол ағалық» сөз тіркесі *аға* сөзінің әскербасы мағынасын көрсетеді. Биік әскери дәрежені көрсететін аға сөзі шығыста хан сарайларындағы «есік ағасы», «есік ағасыбасы», «шора ағасы» дәрежелерінде де сақталған. Өзінің толғауында айтылғандай Доспамбет жырау аға дәрежесіндегі әскербасы болған. Аға дәрежесі әмір, бек дәрежесімен тең болғанға ұқсайды.

2. Кейін аға сөзі жалпы басшы, жетекші, ақылшы мағынасында қолданыла бастады.

3. Адамның жас жағынан үлкен бауыры, ер адам. Кез келген жасы үлкен ақылшы, жетекші ер адамдарды да аға деп атайды.

4. Қызмет, шен, лауазым дәрежесін көрсететін ұғым (аға лейтенант, аға ғылыми қызметкер, аға сұлтан т. б.) [8].

9 Mukametnuly N. Public history of Chinese Kazakhs (1860-1920). – Almaty, 2000. P. 336; Zakenuly T. (Kairken). Forgotten Republic (National liberation movement of the Kazakhs of East Turkestan. 1940-1949). Series Kazakh national liberation movement. Volume 12. – Astana, 2008. P. 1-186. P. 334; Mendikulova G.M. History of migrations between Kazakhstan and China in 1860-1960. – Almaty: Gylym, 2008. P. 232 [in Russian]; Kakimzhanova M.K. Social'naya integraciya repatriantov kak filosofskaya problema [Social integration of repatriates as a philosophical problem]: dis. ... cand. phil. sciences. – Almaty, 2009. P. 114 [in Russian]; Baltabaeva K.N. Yazykovaya adaptaciya v Kazahstane etnicheskikh kazahov-pereselencev iz Rossii i drugih stran: obshchee i osobennosti [Language adaptation in Kazakhstan of ethnic Kazakh migrants from Russia and other countries: general and specific peculiarities] // Yazykovaya politika i social'no-pravovaya adaptaciya migrantov: problemy, realizaciya, perspektivy [Language policy and social and legal adaptation of migrants: problems, implementation, prospects] // Proceedings of the III Intern. scientific-practical. conf.; June 7-8, 2010: in 2 hours / Ed. I.S. Karabulatova, G.S. Korepanov, A.P. Suntsov. – Tyumen: Vector-Buk., 2010. – Part 1. P. 308 [in Russian]; Kasymova D. B. Identichnost' zarubezhnyh kazahov: vzglyad zapadnyh issledovatelej [Identity of foreign Kazakhs: the view of Western researchers] // Bulletin of KazNU. Historical series. – 2011. – №4. P. 133-139 [in Russian] 10 Oktyabrskaya I.V. Kazahi Altaya. Istoriya i sovremennost' [Kazakhs of Altai. History and Modernity] // Etnograficheskoe obozrenie [Ethnographic Review]. – 1997. – № 6. P. 92-102. [in Russian]

11 Sarsambekova A.S. Yazykovye processy u kazahov Omska [Language processes among the Kazakhs of Omsk] // Kazahi Omskogo Priirtysh'ya: istoriya i sovremennost' [Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity]: coll. research works / Ed. Sh.K. Akhmetova, N.A. Tomilov. – Omsk: Publisher-Polygraphist, 2007. P. 187 [in Russian]

12 Tyuntesheva E.V. CHelovek i ego mir v zerkale frazeologii (na materiale tyurkskikh yazykov Sibiri, kazahskogo i kirgizskogo [Man and his world in the “mirror” of phraseology (based on the Turkic languages of Siberia, Kazakh and Kyrgyz)]. – Novosibirsk, 2006. P. 224 [in Russian]

13 Abish A. Modality in Kazakh as spoken in China (Turcologica 107.) Wiesbaden: Harrassowitz. 2016. P. 250. ISBN: 978-3-447-10626-9.

14 Uderbaev A.Zh. Comparative study of phonetic areal phenomena in the language of the Kazakh diaspora in Mongolia: dis. philol. science. – Almaty, 2002. P. 154. [in Kazakh]

15 Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh., Smagulova Zh.S. Novaya yazykovaya identichnost' v transformiruyushchemsya obshchestve: Kazahstan, Kyrgyzstan, Tadzhikistan, Uzbekistan. Metodologiya issledovaniya [New linguistic identity in a transforming society: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Uzbekistan. Research methodology]. – Almaty, 2005. P. 74; Suleimenova E.D. Krizis etnicheskoj i yazykovoj identichnosti [The Crisis of Ethnic and Linguistic Identity] // Dinamika yazykovoj situacii [Dynamics of the Language Situation]. – Almaty, 2010. P. 165-180; Suleimenova E., Akberdi M., Koishybayeva G. Vyboryazyka i korrelyacii yazykovoj transmissii [Choice of language and correlations of language transmission]: monograph. – Almaty: Kazakh University, 2016. P. 184; Suleimenova E.D. Yazyk kak resurs myagkoj sily [Language as a resource of soft power]. – Almaty: Kazakh University, 2018. P. 118; Altynbekova O.B. Etnoyazykovye processy v Kazahstane [Ethno-linguistic processes in Kazakhstan]. – Almaty: Economics, 2006. P. 416 [in Russian]

16 Bokaev B.N., Zharkynbekova Sh.K. Processy yazykovoj i etnicheskoj identifikacii repatriantov Kazahstana [Processes of linguistic and ethnic identification of repatriates of Kazakhstan]. – Astana, 2011. P. 203 [in Russian]

17 Zharkynbenova Sh.K., Bokayev B Global transformations in Kazakhstani society and problems of ethnolinguistic identification // Negotiating Linguistic, Cultural and Social Identities in the Post-Soviet World: – Peter Long AG. International Academical Publishers, Bern. – 2013. P. 247-279. (accessed 15.07.2023)

18 Kalashbaeva B.K., Seisenbaeva A.S. K voprosu repatriacii i adaptacii kazahov-oralmanov Central'noj Azii [On the issue of repatriation and adaptation of the Kazakh oralmen of Central Asia] [Electronic resource]. URL: <http://group-global.org/kk/node/27670> (accessed 15.07.2023)

19 Agmanova A.A. Voprosy kul'turno-yazykovoj adaptacii repatriantov kazahov [Issues of cultural and linguistic adaptation of Kazakh repatriates] // Theoretical and didactic philology. Series Philology. – 2015. Issue 21. P. 68-78 [in Russian]

Моңғолия мен Қытайдан келген этникалық қазақтардың этномәдени және тілдік бейімделуінің ерекшеліктері: зерттеудің теориялық-әдіснамалық және қолданбалы аспектілері

С.Ж. Тажибаева¹, Ш.К. Жаркынбекова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуымен этникалық қазақтар тарихи отанына орала бастады, олардың ата-бабалары объективті және субъективті факторларға байланысты өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. Тәуелсіздіктің алғаннан бері 30 жыл ішінде тарихи Отанына жақын және алыс шет елдерден мыңдаған этникалық қазақтар оралды. Мақалада Моңғолия мен Қытайдан келген этникалық қазақтардың этномәдени және тілдік бейімделуін зерттеуге арналған теориялық-әдіснамалық тәсілдер мен әдістер қарастырылған. Мәлімделген мәселелерді кешенді пәнаралық зерттеу көші-қон контекстінде тіл мен мәдениетті сақтау мәселелеріне арналған және тарих, мәдениеттану, әлеуметтану, социолінгвистика, лингвомәдениеттану, құжаттық лингвистика аясында жүзеге асырылатын ғылыми жұмыстардың кең библиографиялық базасына жүгінудің арқасында мүмкін болады. Зерттеу авторлары осы мәселеге арналған негізгі зерттеулерге шолу жасайды және қойылған міндеттерді кешенді талдау үшін маңызды бірқатар әдістерді ұсынады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы этникалық қазақтардың этномәдени және тілдік бейімделуін зерттеу мәселелеріне қатысты заманауи лингвистикалық рефлексияның қалыптасуында көрініс табады.

Кілт сөздер: көші-қон процестері, этникалық қазақтар, тілдік және этномәдени бейімделу, теориялық-әдіснамалық тәсілдер.

Материал 09.08.2023 баспаға түсті

Ethnocultural and linguistic adaptation features of ethnic kazakhs from Mongolia and China: theoretical, methodological and applied aspects of the study

S.Z. Tazhibayeva¹, Sh. Zharkynbekova¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Kazakhstan

After Kazakhstan gained state independence, ethnic Kazakhs began to return to their historical homeland, whose ancestors, due to objective and subjective factors, were forced to leave Kazakhstan in the first half of the last century. For 30 years of independence, thousands of ethnic Kazakhs from near and far abroad have returned to their historical homeland. The article discusses theoretical and methodological approaches and methods of studying the ethno-cultural and linguistic adaptation of ethnic Kazakhs from Mongolia and China. A comprehensive interdisciplinary study of the stated problems is possible by referring to an extensive bibliographic database of scientific works devoted to the problems of preserving language and culture in the migration context and carried out within the framework of history, cultural studies, sociology, sociolinguistics, linguoculturology, documentary linguistics. The authors of the study provide an overview of the main studies devoted to this problem, and propose a number of methods that are significant for a comprehensive analysis of the tasks set. The scientific novelty of the research is

seen in the formation of modern linguistic reflection on the problems of studying the ethno-cultural and linguistic adaptation of ethnic Kazakhs.

Key words: migration processes, ethnic Kazakhs, linguistic and ethno-cultural adaptation, theoretical and methodological approaches

Received: 09.08.2023

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

FTAMP 16.01.45

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp74-87](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp74-87)

Г.С.Бөкен¹, Қ.К. Молғаждаров¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

Ә. НҰРПЕЙІСОВТІҢ «СОҢҒЫ ПАРЫЗ» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ГАЛЕРЕЯСЫ

Мақалада жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы кейіпкерлер галереясын талдау мақсат етіледі. Қаламгер адамның көркем бейнесін жасауда кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттей білгені зерделенеді. Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын бейнелеуде де орасан рөл атқаратындығын автордың жете тани білгені сараланады. Романның көркемдік сипаты ондағы кейіпкерлер бейнесінің сомдалуымен ашыла түсіп, кейіпкерлер ішінде Әзім мен Бәкизат арасындағы сезімдер тілге тиек етіледі. Әрі кейіннен Жәдігер – Бәкизат, қайтадан Әзім – Бәкизат желілері өзара үндестікте талданады.

Кілт сөздер: парыз, бейне, портрет, тағдыр, Арал, адам.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқында парыз бен қарыз туралы түсінік, дәстүр мен туған топыраққа адалдық жайлы ұғымдар ықылым заманнан бері қалыптасып, атадан балаға мұра болып келеді. Әр ұрпақ осы сұрыпталған қазынаға ие болу арқылы өз кезеңін нұрландырып отырады.

Бабаларымыздың дүниеге, өмірге, туған жерге деген философиялық таным-түсінігі, көзқарасы да бізге атаның қаны, ананың сүтімен дарығанына мақтануымыз керек шығар. Өз туындыларында осы міндетті айқын танытқан атақты жазушы Ә.Нұрпейісов есімін атағанда, онымен бірге тағы да Арал апаты еске түседі. Қаламгер шығармашылық ғұмырының тең жартысын туған жері – Аралға арнаған. Қаламын найзадай білеп, Аралға араша түсу – жазушы ғұмырының «Соңғы парызына» айналыпты. Қазақ әдебиетінде жарық көрген бұл роман осы күнге дейінгі жазылған ромадарынан жазылу үлгісімен де, көркемдік әлемімен де ерекшеленіп тұрады.

КІРІСПЕ

Францияның атақты тұлғаларының бірі Жан Монтальбетти: «Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген қаламгер қарапайым тілмен үлкен шындықты айта білген. Осынау сөз саптаудағы қатал кірпияздығының арқасында Нұрпейісов өзіне ғана тән таңғаларлық қолтаңбасы бар, заманымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген»[1], – деп жазушының руханияттағы дара орнын және оның әдеби дамуға қосқан үлесін байыптады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Шығарма екі кітаптан тұратын роман дилогия. Оқиға бір күн мен бір түннің ғана арасында өрбиді. Негізі шығарма, екінші жақтан баяндалады. Арал теңізінің тартылуымен, адамдардың мейірімінің де тартылуы, өмірлерінің мәнінің жойылуы суреттеледі. Шығармадағы экокеңістік – мұз үсті. Ондағы ізден ешқашан жылы леп еспейді. Кісі де, аң да, құс та, қашқан да, қуған да, бәрі-бәрі мұз үстіне шығып кеткені табиғат пен адам арасындағы қарым- қатынастардың бұзылғанын суреттейтін секілді.

Кейіпкер, персонаж – көркем шығарма барысында оқиғада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді. Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын, іс-әрекетін, мінез-құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылық қалпында көріп-білу үшін сондайлық қажет. Көркем бейнеге тән типтік және даралық ерекшеліктері – тұтас ұғым.

Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік белгілер өзінің даралық, нақтылық қалпын сақтай отырып, типтік мағынаға да ие болады. Кейіпкердің типтік бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп, білуі шарт. Өйткені типтік бейненің типтік қасиет-сипаты неғұрлым жоғары болса, оның танымдық күші де соғұрлым артады [2, 260].

Әдеби туындының тұтастық жүйесін құрауға үлкен үлес қосып, біртіндеп тұрақты эстетикалық қалыпқа айналған ежелгі көркемдік белгілерінің бірі – портрет. Суреткердің даралық стилі көрінуге тиіс маңызды буынға саналатын ол уақыт рухына сәйкес ортақ бір бағыт, әдістің ішінде жалпыға тән сипаттар да жинақтайды.

Адамның сырт сипатына деген тосын әуестік – ықылым заманнан бері келе жатқан әдет. Адам кескінін характер табиғатына жетелер сүрлеу есебінде қабылдай тұрып, біз жекелеген жанрдың барша бітім – жаратылысы хақындағы ұғым – түсініктеріміздің неғұрлым толық, объективті шығуына ұмтыламыз. Осы тілек пішіндеме межесіне алынған кейіпкерге байланысты қаламгер позициясына айқын жол сілтейді.

Бүгінгі прозада кейіпкер психологиясын айтылар сөз, ой, қылық бедерлері бойынша зерттеу – жазушы творчествосындағы характерологиялық принциптердің төрінен табылады. Келбет – мүсін табиғаты өзінің объективті мәнін жоғалтпастан қаһарман болмысының ішкі заңдылықтарына саналы түрде бағындырылады [3, 6-7].

Жазушының қаламынан ұзақ жылдарғы терең толғаныс, табанды ізденістен «Соңғы парыз» дүниеге келді. Кешегі кер замандағы Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдең енді келіп, мына теңіз ортайып, көңіл көншіген шақта Жәдігер, Әзім, Бәкизат болып қайта тірілді». Дәп кешегінің қайта айналып соққан толқыны секілді. Біз дұрыс жүріп, жөн сөз ұғып жүрдік дегеніміз бос сергелдең боп шықты. Өз-өзімізден түтіндей бықсып, көзге күйік, көңілге жүк боп жүр екенбіз. Жоқты бар қыламыз деп жүріп, бардың өзінен айырылыппыз. Жасадық дегеніміз – жасампаздық емес, жерге қарағандық болып шықты. Малданып жүргеніміз – махаббат емес, беті жылтыр ұрғашының қойын жылытуы екен. Әділетке жеттік дегеніміз – әлімжеттіктің әуресі ғана. Өзгеден қалған қоңсық – өзегімізді талдырған таңсық. Өзгеріп бара жатқан өзіміз бе, өзегін бермейтін өмір ме? Баққа тойымсыздық, атаққа тойымсыздық, дәулетке тойымсыздық ... бәріміздің желкемізден түспей дүние тіршілігін бір уыс қылып қусырып бара жатқан кеселге ұқсады.

Романдағы Жәдігер тағдыры Арал тағдырымен ұштасып, Астасып жатқандай әсер қалдырады. Жазушыда көркемдік жинақтау күшті. Сондықтан Судыр Ахмет пен тырыли арық Қарақатын Аралда ғана емес, Алматыда да толып жүр. Еламан сияқты жігіттерге ел іші кенде емес. Ақбала мен Тәңірберген де солай. «Мынау бір Судыр Ахмет екен!» дейтін сөздерді бала кезімізде үлкендердің аузынан естігенде түсінбеуші ем. «Қан мен терді»

оқығанда бір-ақ білдім. Содан кейін тырыли арық Қарақатынды да тани қоятын болдық. «Соңғы парыздағы» Сары Шаяны мына екеуінің әлде немересі, әлде жиендері шығар деп ойлағаным да шын. Қазір біздің айналамызда «заңмен ұратын» осындай жігіттер тіптен көбейіп кетті. «Соңғы парыз» – көткеншек Көшенді, Сары Шаяны, Жәдігерді, Әзімді, Бәкизатты, жуан Жақайымды, Адай шалды, т.т. біздің арамызға әкеп таратқан шығарма сияқты сезілетіні рас, шын мәнінде біздің арамыздан осыларды жинап алған. Біз сонда барып, ой мынау анау ғой, ал әне біреуісі... деп шұбырта жөнелдік. Ал өзін-өзі көріп қалғандар не болды екен?

Бұлар өмірде бар ұлттық характерлер жиынтығы және жалпыадамдық типтер. Маған Жәдігер мадам Боваридің күйеуін есіме түсірді, ал Бәкизат соның өзі. Бовари жауын-шашында, түнде де, күндіз де көңілдесіне қарай жүгіріп бара жатпаушы ма еді. Ал Әзімнің Флоберде бірнеше типі бар.

НӘТИЖЕЛЕР

«Соңғы парыздың» оқиғасы сең үстіндегі Жәдігердің, одан кейін барып қосылған Бәкизаттың, Әзімнің төңірегінен өрбиді. Баяндау бір нүктеден, Арал теңізінің үстіндегі мұзда жүріп жатыр, Жәдігердің төңірегінен өрбиді. Мұндай шығарманы оқуға қиын деп те ойлауға болады. Бір шығармалар бар. Монолог, психологизм дейді де, бір нәрсені езіп айта береді. Онысы шындыққа келе де бермейді. Оны оқу қиын, оқығың да келмейді. Ал «Соңғы парызда» оқиға көп болмаса да, айтылатын әңгімелердің өзі тартымды. Роман ішінен ондаған әңгіме, көптеген микроновеллаларды бөліп алуға болады. Осы бөліктің өзі жеке әдеби объект қызметін атқарып кете береді. Оқиғалы ішкі монологтар көп [4, 87].

Сондықтан, дәл осы «Соңғы парызды» оқырманға оқуға қиын шығарма деп есептей алмаймын. Ішкі монологтар, авторлық баяндаулар болды-ау деген жерінде тоқтап отырады. Шынайы оқиға, шынайы образ, шынайы мөлшері өлшеулі психологизм көркемдік мақсатқа ғана қызмет етіп тұр. Романда символдық образдар бар. Қайтқан теңіз, артындағы із. Артындағы із дегенді айтқан сайын әркім-ақ әртүрлі ойға келер. Әркім-ақ артына қарап, өткен ізін барлап, өмірім «ырың-жырың» боп өтпеді ме осы деп әлденеше рет ойланбады ма екен осы «Соңғы парызды» оқу үстінде? Ең әуелі адам, туған жер тағдыры мен ұлттық құндылықтар шешімін табу керек. Сөйтсе ғана елден көшкен халық, Адай шал қайта оралады. Ана баласына кейімейді, жар жұбайынан жерімейді, бала жарымжан тумайды. Көткеншек Көшендер ешкімге тұлға емес. Баяғы тырыли арық Қарақатынның ұсқыны құсап, тілінен у төгіп отыратын Көшеннің өмірге де, Құдайға да, адамға да өкпесі қара қазандай. Осындай «ырың-жырың» өмір кешіп жатқандарды Арал сияқты картадан көре алмайсыз. «Соңғы парызда» жазушы осыны қазаққа айтуды парыз санағандай...

Бір-бірімізді аяқтан шалдық. Ғайбат сөйледік. Қанағат, мейірім азайып барады. Кеше екі бірдей дүние жүзілік соғыс ашып, дүниені уысымда ұстаймын деп астамшылдық пен алауыздыққа тізгін берген батыстың киген таз кепешін енді біз киіп қалмасақ игі. Осы астамшылықтан, осы алаңғасарлықтан қазіргі көзі тірі жүргеніміздің бәрі – бірі – аз, бірі – көп, сауы жоқ» – дейді Жәдігер кейіпкеріміз.

Осыншалық ой тарқатқан роман жарыдан аса зая тағдырлар туралы философияға табан тірейді. Кешегі жаһандық соғысты бастан кешірген Хемингуей, Белль, Ремарк, По өздерін зая ұрпақымыз, сол соғыста баз кешкен ұрпақтың үніміз деп егілмеппіз еді. Енді мына әлеуметтік озбырлық пен өзара менмендік, мансапқорлық, алауыздық кеулеген, сырт көзге дардай, ішіне үңіліп көрсең – бордай үгітілген ұрпақты – зая тағдыр деп түстеп, түгендейді ілкімді қаламгер. Бір адамның немесе екі адамның жан әлеміндегі алай – дүлейді түкпірлеу арқылы әлеуметтің, қоғамның әлеуетін тінткілеу – «Соңғы парыздан» басталады десек асыра айтқанымыз емес.

«Соңғы парыз» романы алғаш рет 1998–1999 жылдары «Жазушы» баспасынан жарық көрген болатын. Роман үш қана кейіпкердің (Бәкизат, Жәдігер және Әзім) жан дүниесіндегі ақаулығына, шырғалаң сезімдеріне құрыла отырып, бір дәуірде болып өткен оқиғалардың

көркем шежіресін береді. Ол бірінші кітапта «Сондай да бір күн болған» және екінші кітапта «Сондай да бір түн болған» деген атпен суреттеледі.

Автор бірінші кітапта үш кейіпкердің, басқаша айтқанда, үш түрлі тағдырдың бірде бірігіп, бірде кетісіп, бірде араздасып табысатын адамдардың өмір жолын қоғам мен замана және уақытпен тығыз бірлікке ала отырып суреттейді.

Алдымен оқырман адалдықты, адамдық асқақ арманды мақсат тұтқан, туған жеріне, туған еліне перзенттік парызын адал еңбек, маңдай терімен өтемекке бел буған тағдыр иесі Жәдігермен танысады. Одан соң дәл сондай туған жеріне, еліне деген парызын пысықтықпен, оза шауып бәйге алумен, атын шығарып атақ алумен өлшейтін, ісінен сөзі көп академик Әзімді көреді. Осы екеуінің арасындағы үшінші тағдыр иесі – Бәкизат, кешегі, бүгінгі, ереңгі қоғамдағы қыз, әйел бейнесі. Алғашқыда сымбатты, алғыр да пысық Әзімді армандаған қыз қиялы жүзеге аспай, кейіннен күшті әрі төзімді, салмақты да сабырлы Жәдігердің жары болады. Екінші кітапта үш кейіпкердің ауыр да азалы, қиын да күрделі, қараңғы түні баяндалады.

Ерен еңбегі еш болып, елінің де, туған жерінің де берекесі кетіп, ұрпағы кеміс, ауру болып, жары опасыздық жасап сергелдеңге түскен Жәдігер сондай бір түнде сең үстінде жан тапсырады [5, 476–477].

Жинаған абыройынан, иеленген атағынан, сенген серігінен айрылған Әзім сол түні достарын өлімге қиып, еліне қарабет болып, беті ауған жаққа лағып кетеді. Әйел болып, келін болып, арыны басылғанымен, ұрыншақ ұрғашының ұры желігі басылмаған Бәкизат сол түні өз күнәсінің, өз қылмысының тұтқынына айналды.

Романда сөз болған мәселелер оқырманды жай қалдырмайды, өткен өмірдің ащысы мен тұщысы, күні мен түні барынша шынайылықпен баяндалады. Роман адамның кешегісін, бүгінін, сондай – ақ ертенгісін суреттеп отырып, қоғамның, әлеуметтік ортаның, туған жердің бүкіл тіршіліктің апатты экологиясын көркем тіл, кемел бейнелермен жеткізуімен құнды.

Жалпы екі бөлімнен тұратын диалогия фабуласы былай қарағанда қарапайым дәстүрлі «үштік» арасындағы тартысқа құрылған.

Фабула (лат. *fabula* – аңыз, әйгіме, мысал) көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Фабула сюжетпен көптеген өзіндік өзгешеліктермен ерекшеленеді:

1) оқиғаны мазмұндау, баяндау тәсілімен, яғни оны өмірде болып жатқан рет-ретімен емес авторлық шегіністер, орын ауыстырулар арқылы беру;

2) айтушының болып жатқан оқиғаға қатыстылығымен. Мұның бірнеше жолы бар: алғашқысында автордың оқиғаға қатыстылығы сезілмейді, енді бірде айтушы оқиғаның ортасында жүреді;

3) шығарманың белгілі бір формада баяндалуы, мысалы, естелік, күнделік т.б.

Фабулалық тәсілдерді қолдану арқылы автор оқиғаның баяндалуын бірде үдетіп, бірде бәсеңсітіп отырады, кейіпкер көңіл-күйінің қалтарыстарын ашып, образды жан-жақты ашады [6, 527].

Бір қарағанда бұл фабула жаттанды махаббат драмасы, шиыр тұяқ тақырға айналған тақырып секілді. Міне, осы таптаурын шындықты жазушы кең байтақ жасыл жазира еткен. Жәдігердің шағын отбасы трагедиясы мен заман трагедиясы тығыз байланыста суреттеледі. Жер де, адам да азып барады, – дейді роман.

Жалпы, романның көркемдік сипаты ондағы кейіпкерлер бейнесінің сомдалуымен ашыла түскен. Бастапқыда Әзім мен Бәкизат арасындағы сезімдер тілге тиек етілсе, кейіннен Жәдігер – Бәкизат, қайтадан Әзім – Бәкизат желілері қосылған. Студенттік өмірдің алғашқы күні басталғаннан-ақ Жәдігердің досы Әзімнің бет-бейнесі ашыла бастайды. Алғашқыда ол қарадай қысылып-қымтырылып қара терге түссе, артынша бұл ортаға бой үйретеді. Бәкизаттың қасындағы қыздардың мысқылына, «сұрақ-шабуылына» еті үйренеді.

Басты кейіпкерлердің бірі Жәдігер – адал, шыншыл әрі еңбекқор жан. Әзім екеуі жастайынан бірге өсіп, бір мектепте оқып, арман қуып астанаға да бірге барады. Өте ұяң, айтар сөзін үнемі іркіліп айта алмай қалады. Әзімге адал дос, сырлас бола білді. Ақ

көңілдігін, аңғалдығын пайдаланып Әзім үнемі алдап соғып, келемеждеп, орайы келсе жұрт алдында масқаралап отырады.

Жәдігер Әзіммен санаспайтын, оны өзінен жоғары санайтын. Үнемі бірінші, алда болғысы келетін досының жолынан кесе-көлденең жүрмеуші еді.

«Ұзын қара кісі соңында шұбалаңдап жатқан ізіне қарап тұр: әлгінде келген жағына көз салғалы артына бұрылғанда, назары осы ізге түсті де, жанарын ала алмай арбалып қалғаны. Неге бұйтті? Оны өзі білген жоқ; бар білгені – соңына салған мына сілбу іздің қимылынан сөлекет бірдеңе сезе ме, қалай? Мына іш пыстырғандай сылбырлық реніш шақырғандай әлденеге ұқсай ма? Тоқта ... Сонда неге ұқсауы мүмкін? Бәсе осы сылбырлық емес пе он үш жыл бойы Бәкизаттың жүйкесін құртып біткен? Соның аяғы бұл, міне, айдалада, аңыраған ашық теңіз үстінде тұр», – деп басталатын роман Жәдігердің жан дүниесі, мұңы арқылы бүкіл қазақ даласының жай-күйін, нашар халін байқатады. Бұл мұңды Жәдігердің аузымен айтқызады.

«...Өмірдегі шаршаған адамның сілбу ізі басқа емес, бұныкі ... Және бұның өзін пәш етіп тұр. Ізі – өзінен, өзі – ізінен аумайды...» [7, 13-14]. Жәдігердің шаршап басқан сілбу ізінен өткен өмірін көрсетеді. Өмірі арпалыс, шырғалаңмен өтті. Жалпы адамзаттың жүріп өткен жолынан, қалдырған ізінен оның өмір тарихын байқап, бағамдауға болады.

«Жә, кісіден көретін не бар. Бұның басына қара бұлт үйірілген бақытсыздыққа кінәлі біреу болса, ол басқа емес, бұның өзі еді ғой. Өзі кінәлі еді ғой! Бәкизат? ... Жоқ онда кінә жоқ» әрине адам әрқашан кінәні өзінен іздеу керек. Жәдігер өте кінәмшіл адам, сондықтан ол өз басындағы бақытсыздығы мен келеңсіздіктерге тек өзін кінәлайды. Бұл адам бойынан табыла бермейтін қасиет. Жәдігердің қарапайымдығының өзі жұртқа үлгі боларлық. Басшы болып кекіреймей, балықшылармен бір қоста жатып, бірге жұмыс істеп, оларға барынша көмектесуге тырысатын.

Жәдігердің жүріс-тұрысындағы сылбырлық бастапқы кездерде оның мінез-құлқындағы босандықпен, отбасылық тірліктегі раймен етене жақын.

Қай жағынан алып қарасаң да Жәдігер образы жазушының «Қан мен тер» трилогиясындағы Еламан образына ұқсас. «Еламанның әдеттегі жуастығына қарап, кесек әрекет күтуге болмағанымен, қайратты еңбекке жаралаған тұр-тұлғасы бұл адамның көзі жеткен іс үшін ешнәрседен тайынбайтын бірбет қайсарлығын сездірмей қалмайды. Ағайын-досқа, жарына ізетті жас балықшы тұрмыс-кәсіп төңірегіндегі әлеуметтік істерге келгенде көпке ілесуші емес, - жетекші, шексіз намыс иесі» [7, 34-35].

Міне осындай өжеттік пен еңбекқорлық, ізеттілік, намысшылдық Жәдігер бойында бар қасиет. Қамау судың балығын аулау үшін тәуекелге бел буып, әлі қата қоймаған мұз үстіне шығуға ешкімнің батылы жетпей тұрғанда, Жәдігер салдыраған мәшинені айдап, жұрттың «қой, қойлағанына» қарамастан арғы бетке жетеді. Бірақ осы ісіне тәуекел етсе де өзіне сенімсіз болып, басына талай ойлар келіп, бәлкім өмірмен қоштасар сәтім шығар деп, тілі күрмеліп, иманын үйіреді. Сәтін салып арғы беттегі қамау суға аман-есен жетіп, балыққа қарық болады. Тәуекелшілдік, қауіп-қатерге басын бәйгеге тіккендей тігу бұл да Жәдігер бойындағы қасиеттердің бірі. Сол тәуекелшілдіктің арқасында үкіметтің жүктеген міндетін, тапсырмасын дер кезінде орындады. Қанша үрейленсе де, ажалмен арпалысса да, алған бетінен қайтпады. Мұз үстінде өліп кетуге де бар еді.

«Жаңағы күтір еткен мұз зәре алып қана қоймай, кідірмей тағы қайталанарын білді. Жә, қорқары жоқ ... Қайталаса қайталансын. Неге күл-талқаны шықпайды. Бұл сорлының татар дәмі дарияның арғы бетіне өтуге жетпей, қаласа мына табанастында сықыр-сықыр майысқан тілдей мұздың бір жерінде таусылса құба-құп. Бұнда ала алмай жүрген өші бардай, өмір бақи өкшелеп, соңына түсіп алған тасбауыр тағдырдың бұған әлде де қылары болса қылып қалсын. Аспанды үстіне құлатса да мейлі! Тек сол болса тезірек болса екен! Тез болғанда да тап кәзір болса екен! Бәлем, бұл сүйтіп сазайын тартса екен» [7]!

Әзім – Тілеу – Қабақтан. Тілеу – Қабақ – осы өңірдегі халықтың негізгі ұлтаны болып саналатын іргелі үлкен ру. Ал, Жәдігерлер бас-аяғы бес-алты үй кірме – Жақайым.

Жәдігер үнемі ой үстінде жүреді. Ой дегеннен гөрі уайым, ішкі жан дүниесіндегі күмәнмен арпалыста жүреді. Бір күні сол күмәні расталып, адам айтса нанғысыз күй кешеді. Сүйген жардың опасыздығынан ауыр не бар бұл дүниеде. Жәдігер өз жарынан, мынау әлемнен жерініп, мәре-сәре күй кешеді.

«Қар жауар алдындағы қара суық сүйектен өтіп барады. Бұл үйге қарай бұрыла берді де, кенет көшенің арғы бетіндегі үлкен үйге көзі түсті де қалшып тұра қалды. Ақ жібек тұтқан самаладай терезеге біреу жақындады. Кірпігін қағып қап, қайта қарап еді; шашын тоқпақтай ғып желкесіне түйген әйел терезе алдына жақындап келе берді. Сұлу мүсінін сырттағылар да қызықтасын дегендей, шам жарығы аямай-ақ шұғыласын төгіп тұрған ақ жібек пердеге көлеңкесін түсіре қырындай тоқтап еді; дәл сол сәтте келіншектің оңашаланып шыққанын аңдып тұрғандай бір сұңғыла еркек сап етті. Келіншек қатарласа берген еркекке еркелей мойын бұрды. Бұл көзін уқалап жіберіп қайта қарады. Қолы қалтырап кетті. Бұл не, түс пе, өң бе? Әлде мынау да бұның осы күндері басынан кешіп жүрген түсініксіз өмірдің жалғасы ма? Көкірек тола күдік қайдағы бір елеске жан бітіріп, жүрегін тырнап жатыр ма? О да мүмкін ғой?». Жо-жоқ, бұл елес емес, Жәдігердің сүйген жары Бәкизаттың нақ өзі. Көзімен көре тұра өзін-өзі алдап, елеске жорып, Бәкизаттың «неге сол жағыңа қарай бересің?», «сен осы сырқат емессің бе?» – дегенін еске түсіріп, кінәні өзінен іздеп, «Тоқта-тоқта ... Бұл жаңа терезе алдындағы елесті қай жағымен көрді? Оң көзі ме, сол көзі болар? Иә, сол көзі ...» – деп өзін барынша алдарқатты.

Бірақ ақиқат – біреу. Өлгі терезе алдынан көрген өз жары Бәкизат пен балалық шақтан бері бірге өскен досы – Әзім еді. Жәдігер ер мінезді, намысшыл бола тұра ұяңдығына салынып қызбалыққа бой алдырмады.

Автор Жәдігерді мейлінше салқынқанды, сабырлы етіп суреттеген. Бұл да автордың кейіпкерлер мінезін суреттеудегі ерекшелігі, әрі өмірдегі шынайылық. Себебі, өмірде ақылдының да қателесер кездері болады. Ер мінездінің де езілер кезі де болады.

Өздерін өздері алдаусыратқан далбаса тағдыр. Адал жүріп, адал тұрып, абырой табам; адал жүріп, адал тұрып ортаға жағам, адал жүріп, адал тұрып туған жерімді гүлдетем; адал жүріп, адал тұрып Аралды аман алып қалам. Бұл – Жәдігердің болмысы. Некелі жарынан бастап, көз таныстарының бәрі еңбек ері деп кекететін еңбек адамының болмысы. Адал жүріп, адал тұрып, дегеніме жетем деп жүргенде айдыны сарқылады, ағайын-аумағы жел қуған қаңбақтай жан-жаққа бытырап кетеді, еңбегі еш болады, нақұрыс бала сүйіп, опасыз жар құшады, ошағы ортаға түсіп, бейуақатта бет алды лаққан сеңнің үстінде бейнетпен жан тапсырады. Адал жүріп, адал тұрып, арам өледі [8, 46].

Бәкизат – өзімшіл, еш нәрсенің қадірін білмейтін, жылтырағанға жаны құмар әйел еді.

«Құрбы жігіттер суға бірден түсе қоймай ананы бір, мынаны бір әңгімелеп отырып, өздері бұрын-соңды көрмеген бейтаныс қыздың қастарына келіп қалғанын кеш байқаған еді; онда да қыздың өзін байқаған жоқ ...

Бір бүйірден қадалған сұғанақ көздердің сұғы өтті ме, бейтаныс қыз жаңа бұлардың жанынан өте бергенде әнтек қысылып, аяғын абыржи алғанда сусылдақ топырақ борап кеткен-ді [7].

Бейтаныс қыз көп ұзамай, анадай жерге барды да, бұларға сырт айнала бере шешіне бастады. Құрбы жігіттердің қырағы көзі байқап отыр: мынау кім де болса қала тәрбиесін көрген. Бұнда келгеніне біраз болған сияқты. Аралдың өрттей ыстық күні мен аптап желі аялаған жас дене құдды балқыған мыс буына тотыққандай. Қос самайлығы бұйраланған қалың шаш иығының басына түсіп кішкене қозғалса да желк-желк етеді.

Қыз бұларға назар аудармады; ақыл-есі ауысқан кісідей аңтарылып қалған екі ашық ауыз бұл дүниеде бар ма, жоқ па, оған бәрібір сияқты; шашын артына қарай бір сілкіп тастап, теңізге бет ала берген-ді.

... теңізге беттеген қыз суға башайының ұшы тиер-тиместе кілт тоқтады да, маңдайы аумай тұп-тура өзіне қарай келе жатқан жігітке бұрылып қарады. Мына жігіттің он екі мүшесі әлде бір шебер қол ерінбей-жалықпай бас-басына бір-бірлеп қашап істегендей мінсіз екен. Қыз бас-аяғына асықпай көз жүгіртті де, бағанағы мысқыл күлкіні

бетіне шаптырып, теңіз суына қымсынбай кіре берді» [7]. Міне, Бәкизаттың Әзіммен, Әзім арқылы Жәдігермен танысуы теңіз жағасында осылай басталды. Кейін Әзім екеуі қыз бен жігіт боп жүрді.

Ол кезде Жәдігер мен Бәкизаттың жылдар өте келе бас қосатыны үш ұйқтаса да түсіне кірмеген еді. Жәдігер Бәкизатты досының сүйгені деп сыйласа, Бәкизат сүйгенінің досы өзіне де дос деп қадір тұтып, оған қыз іздеп әуреге түсетін.

«Бәкизат бірінші күні-ақ бұны таң қалдырды. Оқуға қаншалық ыждаһаты бар-жоғын білмесе де, ал қоғамдық жұмыс десе құлшынып кететін бір пәлесі бар екен ...

ТАЛҚЫЛАУ

Бірінші курсты бітіріп келгесін балықшы ауылдың жастарын ұйымдастырып Орынбор жағалауына апарды. Жағаға тікен екі палатаның бірінде – ер балалар. Екіншісінде – қыздар. Ер балаларды – Әзім, қыздарды – Бәкизат басқарды». Әзімде бар өзімшілдік, билікке құмарлық, қоғамдық жұмыстарды белсенді орындау сияқты мінездер Бәкизат бойынан да байқалады.

«– Қыздар! Қыздар! – деп орнынан атып тұрыпты да, – Қыздар, бері келіңдер! Міне ... Міне, қараңдар! – деп бойтұмардағы жазуды әр қызға бір көрсетіпті, – Көрдіңдер ме? Міне ... Міне, оқыңдаршы! Мамам “шарап іште. Шампан іште” деген ғой. Ал, бірақ сыра іште деген жазу жоқ. Ал, кеттік! Сыра ішеміз.

Сол күні Бәкизат сыраны қыздардың бәрінен көп ішіпті. Келесі күнне бастап қыздар палаткаға сумка-сумка сыра әкеліп, жігіттерден жасырып ішетін бопты. Босаған бөтелкелерді дүкенге тапсырмай, палатканың о жер-бұ жеріне құмға көме беріпті» [7]. Міне Бәкизаттың осындай келеңсіз, оғаш қылықтары түзде байқалады.

Жәдігердің Бәкизатқа деген сезімі жоқ емес еді, бірақ ол өз-өзін тежей білетін, Әзімді сыйлайтын. Бірақ мына жағдай Жәдігердің Бәкизатқа деген сезімін оятқан секілді.

Қыз бойында осындай батылдықпен қатар нәзіктікте бар еді.

Шеттегі балықшы ауылға ойда жоқта тап болған тосын бикеш бір жылы туып, бірге өскен екі жігіттің де тағдырын кездейсоқта шортан түсіп кетіп, дүрліктірген көлшіктей, арнасынан асырып, аласапыранға түсіреді. Екі жігіт, бір қыз. Екі еркек, бір әйел.

Жалғандықтың кірмейтін тесігі жоқ. Соның кесірінен мына жалпақ дүниеде теңіз тартылып жатса, жалқы тірлікте де талай өмір өксуде. Жалғандық адамның ең рухани кеніші–жүректі де жайлап алған. Бәкизаттың жалған махаббаты жары Жәдігерді де, өзін де жарға жықты.

Бәкизаттың Жәдігерге жасаған қиянаты, өкініші, Жәдігердің сырт келбеті мен ішкі жан дүниесін оқуы өз мұңына ортақтастық аңсау ниетімен тамырлас. Бұл эпизодта философиялық-психологиялық асоциациялар портрет шеңберінен асып, шығарманың образдық, тартыс әлемдеріне ұштасатын, жазушының идеялық-моральдық концепциясына сай биіктен табылатын кең өрістілік танытады.

Бәкизат ахуалы «Қан мен тер» трилогиясындағы Ақбала тағдырын еске түсіреді. Ақбала да Бәкизат секілді Құдай қосқан қосағынан жериді ғой. Мұндағы ұқсастық – Ақбала да, Бәкизат та көрсоқыр сезімнің жетегінде кеткен. Екеуінің де нақсүйерлері адал махаббатқа лайықсыз боп шығады. Тәңірберген жүрегін қатыгездікке жеңдірсе, Әзім әлжуаз, өзімшілдігіне жеңдіреді.

Бәкизат пен Ақбала тағдырының осындай ұқсастығы мен қатар, елеулі айырмашылығы да бар. Ақбала Тәңірбергеннен ажырасқан соң жел аударған қаңбаққа ұқсайды. Еламан тұрсын ата-анасына да керегі болмай қалады. Бәкизат олай емес. Ол іштей түлеп үлгерді және қас қағымдай сәтте. Бәкизат жаны бір тәулік емес-ау, – бір түннің ішінде Әзімге суынады. Өзінің жүрек қалауы Әзімнің уақ кісі екеніне көз жеткізеді. Бәкизат кісі танымағанына өз күйеуінің әлдеқайда ірі азамат екенін сезбей келгеніне опынады. Іштей жуылып Жәдігердің жаны қалса екен деп, Құдайдан тілейді. Осы күрт өзгерісті жан диалектикасына жетік зергер сенімді суреттейді [9,29].

Жігіттің сұлтаны сұлудың сұлуына ғана бұйырады деп ойлайтын өзімшіл қыз озат шәкірт Әзім өз күйкі есебіне бола одан безініп кетеді. Сұлудың сұлуына күштінің күштісі бұйырады деп ойлап, денесі алып мінезі ауыр, төзім мен сабырдың жиынтық құмсайындай Жәдігердің етегінен ұстайды. Ол күні-түні көк теңізді кешіп, көк терге малшынған, мөжан топай тірлік құрғанымен қоймай, оны да ешкім білмейтін, ауылдағы ешкім көрмейтін сұлу әйелдің күллі көмеш тұрмысының тұтқынына айналдырды. Асау арудың арыны басылғанмен, ұрыншақ әйелдің ұры желігі басылмайды. Көне иісті сағынып, баяғы көз танысты артынан іздеп барып, азды-көпті қызыққа батады. Сөйтіп аңсарын арзымсыз заман өз аяғынан айдап әкеп, өз бауырына қайта қуып тығады.

Дегеніме енді жеттім бе деп тұрғанында, аяқ астынан ауа райы бұзылып, ыққан сеңнің үстіндегі қашқан күйеуінің қасына қайта шығады.

Нұрпейісовтің Әзімі – жаңа заманның қазағы, құштарлықтың құлы. Жұрт алдына түсіп, жұрттан артық болам деп жүріп досын алдайды, сүйген қызын опат қылады, ағайын-туысынан безеді, өзі шомылған Аралды саудаға салып, пайда көзіне айналдырады. Ақырында сергелдеңге түсіп, бар болып жүріп жоқтың тіршілігін кешеді.

Қыз кезінде Бәкизатқа қырындап жүрген Әзім кенет нілдей бұзылады. Кінә Бәкизатта емес, бақай есебі мығым Әзімде еді. Арада он үш жыл өтеді. Балалы-шағалы отбасының ақжаулығы Бәкизат сонда да Әзімді ұмытпайды. Ақыр аяғында Әзім құшағына қайта құлайды. Академиктің ашынасына айналады.

«Теңізі тартылған, жері азған, елі босқан» Жәдігердің бүкіл тағдыры замандасына былай дегізеді: *«Есалаң сорлы, есіңді жи! Оңың мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойраны шыққан мына дүниенің ертең не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді»* [7].

Жері азған, елі босқан жалғыз Арал ғана ма екен? Сондықтан «Соңғы парыз»: адамзат үлкені, кішісіне, басшысы мен қара табанына қарамай табиғат, қоғам алдындағы борышын қайтаруға міндетті дейді. Ол міндет қалай өтелуі керек? Нұрпейісов романы мәселені төтесінен қояды. Бәрі-бәрі адамның өз қолында. Шығарманың мына бір жолдарына назар аударсақ:

Әнеубір жылдардағы «ай құлағын әлдилеген ғажайып хикая ма, ертеке пе, әйтеуір адамның аңсары ауып, арманын үздіктірген алдағы жарқын болашақты» айтқызу романда академик бейнесі тақырыбына беріледі. Сондай әңгімеге қарық қылып жүрген Әзім бір күні тыңдаушы ауылдастары тілек айтады.

«Әзімжан-ау, не ойлағаның бар? Аузы-басына қарап отырған теңіз тартылды, балық құрып кетті. Кәсіп қалмағасын шамасы келгендер қатын-баласын жетелеп көшіп жатыр. Арқа тірер азаматым ... асқар тауым-ау, сен бұған не дейсің?» [7]

Әзім сырғақтайды.

«– Болады... болады, ақсақал, кішкене шыдаңдар, – деді де орнынан тұрып кетті». Адам өтірікке тойынып бітті. Сан жылғы қияли арман – коммунизм енді бір жиырма жылда орнап қалар деп гөйітіп еді, мұнысы алыстан бұлдырыған сағым боп шықты. Жәдігердей кейіпкердің тақырыбы – міне, осы жалғандықты, бос уәдені кәсіп етіп алғандарға қарсы өшпенділік, қасастық. Сол себепті роман уытты сатира тілін безегіш. Үш адам, жаңағы «үштік» – Жәдігер, Бәкизат, Әзім теңізде мұзбен бірге ығып барады. Зәре жоқ. Жандары мұрнының ұшында. Сондай қиын мезетте де Жәдігер бақталасы, қорқып тұрған Әзімге: *«Аралдың құрығаны елге құт дегенің қайда?»* – деп қалды.

Роман Әзімдей жалғаншы ғалымның ішкі монологын дөңгелете келгенде, бар қылмысын өзіне мойындаттырады. Бірақ Әзім кінәні жалғыз өзінің мойнына артқысы келмейді. Келтіретін дәлелінің жөні жоқ дей алмайсың. Жазығы – жоғарының дегенін бұлжытпай істеді. Сондан соң бастықтардың алдында бас изеп шыбындаған жалғыз Әзім ғана емес шығар. Сынын сатылап жоғарылата береді. *«... Қиямпұрыс, қисық істі бастаған бұл емес; Түрікпеннің Бабаевы да емес, Москвада отырғандар!..»* – деп бір кетеді. Артынша семсерін сол кездің идеологиясына сілтейді.

Өстіп «Соңғы парыз» бүкіл елдің берекесін кетірген жалғандық құртының жайлаған мекенін табады. Әзімдей академик болып қомпайып жүргендер – Қазақстанда, және басқа елдерде де көп.

Әзім мен Жәдігер екеуі түйедей құрдас еді; екеуі бір жылда туды; онжылдықты бірге бітірді; институтқа бірге талаптанды; бірақ екеуі де алғашқы сынақтан құлап, ауылға қайтып келді. Сол жылы екеуі әскерге бірге аттанды; мерзімін өтеген соң, әскерден екеуі де бір жылда оралды; сонан... иә, сонан былайғы өмірдің талай шырғалаңын бастан бірге кешкен – ді.

Тек кейін бақыт қуған бала жігіттердің өмір жолы екіге айрылып, институт бітіргесін Әзім – Астанада қалып, Жәдігер «Аралым, менің, Аралым» деп ауылға тартып отырады. Әзім шырқап өсті. Оның өсетініне Жәдігер күмәнданған емес. Баяғы бала кезде балықшы ауылдың күнге күйген қара сирақтарының ішінде ұзын бойлы ақ сары бала жұрт көзіне бірден түсетін. Зейінді, алғырлығына сенгесін басқа балалардай сарылып отырмай, сабақты жүрдім-бардым оқитын. Есесіне екі бетінен оты шығып тұратын әдемі ақ сары бала көп арасын киіп-жарып ән салатын жерде тартынбай ән салды, домбыра тартатын жерде тартынбай – домбыра тартты. Балықшы ауылда үрдіс болмаған биге де бұйығы балалар бірінің тасасына бірі тығылып баспай қойғанда, ол қара көзі жайнап бірінші боп шыққан-ды.

Сондайда жазатайым кейде даусы жетпей, кейде қолы келмей қалғанда көлденең тұрған қыздар қараптан-қарап қысылып бетін шымшып жатқанда, бұл жасу орнына қайта қара көзі шоқтай жайнап: «дәнеңе қылмайды. Келесіде көкесін танытам» – деп едірендеп тұратын; десе дегендей келесіде әнді де, күйді де, биді де дұрыстап алатын. Он жыл бірге оқығанда осы досының бала боп, сірә, тауы шағылып, ажары қайтып мұқалғанын Жәдігер көрген емес. Тарих пәніне беретін ағайдан бүкіл бала зәресі қалмай қорқатын. Осы тарихшы ағайдан екі алып қалғанда да бұл заңғар басқа балалардай ұнжырғасы түсіп, танауын тартқылап көрген жоқ-ты. Ертең шаруалар көтерілсін өткенде бәрібір бес аламын деп басы қақшақтап тұратын.

Әзім – жастайынан зерек, алғыр, ауыл балалары ішінен ерекше көзге түсіп тұратын болған. Өзі оқшау, ерекше болуды қалайтын Әзім тәуекелшіл және сол тәуекелшілдіктің арқасында көп нәрсеге қол жеткізді.

Институтқа түсер кезде бұл (Жәдігер) мына тұрған Алматыға тәуекелі әзер жеткенде, Әзім Мәскеуге жалғыз тартады. Жәдігер бірінші сабақтан құлап, анасы берген азғантай ақшасын қала көрген қу мүйіздердің сырасына сауғызып қайтып келсе, Әзім жарқылдап ауылда жүреді. Ана қалтасы да, мына қалтасы да будақ-будақ ақша. Сол жылы ата-аналар оқуға түсе алмай қайтқан балаларға ренжігенде: «Өзіңдей Әзімге қарашы. Оқуға түспесе де, ақшаны күреп қайтты,» – деп ұрысатын.

Ол кездер де Әзім Жәдігерден сыр бүкпейтін. Ішек-сілесі қата отырып, ақшаны қалай тапқанын айтып берген – ді: сүйтсе, бұ да бірінші сабақтан құлапты. Әкесі берген азғантай ақшаны оны-пұныға жұмсап қойыпты; енді елге қайтайын десе, қалтасында бір тиын қалмапты; «ә» дегенде сасуын сасса да, бірақ зерделі алғыр бала ақыл тауып сүйікті көсемге хат жолдағысы келіпті; бірақ ауылда оқыған бала Виссарионға неше «с» жазу керек екенін білмепті, қасындағы балалардан сұрауға арланыпты. Киоскаға барып газет сатып алып, өзін қинаған «с» әрпінің сыласын тауыпты. Көсемге жазған хатқа іле-шала келген жауапта Қазақстанның Мәскеудегі Тұрақты өкілдігіне баруға кеңес беріпті. Онда барса алдынан ыңырсып сөйлейтін арық қара шығыпты да, сұраған ақшасын ұстата сапты. Тегін ақшаға қуаныпты. Тек былай шыққасын жаңағы қалақ қараның қабақ шытпай бере салғанына қарап, аз сұрағанына өкініпті. Сол өкініш ойынан кетпей қынжылып келсе... Өзімен бір бөлмеде жататын сепкіл бет, сары бала жылап отыр. Бұл «не болды?» деп сұраса, ту Қиыр Шығыстың қиян шетінен келген неме емес пе, жаңа киоска алдында қызыл ала журналдың сыртында қылыш асынған қолбасыны қызықтап қарап тұрғанда ... «Ақшам... қалтамдағы ақшамды...» деп аржағын айта алмай еңіреп қоя беріпті. Жүрегі зу ете қалған Әзім ақша салған қалтасын ұстай алған еді...

Жаңа бұ да сол киоскаға соққан-ды. Бұ да ауылдағы қатындардың күлдәрі көйлегіндей алабажақ журналды көрген. Журнал сыртында сары ала қылыш асынған қолбасының қошқар тұмсығы мен әр шалғысына уыс толғандай мұртына есі шыға қызығып қараған еді;

Сол түннің ертеңіне ол төсегінен тұра сала кешегі қалақ бет қараға қайта барып: «аға, кеше... Сізден шыққасын киоскадан газет алайын деп тұрсам...» – деп ақшасын ұрлатып алған сепкіл бет баладан аудармай кемсеңдей бастаған екен, қалақ қара: *«қазақы бала, бала емес»*, – деп басын шайқапты да, бұл жолы да бір уыс ақшаны ұстата сапты. *«Сүйтіп, айналайын, астанадағыларыңды да екі жеп биге шықтым»*, – деп, Әзім сусылдақ шашын бір сілкіп қап, сақ-сақ күлген – ді.

Қанша десе де баланың аты бала. Ол кезде бұлар ненің парқын білген. Кейін ойлап қараса, құрдасы сол кезде де ағайын ағарып адыма түспесін, қарайып артымда жүрсін депті. Сонда артына ерген шуылдақ тобырдың аузында да, көзінде де бір өзі жеке тұрарын білген. Халық назарынан шықпай елтең-селтең жүру оның ежелгі арманы еді. Арманына жетті. Аты астана газеттерінен түспейді. Жиналыста сол сөйлейді. Жиында соның аты үлкендердің аузымен аталып, қазақ даласының бас-аяғына дабырайып тарап жатыр[10,23].

Әзім қулықпен басшылық адамдарын да алдап соқты. Табиғатынан зерек бала ойлаған жерінде қулығын оңай іске асырып, өтірікті де айтып үйренді.

Оза шауып, бәйге алып, сұлуды құшам; оза шауып бәйге алып атақ алам. Оза шауып, бәйге алып абырой асырам.

Оза шауып, бәйге алып, туған жерімді гүлдетем. Оза шауып, бәйге алып, ауылымның атын шығарам. Оза шауып, бәйге алып, туған халқымның атын шығарам. Бұл – атаққа тойымсыз айтулы ғалым Әзімнің болмысы. Оза шауып, бәйге алам деп, досын алдап кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп, сүйген қызын құрбандыққа шалады. Оза шауып, бәйге алам деп, ағайын-тумадан алшақ кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп өзі туған өлкені, өзі шомылған Аралды саудаға салады. Оза шапқызып, бәйге алғызып дәндеткен алдамшы құштарлық ақыр аяғында оның өзін орға жығады. Үйінен бездіреді. Күйінен бездіреді. Өлең төсегінен бездіреді.

Қызыметінен қуып шығады. Беті ауған жаққа лағуға пейіл қылады. Сүйтіп жүріп, баяғы еліне келеді. Баяғы ағайынға қауышады. Тастап кеткен қызына оралады. Жел айдаған қаңбақтай алабұртып жүріп, өзі құрбандыққа шалған Аралдың төсінен бір – ақ шыққанын білмей қалады. Өзі сатып кеткен досының кебін қалай бірге кигенін де білмей қалады. Ақыры тағы да қасындағы серіктерін тастап, бетімен лаққан сеңнен бей-берекет қашып шығады. Теңіздегі сеңнен құтылғанмен өмірдегі сеңнен құтыла алар емес. Ертеңі – неғайбыл. Таусылмаған сергелдең. Таусылмаған далбаса. Бұл қатарынан озып, жүлде алып, үздік туған Әзімнің тағдыры. Ал екеуінің ортасындағы Бәкізаттың да бағын байлап жүрген сол баяғы далбаса үміт.

Әзім бейнесі «Қан мен тер» трилогиясындағы Тәңірбергенге ұқсайды. Тәңірберген ел бірлігін көп сөз етеді. Адалдықты, тазалықты дәрәптеуге құштар. Іс жүзінде елдің ішіне іріткі салушы нағыз қызыл көздің өзі. Тып – тыныш отырған балықшылар ауылын екіге жарып, бір-бірімен өштестіріп, қастастырып қояды. «Әзім де Аралды екі өзенге бөліп жіберіп, орнына егін егіп байимыз, қарық боламыз» деп елдің басын қатырып, әр жиналыс сайын сарнайды.

Тәңірбергеннің Ақбалаға жасаған қиянаты, Әзімнің Бәкізатқа жасаған опасыздығы – екеуінің де әйел затын құрметтемейтін, оларға немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Тәңірберген өз тасбауырлығына өзі тәнті болса, Әзім өзінің өзімшіл, қатарының алды болғысы келетін қасиетін жоғары санайды.

«Қан мен тердегі» Еламан іштей жуылса, Тәңірбергенді кір басады. Сол ластығына өзі сүйсінетін мұндай жан – қазақ әдебиетінде бұрын кезікпеген кейіпкер.

Сең үстінде қалған үшеу меңіреу табиғатпен бетпе-бет келгенде бірінен-бірі өткен дәрменсіз боп шықты. Өз өмірлерін ойша қайта шолып, қайта таразылаудан басқа амалдары қалмайды. Үшеуінің де ұстанып келген қағидалары далбаса боп шықты. Үшеуі де қысыр

қиял қуып жүрген, өздерін-өздері алдарқатып жүрген алаңғасарлар екен. Тіпті бір-біріне артар кінәсі де жоқ боп шықты.

Бір-бірінің бойынан кешірмейтіндей күнә да таба алмайды. Түптеп келгенде, әрқайсысы өзін-өзі жазғырды. Бірақ қайтадан қауышып кете алмайды. Арман қуып, алаңғасарланып жүріп, бір-бірінің көзіне шөп салыпты, көңілін қалдырыпты, сатыпты. Тіптен ондайдан аулақ Жәдігердің өзі орынсыз тоңмойындық жасап, талай жерде бітіскелі тұрған көңілді бітістірмей, жазылғалы тұрған көңілді жаздырмай тастапты. Қонатын бақыт қонбай қапты. Орнайтын жақсылық орнамай қапты. Өйткені арман деп қуып, мұрат деп тұтынып келген қағидалардың бәрі «бәлду-бәлду – бәрі өтірік» дейтіндей бәдік әңгіме.

Ондай далбаса қуғандардың опат болмауы еш мүмкін емес екен. Кім неғұрлым жан-тәнімен берілсе, сол алдымен опат болады екен. Жел өтіндегі, сең үстіндегі сергелдеңге ең сенімпаз Жәдігер ең алдымен қаза табады. Өзі қуып жүген өзекті мақсаттың өзінен ойда жоқта айнып кетуден тайынбайтын аяр Өзім бір амалын тауып, сең үстіндегі сергелдеңнен де сытылып шығады. Бірақ өзін қуалаған масқарадан бәрібір құтыла алмайды. Қай нәрсеге де жан-тәнімен құламай, қай уақытта да өзін астам қойып, қалаған дүниенің күштісін де, келістісін де, бақыттысын да менікі деп ойлайтын тәкәппар Бәкізаттың төзімі бәрінен күшті боп шықты. Қырық шырақты қыз шіркін қиямет көрсе де бар болғаны, бір ғана шырағын өшіргендей. Өмір шындығы қозғалысында адал жүрсе де еңбегі еш болмайтындар тағдыры Жәдігер бейнесімен ұғындырылады. Атақ-дәреже, мансап үшін туған жерін де, өзін сүйген адамды да сатып кететіндер Өзім бейнесі арқылы жеткізілген. Ал, осы екі еркекке де әйел болып жүрген Бәкізат – далбаса үміттің құрбаны.

Құшағында серейіп өліп қалған Жәдігердің тонының омырауынан табылған жұлым торғайдың көкірек тұсы бүлкілдеп қоя бергенде, оныңда көкірегі лүпілдеп қоя берді. Әуелі кешегі безіп кеткен күйеуінің кеудесіне жан оралған екен деп үміттенді. Сосын жаңа ғана сенделіп жүріп, жағалауға бір соқтығып, соны пайдаланып Өзімнің қашып кеткені есіне түсіп, сондай ұрымтал сәт тағы да қайталанар деп дәметеді. Өмір сүруге баяғыдай құштарлығы да шамалы. Бірақ жағалаудағы елде жаутаңдап қалған ұлы мен қызын ойлағанда, алақандағы бір шөкім тірі мақұлықтың жүрегінің лүпіліндей нәзік үміт, түсініксіз үміт күшейе түседі. Иә, лайсаң көктемдегі аласапыран теңіздің қайда барып тоқтары, қай жағадан шығары, не болмаса, өзі секілді қаңғалақтап келе жатқан екінші бір сеңнің астында қап, тұңғыыққа шөгіп кетері белгісіз тоқымдай мұздың үстінде баяғы көрік, баяғы өрліктің бәрінен айрылған тірі мүсіннің көкірегіндегі арман деуге де, қиял деуге де, өкініш деуге де келмейтін күмілжі сезімдер мен қай-қайдағыны ойлататын қасіретті хикая тамамдалады.

Расында да, әлгінде ғана біз шолу жасап өткен үш ғұмырдың үшеуі де, шындап келгенде, зая кеткен өмірлер ғой. Осы кітаптағы қай кейіпкерлердің тағдыры да зая ғұмырдан өрбіп жатқан жоқ па? Бас құрылысшы ма... Үлкен кісі ме... Сары Шая ма... Жуан Жақайым ба... Кәрі қақсал ма... Қайсысы? Бәрі де Арал түбіндегі құмға шөккен кемелердей қазірдің өзінде қайырлап тұрған жоқ па? Тек сол бір балықшы ауыл ғана емес, күні кеше көсемдер мен үлкен кісілердің дегенін екі етпей, біреуі адал жүріп, адал тұруға тырысып, біреулері халқының атын шығарып, елінің даңқын асыру үшін оза шауып, бәйге алуға тырысып, біреулері бақытты жар, бақытты ана атануға тырысып, арам өле жаздаған күллі қоғам ойда жоқта бауыры құмға тірелгендей, қайырлап тұрған жоқ па?

Оны сондай тығырықтан шығарып аламыз деп тызақтағанымыздың өздері сең үстінде қалғандай сергелдең хал кешіп жатқан жоқ па? Тіпті: «Осының бәрі неден болды?» – деп ойлануға да мұрша келмей жатқан жоқ па?.. Алаңғасарланып қысыр қиялды қуа берсең, бір далбасаның соңынан бір далбасаға, бір сергелдеңнен соң бір сергелдеңге ұрынып, есіл ғұмырды еш қыласың ... Бір өкініштен сөң бір өкініш кеше бересің ... Кеше бересің ...

ҚОРЫТЫНДЫ

Романда баяғы жар басындағы балықшы ауыл қайта жолығады. Сенделіп жүрген сең соның қасына кеп, бір ұстаса жаздап, қайтадан көк теңізге лағып кетеді. Сол тұста қашып

шыққан Әзім ескі жұрттың үстінен шығады. Кей тұста Жәдігердің, Әзімнің, Бәкізаттың басынан кешіп келе жатқан сергелдең бір кезде, басқа бір заманда Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдеңге ұқсап кетеді... Сонда бұл не? Ұрпақтар жалғастығы ма? Олар кешкен сор азаптың да әлі күнге желісін үзбей жалғасып жатқаны ма? Өмір сол баяғы бір орынында тұрғаны ма? Соры ашылмаған қазақ сахарасы үшін ештеңенің өзгермегені ме?..

Иә, дәл солай сияқты. Дәл сол кездегідей, адал жүріп нан табам дейтіндеріміз өзгелерге деген өшпенділігімізді өшіре алмай келеміз. Өз-өзімізден түтіндей бықсып, іштей тұншығып, Жәдігердің кебін киеміз. Жоқты бар қыламыз деп жүріп, қолдағы бардан айрыламыз. Қарық боламыз деген сайын ғарып бола түсеміз. Оза шауып, бәйге аламыз деп, әлеуметтік өзімшілдікке беріліп, өзімде бар өзгелерде болмасын деп жүріп, бір күні тап сол өзгелерден өзіміз де сазға отырамыз... Қанағат, мейірім жоқ жерде махаббат жоқ. Махаббат жоқ жерде әділет жоқ. Әділет жоқ жерде асылың жасық, алтының тас боп көрінеді. Адамзат жоғалтқан қасиетіне қайта қауышса ғана абзал атын ақтай алуы мүмкін. Соны кеш түсінген Бәкізат Жәдігерімен қайта қауышып, қайта бақыт табар сәтті кезеңнен кеш қалып қойды.

Роман идеясы айқын. Көздейтіні – жалғандықтың жағасынан алу. Шығармада Әзім баттасқан жылпос, өтірікшіл, екіжүзді, алаяқ кейіпкерлердің тұтас жүйесі жасалған. Аудан басшыларының бірі Қозы Қарын әрі-сәрі, жұрттың көлгірсіген сөзінен мақтау мен боқтау арасын айыра алмайтын халдегі байғұс. «Жауырынына терезе салса да, ішіне жарық түспейтін» Жуан Жақайымның бар қасиеті – Әзім қылмысын игі іс етіп дабырайтып насихаттауға, жауырды жаба тоқуға бағытталған. Әзімнің ағасы атақты құрысшының аңдығаны – тағы да бір алтын жұлдыз қадау үшін – «коммунизмнің сәулетті құрылысын», патша сарайындай ғимарат салу. Атақ, даңқ бермейтін құрылысқа енжар... Сары Шая – кеңес белсендісі – Құдайсыздар ұйымына мүше. Бірақ Құдайсыздығы – бер жағы. Қыл аяғы қойнында комсомол билеті бар Қожбан, ол да алдамшы жәдігөй. Ретін тауып, молдалардың арасына сыналап кіріп, кісі өлген азалы үйді бірге тонасып жүр... Осылардың бәрі типтік жағынан тамырлас – жалған жүйенің жалдаптары [11, 17].

Жазушы кейіпкерінің бірі әрі бірегейі – Сары Иван. Ол романда бірнеше жерде ғана көрінгенімен сом алтындай нар тұлға көз алдыңыздан кетпейді. «Соңғы парыздың» оқиғасы кеңес дәуіріне қатысты десек те, көтерген көп мәселелері бүгінгі күнмен үндес. Кешегі, бүгінгі жалғандыққа бірдей шүйлігеді. Нақсүйерін ажал аузында қалдырып, сең үстінен амалдап қашып шыққан Әзім өзі сияқты «болады, боладыны» әндетуге үйір, уағдаға опасыздар келешектен де табылатынына нық сенімді. «Талай жыл өтер. Заман да, қоғам да өзгерер. Адам да өзгерер... Адам қанша өзгерсе де, Арал тағдыры өзгермес» деп басталатын бұл ұзақ монолог адал істі армандайтын небір Әзімдердің бетпердесін жыртады. Әзімдердің сорты көп. Ортақ сиқы сол, бәр-бәрінің айналасы – тау толған өтірік, дала толған мақтан, өзен толған өсек, оспақ... «Арал тағдыры – адам тағдыры деген әдемі сөзді ел кезінде елтең-селтең жүргенді мансұқ еткен епті жігіттер қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, халық алдында ана мінбеден де, мына мінбеден де қиқулатар – ау!

Хикаясы кеңес дәуіріне арналған роман «сүйтер», «бүйтер» деп келешек туралы сыр шерткенде жоқтан барды моншақтап отырған жоқ. Шартты түрде бүгінгі шындықты айтып отыр. Еңбек еткен «Қазекемнің балалары болмаса, онан басқа халықтың бәр-бәрінің де құлқы, пейілі өзгеріп, заманына қарай амалын жасап, қолынан келгені заманы қасқыр болса қасқыр боп, түлкі болса, түлкі болып құйрығы бұлғаңдап айналасын асыра бағар – ау!» – дейді үйінен өрт шыққандай жаныққан Әзім [12, 30]. Ә. Нұрпейісов қазақ әдебиеті үшін бұрын жан-жақты бейнелеу өрнегінен өтпеген Арал өңірі табиғатын да өзіндік ерекшеліктерімен суреттеді.

«Соңғы парыздың» ерекшелігі – Бәкізат, Жәдігер, Әзім арасы роман тартысының қак ортасынан алынған орнын босатпайды. Романдағы басты кейіпкерлер бейнесі өзіндік мінездерімен де, қимыл-қозғалыстарымен де, іс-әрекет барысындағы бет-әлпетіндегі өзгерістерімен де жан-жақты ашылған. Аталмыш диалогия аударған Annelore Nitschke: «The analogy between Bakisat and the Aral is also mirrored in the similarity of the scenes depicting Jadiger's crossing of the frozen Sea and his attack on Bakisat» [13,3], – дейді. Яғни автор Арал

теңізі мен басты кейіпкерлердің өмірі тағдырлас, тіпті теңіздегі толқын қаһармандардың ішкі жандүниесімен үндес деген тұжырым жасайды. Сол сияқты зерттеуші Е.Кәкілбаева да өз мақаласында: «We made an attempt to consider the poetics of the dilogy by Abdijamil Nurpeisov “Last Duty” in a mythological aspect, to determine the functions of mythologemes that allow one or another plot situation to be interpreted using parallels from mythology. The subject of research is the multifunctionality of myth, its semantics and structure-forming function» [14,3], – дей келе, шығармадағы бас кейіпкерлердің образ жасауда, табиғатпен үйлесімділікте қарастыруда мифологиялық астар барын тілге тиек етеді.

Әлемдік әдебиеттің бар өрмегінің тіні болып келе жатқан осы үштік күллі ұлттық дәуреніміздің қазіргі ахуалының ұтымды кескіндемесін жасап беретіндей шешім тауыпты. Сырт қарағанда ғана бір-біріне кереқар антиподтар сияқты көрінетін екі еркек, түптеп келгенде, бір-бірінің дәл баламасы. Екеуінің таласып жүрген әйелі де, тек сырт көзге ғана екеуіне де ұқсамайтын ерекше тұлға. Түптеп келгенде, ол да бар болғаны үшінші балама ғана. Жалпылай алсақ, үш дара тұлға деп жүрген үш адамымыздың жеке-жеке бастан кешіріп жүргендері де, бәрі бірігіп, бір-бірімен табысып, бірде кетісіп, бірде бастан кешіріп жүргендері де бір тағдыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Abdijamil Nourpeisov (1967). *Le Crépuscule*. Gallimard, Paris.
- 2 Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 250 б.
- 3 Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу. – Алматы: Балауса, 2010. – 210 б.
- 4 Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 257 б.
- 5 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 341 б.
- 6 Қирабаев С. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Комплекс, 2002. – 284 б.
- 7 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Жазушы баспасы, 1999. – 445 б.
- 8 Кәкішев Т. Қазақ әдебиетінің сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 305 б.
- 9 Қаратаев М. Бетбұрыс белестері. – Алматы: Алатау, 2005. – 312 б.
- 10 Тоғыс Ж. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы жайында// Қазақ және әлем әдебиеті. – № 5-6 (30). – 2008. – 6-7-б.
- 11 Әжиев Қ. Ә. Нұрпейісовтің шығармашылық шеберханасы. – Алматы, 2003. – 211 б.
- 12 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 899 б.
- 13 Nurpeisov, Abdizhamil. *Der Sterbende See*. Romandilogie. Translated by Annelore Nitschke. – Berlin: Dagvelli, 2006. p.445
- 14 Kakilbayeva, E.T. 2020. “Abdijamil Nurpeisov’ s “Last Duty” Dilogy in Mythological Aspect”, 17 (2), pp.204-214

Материал 22.06.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Abdijamil Nourpeisov (1967). *Le Crépuscule*. Gallimard, Paris.
- 2 Rahymzhanov T. (1997), *Romannyn korkemdik aleml*[The artistic world of the novel]. – Almaty: Rauan(In Kazakh)
- 3 Qirabaev S. (2010), *Adebietti qaita oqy*[Re-reading literature]. – Almaty: Balausa(In Kazakh)
- 4 Esembekov T. (2009), *Koekem matindi talday negizderi*[Fundamentals of literary text analysis]. – Almaty: Qazaq universiteti(In Kazakh)
- 5 Dadebaev Zh. (1991), *Omir shyndygy zhane korkem zhyndyq*[Reality of life and artistic decision]. – Almaty: Gylym(In Kazakh)
- 6 Qirabaev S. (2002), *Adebiettanydyn ozekti maseleleri*[Actual problems of literary studies]. – Almaty: Kompleks(In Kazakh)

- 7 Nurpeisov A. (1999), Songy paryz [Last duty]. – Almaty: Zhazyshy baspasy (In Kazakh)
- 8 Kakishev T. (1994), Qazaq adebietinin synynyn tarihi [History of criticism of Kazakh literature]. Almaty: Sanat (In Kazakh)
- 9 Qarataev M. (2005), Betbyrys belesteri [Turning points]. – Almaty: Alatau (In Kazakh)
- 10 Togys Zh. A. (2008), Nurpeisovtyn «Songy paryz» pomany zhaiynda [About Nurpeyisov's novel «The Last Duty»], Qazaq zhane alem adebieti [Kazakh and world literature]. – Almaty (In Kazakh)
- 11 Azhiev Q. (2003), A. Nurpeisovtin zhygarmashylyq sheberhanasy [A. Nurpeyisov's creative workshop]. – Almaty (In Kazakh)
- 12 Syinshaliev H. (2006), Qazaq adebietinin tarihi [The history of Kazakh literature]. – Almaty: Sanat (In Kazakh)
- 13 Nurpeisov, Abdizhamil (2006) Der Sterbende See. Romandilogie. Translated by Annelore Nitschke. Berlin: Dagveli (In English) p.445
- 14 Kakilbayeva, E.T. (2020), “Abdijamil Nurpeisov’ s “Last Duty” Dilogy in Mythological Aspect”, 17 (2), pp.204-214

Галерея образов в романе «Последний долг» А.Нурпейсова

Г.С. Бөкен¹, Қ.К. Молғаждаров¹

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье ставится задача проанализировать галерею персонажей романа «Последний долг» писателя А.Нурпейсова. Анализируется, что художник смог так описать личность, поступки, характер человека, что, помимо типичных характеристик среды и эпохи, четко просматриваются присущие только ему характеристики. Его отличает то, что автор достаточно хорошо знает, что типичное своеобразие художественного образа необходимо для раскрытия внутренней тайны и смысла общественной жизни, что его индивидуальность и индивидуальные особенности играют огромную роль в изображении человеческой личности. Художественный характер романа раскрывается изображением в нем действующих лиц, а в характерах выражены чувства между Азимом и Бакизатом. А затем сети Жадигер-Бакизат и снова Азим-Бакизат анализируются в гармонии друг с другом.

Ключевые слова: долг, образ, портрет, судьба, остров, человек

Материал поступил в редакцию журнала 22.06.2023

Gallery of images in the novel "The last duty" by A. Nurpeysov

G.S. Boken¹, K.K. Molgazhdarov¹

¹Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article aims to analyze the gallery of characters in the novel "The Last Duty" by A. Nurpeisov. The article analyzes the writer's ability to describe the personality, actions, character of a person in a way that, in addition to the typical characteristics of the environment and the era, the characteristics inherent only to him are clearly visible. It is distinguished that the author knows quite well that the typical originality of the artistic image is necessary to reveal the inner secret and meaning of social life, that his individuality and individual characteristics play a huge role in depicting the human personality. The artistic nature of the novel is revealed by the depiction of characters in it, and the feelings between Azim and Bakizat are expressed in the characters. The networks of Zhadiger-Bakizat and Azim-Bakizat are analyzed in harmony with each other.

Key words: duty, image, portrait, fate, island, man.

Received: 22.06.2023

Zh. S. Beisenova¹, G.A. Zhakipova¹, O.G. Egorova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan

²Moscow State Linguistic University, 101000, Moscow, Russian Federation

SCIENTIFIC AND ARTISTIC KNOWLEDGE IN KAZAKH LITERATURE FOR CHILDREN

The article discusses the nature of the scientific and cognitive function of natural history fiction. The authors of the article emphasize that the theme of the relationship between man and nature is still popular in the literary genre. The scientific reasoning emphasizes the emphasis on the mythopoetic basis of Kazakh folklore, in which the scientific, artistic and heuristic beginnings of human exploration of the surrounding world are synthetically presented. The purpose of the study is to present an analytical review of the most representative critical assessment of the natural history of children's literature in Kazakhstan. The illustrative material of the artistic description of local history and natural history is given. In this article, the authors refer to the corpus of historical and modern scientific criticism of children's literature. The practical significance of the problem under study lies in revealing the peculiarities of the development of children's literature in its main genre and style concentra. The authors use a systematic approach that allows them to build the studied material according to a linear-concentric principle, applicable to genre forms of prose and poetry addressed to children.

Key words: natural science, animal world, Kazakh children's literature, man and nature, scientific and artistic book.

MAIN PROVISIONS

Children's literature is a socially-politically and culturally-historically formed and motivated phenomenon. It has the potential to promote certain ideas and a political program. It affects how a person perceives himself and society. The need to study the culture of children's reading, scientific and artistic knowledge in literature for children and about children is confirmed by many foreign and domestic humanitarian studies. The circle of works addressed to children includes natural science fiction, one of the main tasks of which is to describe nature as the beginning of the young reader's path to natural science knowledge about the animal world. Images of nature and animals have always been paramount for Kazakh literature. Children's literature, like adult literature, synthesizes scientific knowledge and artistic narrative. For the entire period of development and existence of children's literature, an extensive fund of critical children's literature devoted to the natural history topic was created, which took its significant place in the world and Kazakh scientific and fiction literature, reflecting its ideological and stylistic searches. It is quite difficult to cover the entire body of publications devoted to the before-mentioned problems, nevertheless, the brief overview of available works given in the article indicates a certain fragmentation and incompleteness of scientific facts in the field of studying children's literature and, moreover, requires modification of methods for collecting, processing relevant information and data obtained.

INTRODUCTION

World literature for many centuries, referring to childhood, made us remember the functions that the artistic word in general is endowed with, and, in line with the topic of this study, its scientific and artistic understanding of childhood. The historically determined relevance of addressing the problems of children's literature is obvious, and in this sense it is appropriate to quote the statement of the famous Russian literary critic V. G. Belinsky: *We have almost no books*

for children's reading at all. Nothing could be more difficult than the position of a writer, from whom some father or mother asks what books they would like to buy for their children [1]. The explanation of the phenomenon of children's literature with a sufficiently high completeness is reflected in the critical works of famous philologists. Thus, the famous Russian scientist I. G. Mineralova writes about the intersection of Eastern and European traditions, where Kazakh and Russian writers are organically connected [2]. The collective monograph edited by Kazakh scientist N. J. Shaimerdenova reflects the special place of the fairy-tale form in Kazakh folk art [3]. The scientific works of Kapasova B. K. reflect the issues of age-related features of works for children on the material of Kazakh folklore and literature [4, 83-86]. In the essays of V.B. Jordansky, similar world motives of mythological ideas about the divine origin of the human and animal worlds are presented [5,10]. Local history and natural history, poetized in fiction, *teaches communication with the outside world, teaches speaking and speech* [2]. The purpose of the article is an analytical review of the most representative critical assessment of the history of Kazakh children's nature literature, a description of the issues characterizing the scientific works of modern researchers in this direction. The main objective of this scientific article is a brief description of the artistic and scientific-artistic genres of the history of children's nature literature in the world and Kazakhstan content, their specifics and role in the development of the actual scientific-artistic natural history book. Of course, one of the important lines of a wide range of children's literature of the artistic and cognitive direction is the development of comprehensive education of children. Types of scientific and fiction literature about natural science, the theme of nature originate in oral folk art with the Nature-Man line in a descriptive form. In this context it is necessary to name the book of the Czech teacher J. A. Comenius "The World of sensual things in pictures", and also note a definitely important role in the development of a children's natural history book, which was played by encyclopedic translated editions, such as "Children's Menology" (1787) by F. Tumansky, a writer and translator of the XVIII century [6]. It is obvious that since the XIX century, natural-scientific discoveries are popularized, giving children books in entertaining and visual forms. The metaphorical names of a Children's poultry house and Menagerie (1821, 1847) or a Menagerie for children (1832), deserve modern commentary in the XXI century. So, the word "menagerie" is a Russian correspondence to the German "zoo", the Kazakh "hayuanattar bagy". The narration about animals and birds in these books complemented the children's getting acquainted with them in a real menagerie. In such books about animals, purely scientific knowledge took the form of a scientific dialogue. Historically, a deep respect for the Alphabet has been established as a book that gives initial knowledge. In the Russian Enlightenment, the first Alphabet as a book for children was published by Ivan Fedorov in 1574 [7, 210-211]. In the Kazakh Enlightenment, the "Abc" was prepared by Akhmet Baitursynov (1924) [8, 210-211] and Ibray Altynsarin (1879) became the first book for children and folk reading in the Kazakh language [9].

Although the history of children's literature began a long time ago, today many modern writers are working in this direction. A special place is occupied by the artistic space of the writer B. Suleimenov, stretching from the Arctic Ocean and Antarctica to Africa. Telling fascinating stories, the writer interestingly depicts the flora and fauna of various countries and continents ("Quechua Indians", "Eagle's wings are crying", "Alabai-Dalabay", "Meeting in Khan Shatyr", etc.) [10]. Prose for children and youth of Kazakhstan is enriched with new names and genre experiments. The names of young writers writing in the fantasy genre should be named - this is A. Shipulina, the author of books, including "The Witch of the Land of Mists" [11], B. Alimzhanov (The boy who defeated Dzhalmoz, 2016) and others [12].

MATERIALS AND METHODS

The theoretical nature of interdisciplinary research involves the use of general scientific methods and techniques tested in the scientific environment: the study and systematization of scientific literature on the problems of research; analysis, synthesis and generalization of research methods. Conclusions are made based on the analysis of the works of foreign and Kazakhstani

scientists, which include scientific works of philological and interdisciplinary directions. The authors of the article show a model of step-by-step analysis and synthesis of information based on complex philological methods and related branches of sciences, critical positions in the field of scientific and artistic children's literature in the world and Kazakhstan content are described. The research in this article is based on universal typological constants identified in the criticism of children's literature of the XIX -XXI centuries.

RESULTS

Scientific and artistic children's literature reflecting the natural history theme originates from folk art, folklore, fairy tales. Children's literature, like adult literature, synthesizes scientific knowledge and artistic narrative. In Kazakhstan, A. Baitursynov has prepared textbooks for teaching Kazakh children their native language. L. N. Tolstoy, relying on his pedagogical practice, talked about books useful for children's reading, while highlighting fairy tales, songs, tales, riddles: *... children are more willing than adults to read such books, they reread them several times, ... with pleasure they take home both in games and in conversations they give each other nicknames from ancient epics and songs* [13]. Kazakh folklore shows the conditions of life in the steppe – an image of earthly existence, mountains – a symbol of greatness and water – the kingdom of the dead. Since ancient times in Kazakh mythology four types of animals have been and remain the most revered: camel, sheep, cow and horse. History of Kazakh nature literature is enriched with encyclopedic collections of legends and essays by the famous Kazakh traveler, ethnographer, folklorist Sh.Valikhanov: "Geographical sketch of the Trans-Ili Alatau", "Diary of a trip to Issyk-Kul", "Fables and legends of the Great Kirghiz-Kaysar Horde". Valikhanov, skillfully combining a scientific approach and artistic skill, showed the reader the beauty of the animal and plant world of Semirechye and Issyk-Kul, recorded historical legends, fables, fairy tales. The discourse of his travel notes reflected natural science knowledge: *We noticed more life in nature by Ayaguzka... I admire Ayaguz: maybe the poetic legend about the love of the beautiful Bayan for the golden-haired Kozy-Korpesh, which took place on this river, has an important reason for this* [14]. Thus, the ethnographic research of Sh. Valikhanov became the beginning of his artistic descriptions of human life in its relationship with nature.

The world of nature in prose. Kazakh children's literature has given the world a lot of works in different genres: these are epic novels, short prosaic works, poetry, and drama. But it is especially distinguished by unusually vivid images of animals. Children's literature is represented by a number of names of talented children's writers working in this literary direction. The importance of realistic works of the naturalist writer M. Zverev for Kazakh literature is determined by their artistic and scientific content. The artistic value of the writer's works is determined by the description of the beauty and natural grandeur of the wild Kazakh fauna. The writer introduces children in an artistic manner to the world of natural science discoveries and secrets of nature: *The little maral spent the first hours of his life next to his mother. He tried to get up from the ground, swaying on his weak legs, but immediately sank down on soft, lovely needles. The warm tongue of the mother gently licked the fur of the little maral* [15, 40].

The world of nature in lyrical works. Kazakh poetry shows the transformation of nature associated with the seasons. So, in the poem of Y. Altynsarin "Summer" nature and people come to life. Spring is the time of the year *when both day and night are equal*, when nature and people become equal in relationships. The author manages to lyrically convey the unity of man with nature: greenery bursts into growth, breathing joyfully [9].

The aesthetic position of the poetic school of the founder of Kazakh children's poetry U.Turmanzhanov [16]. Natural history works in Kazakh children's poetry are aimed at learning the secrets of nature. The empathy of young readers, the romantic atmosphere of the work, which awakens children's imagination, are important here. A large layer of children's poetry was reflected in the poetry of the following masters of the artistic word: A. Duisenbiyeva (Oh, I'm tired, Mischievous ball) [17] and other modern authors.

The world of animals in Kazakh literature. In Kazakh literature, animal images were introduced not only as ways of knowing the world, revealing a person's character, but also as a source for perceiving the surrounding reality. Animals are relevant realities of village life. The steppe expanse is inhabited by wildlife – tigers, wolves, foxes, gazelles, ground squirrels. Domestic animals – horses, camels, sheep, dogs are endemic inhabitants of the rural farmstead. In Kazakh literature, images of animals appear to the reader as revelations. The novel of S. Sanbaev "White Aruana" has a natural theme, shows the loyalty of animals to their native land, reveals the relationship between man and the animal world. In an easy to read way, using the technique of parallelism, the writer reveals a serious science – the psychology of relationships on the example of the two main characters - the old man Myrzagali and his beloved camel: *For hours Myrzagali watched aruana walking quietly behind her two-humped camel kid, lifting her slender legs high and placing them carefully, as if feeling the ground. Life has long taught her this gait. She walked smoothly, despite her blindness, and from a distance it seemed that a white weightless cloud was floating behind the little camel* [18]. Also in Kazakh literature there are works of art in which the fate of animal characters serves as a projection on people's lives. The same issues are reflected in the works of the famous writer D. Isabekov who refers to the topic of the Kazakh village, which is connected not only with familiarizing the young reader with the traditions and life of the village, but also with the importance of knowing their roots, since in the modern world, in his opinion, some people have lost their national roots in pursuit of civilized countries. One of the characteristic stories of D. Isabekov is "Kablan"[19]. That is the name of the puppy - the main character of the work. D. Isabekov subtly reveals the tender and warm relationship between a boy and a dog, a boy and a father, family members and a pet, which carry a high morality and educational character and lie in the fact that you always need to remain a person, not to break into the world of animals by force, but to protect and cherish them. The intertextual possibilities of the work of the Kazakh author I. Nurgaliev "Dastan and Arman" are expressed in the plot, which is based on the ancient legend of the Kazakh people "Kozy-Korpesh and Bayan-Sulu". The author interprets and modernizes the folklore text by changing the motives of the characters' actions. If in folklore the father does not want to marry his son to the daughter of an old friend because of superstitious prejudices, then in "Dastan and Arman" the reason for the refusal lies in the thirst for enrichment and the search for a more successful party [20].

At the same time, this image grows to a generalizing symbol. Of course, the visible regularity in the relationship between man and nature makes it necessary to single out the corresponding features in this literary direction: problems of a moral and ethical order are brought out on the pages of books - humanity and cruelty, sincerity and soullessness, the breadth of nature and selfishness, supplemented by philosophical problems - nature and civilization, good and evil.

DISCUSSION

Possession of a corpus of works that has an addressee of a child, teenager, youth, of course, promotes the expansion of educational opportunities, the creation of motivation mechanisms for reading with the performance of aesthetic tasks, contributes to the formation of positive forms of speech and creative communication. The material to study scientific and fiction literature in Kazakh literature led to a philosophical understanding of human life and its relationship with nature, reflected in numerous works created specifically for children. The historical-descriptive method is used to systematize information on historical and statistical data and their description and generalizations. Contextual analysis that provides for the relationship of genre-style and contextual indicators, allows us to characterize the connection with non-linguistic reality, to determine the specifics of the impact on children-readers. It is clear that the article format is too limited to include the explanation of the phenomenon of scientific and fiction literature with exhaustive completeness, that is why its construction is such that the selection of illustrative literary and artistic material is due to the laws of the historical development of children's literature in Kazakhstan, where Kazakh and Russian writers are organically connected. The historical and descriptive method allows us to

characterize the formation and development of children's fiction and popular science literature in Kazakhstan. Contextual analysis of the dominant genre-thematic directions of the circle of children's and youth reading allows us to comprehend the individual style of writers, the peculiarities of genre synthesis in prose and poetry, philosophical understanding of human life and its relationship with nature, reflected in numerous works created specifically for children. Discursive analysis is used in the analysis of scientific and artistic texts reflecting the natural science knowledge of the natural world in prose, lyrical works, the animal world in Kazakh literature. The authors' attention is drawn to the history and modernity of children's literature, which is a living and organic component of culture, formed in close relationship with the world children's literature. In this case, this method will become a tool for determining the values and problems of the moral and ethical warehouse - humanity and cruelty, sincerity and soullessness, philosophical questions - nature and civilization, good and evil, which, of course, has a pedagogical effect of the natural history book on the formation of the consciousness of children and adolescents. Nature in Kazakh literature lives, acts, manifests itself in the feelings of the characters. Images of nature and animals were not a faceless passive part of the environment — on the contrary, the characters were described through them, important messages were hidden in them, and sometimes they became the protagonists.

The artistic imagination of poets and writers created clear, visual poetic images of the natural world, interesting to all readers at any age. The issues considered in the study are related to the actual problems of developing new theoretical concepts, methodological approaches and their application in the context of cognition of scientific and fiction literature in children's reading.

CONCLUSION

This article expands and complements the critical analysis and description of the modern genre typology of Kazakh natural history fiction in children's reading, reveals the novelty and originality of the types of scientific and artistic books, which combine scientific knowledge and artistic description of scientific discoveries. For the entire period of development and existence of children's literature an extensive fund of critical children's literature dedicated to the natural history theme has been created, which has taken its significant place in Kazakh scientific and fiction literature, in general, reflecting its ideological and stylistic searches.

This is, in particular, a natural history book. Thus, on the basis of the above-described range of themes and motives, we can assert the further need to study children's natural history literature, the study of which has been conducted to a greater extent fragmentarily until now.

REFERENCES

- 1 Belinsky V. G. The complete works. Volume 8. Articles and reviews 1843-1845, M., Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, (1955). [Electronic resource]. Available at: http://az.lib.ru/b/belinskij_w_g/text_1844_instinkt_zhivotnyh.shtml [in Russian]. (accessed 25.07.2023).
- 2 Mineralova I. G. Cit. by Chindilova O. V. Phenomenology of the development of the reading culture of preschool children in the context of continuous literary education. Autoref. diss. for the degree of Doctor of Sciences, (2021). [Electronic resource]. Available at: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_005031559 [in Russian]. (accessed at 15.04.2023).
- 3 Shaimerdenova N.J. Children's literature in Kazakhstan: from discussions to solutions: a collective monograph / under the general editorship of Dr. Phil. sciences, prof. N. J. Shaimerdenova. M.: FLINT: Science, 2015.
- 4 Kapasova B. K. Age features of works for children (based on the material of Kazakh folklore and references) // Bulletin of Chelyabinsk State University. 2011. № 25 (240). Philology. Art history. Issue 58. pp. 83-86.

- 5 Jordansky V.B. Animals, people, Gods. Essays on African Mythology. – M.: Nauka, 1991. – P. 10.
- 6 Comenius J. A. Orbis Sensualium Pictus: Hoc est: Omnium fundamentalium in mondo rerum, & in vita actionum, Pictura & Nomenclatura. Noribergæ: Michaelis & Joannis Friderici Endteri. 1698.
- 7 Lukyanenko V.I. The alphabet of Ivan Fedorov, its sources and specific features, Academy of Sciences of the USSR. Proceedings of the Department of Ancient Russian Literature of the Institute of Russian Literature XVI, 1932. - pp. 210-211.
- 8 Saybekova N. Grammatology paradigm: Baitursynuly and formation of Kazakh writing. Autoref. diss. Almaty, 2020.
- 9 Altynsarin Y. Kazakh Anthology (1879; 2nd ed., 1906). Selected works. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Alma-Ata, 1967. – 462 p.
- 10 Suleimenov B. Mysterious world. Selected works. Novels, tales and stories, travelogues, memoirs, essays. - Almaty: "Asyl Kitab" publishing house, 2021. - 892 p.
- 11 Shipulina A.S. Three tea dragons and sparkling dust. 2014. - 160 p.; Witch of the Land of Mists. -AST, 2014. - 224 p.
- 12 Alimzhanov B. The boy who defeated Jalmauz. Fairy tales. - Kokshetau, 2016. - 54 p.
- 13 Cit. by: Nikolaeva E. V. From the background of L. N. Tolstoy's work on the "Alphabet". Vol. 3, (2010). [Electronic resource]. Available at: <http://cyberleninka.ru/article/n/iz-predystorii-raboty-l-n-tolstogo-nad-azbukoy#ixzz3x2Agz93N> [in Russian]. (accessed: 04.15.2023).
- 14 Valikhanov Sh. Collected works in five volumes. – vol. 1. – Almaty: The main edition of the Kazakh Encyclopedia, 1984. – pp.104-114. – 432 p.; Valikhanov Ch. Selected works. Edited by Academician Margulan. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Alma-Ata, 1958. [Electronic resource]. Available at: <https://shoqan.kz/incompleted/works-dnevnik-poezdki-issyk> [in Russian]. (accessed 15.04.2023).
- 15 Zverev M. White maral. M., 1929. – 40 p.
- 16 Turmanzhanov U. Selected works. 1965.; Dombira and cradle. Independent Kazakhstan: An anthology of modern literature in three volumes. Children's literature. Volume I - M.: Fiction, 2013. - 568 p.
- 17 Duisenbiev A. Happiness Nasreddin and others // Murzilka. Children's magazine. - 1986. - No. 3.
- 18 Sanbaev S. White Aruana. / S. Sanbaev. Almaty, 1989.; Isabekov D. Favorites. - Almaty: Aiganym, 2014. - 216 p.
- 19 Isabekov D. Kablan / Favorites. - Almaty: Aiganym, 2014. - 216 p.
- 20 Nurgaliev I. Dastan and Arman. The beginning and the first task. - Feather, 2017. - 100 p.

Received: 17.08.2023

Балалар оқуындағы ғылыми-көркем әдебиет

Ж. С.Бейсенова,¹ Г.А. Джакипова¹, О. Г.Егорова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, Мәскеу, 101000, Ресей Федерациясы

Мақалада жаратылыстану фантастикасының ғылыми-танымдық қызметінің сипаты қарастырылады. Мақала авторлары адам мен табиғаттың қарым-қатынасы тақырыбы әлі күнге дейін әдеби жанрда кең тарағанын атап көрсетеді. Ғылыми пайымдауда қазақ фольклорының мифопоэтикалық негізіне баса назар аударылады, онда адамның қоршаған дүниені тануының ғылыми, көркемдік және эвристикалық бастаулары синтетикалық түрде берілген. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы балалар әдебиетінің табиғи тарихының ең репрезентативті сыни бағасына аналитикалық шолуды ұсыну. Өлкетану және табиғи тарихты көркем суреттеудің иллюстрациялық материалы берілген. Бұл мақалада авторлар балалар әдебиетінің тарихи және қазіргі ғылыми сынының

корпусына сілтеме жасайды. Зерттелетін мәселенің практикалық маңыздылығы балалар әдебиетінің негізгі жанрлық және стильдік концентрлердегі даму ерекшеліктерін ашуда жатыр. Авторлар балаларға арналған проза мен поэзияның жанрлық түрлеріне қолданылатын сызықтық-концентрлік принцип бойынша зерттелетін материалды құруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсілді қолданады.

Кілт сөздер: жаратылыстану, жануарлар дүниесі, қазақ балалар әдебиеті, адам және табиғат, ғылыми-көркем кітап.

Материал 17.08.2023 баспаға түсті

Научно-художественное знание в казахстанской литературе для детей

Ж.С. Бейсенова¹, Г.А. Джакипова¹, О. Г. Егорова²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Московский государственный лингвистический университет, Москва, 101000, Российская Федерация

В статье рассматривается характер научно-познавательной функции природоведческой художественной литературы. Авторы статьи подчеркивают, что тема взаимоотношений человека и природы по-прежнему популярна в литературном жанре. В научном рассуждении подчеркивается акцент на мифопоэтическую основу казахского фольклора, в которой синтетически представлены научное, художественное и эвристическое начала освоения человеком окружающего мира. Цель исследования – представить аналитический обзор наиболее репрезентативной критической оценки природоведческой детской литературы Казахстана. Приведен иллюстративный материал художественного описания краеведения и природоведения. В данной статье авторы обращаются к корпусу исторической и современной научной критики детской литературы. Практическая значимость исследуемой проблемы заключается в раскрытии особенностей развития детской литературы в ее основных жанрово-стилевых концентраторах. Авторы используют системный подход, позволяющий выстроить изучаемый материал по линейно-концентрическому принципу, применимым к жанровым формам прозы и поэзии, обращенным к детям.

Ключевые слова: естествознание, животный мир, казахская детская литература, человек и природа, научно-художественная книга.

Материал поступил в редакцию журнала 17.08.2023

МФТАР 17.82.60

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp94-103](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp94-103)

А.Б. Ерсайнова¹, Ж.С. Таласпаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы.

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150011, Қазақстан Республикасы

С. МҰҚАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада классик жазушы Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасындағы қазақ әдебиеті мен сынына, әдебиет тарихына қатысты, ашық хаттары ғылыми сараланған.

Сәбит Мұқанов өз шығармашылығында кез келген тақырыпта жазбас бұрын зерттеулер жүргізген. Сол зерттеулерінің бір бөлігі әртүрлі ғалымдарға, жазушыларға, ғылыми мекемелерге жазған хаттары деуге болады. Хат жазу арқылы көптеген деректерді жинап, оны өңдеп, көркем туындыға айналдырып отырған. Аталған мақалада академик-жазушы Сәбит Мұқановтың әдебиет саласына байланысты жазылған хаттарына ғылыми талдау жасап, қай хатында қандай шығармаға материал алғаны сараланып, сол арқылы жазушының шығармашылық лабораториясы және шығармашылық психологиясы бірішама ашылып, анықталды. Классик жазушының хаттарын тақырыптық тұрғыдан саралап жіктедік.

Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасынан азаматтық өсу жолының хронологиясын, эпистолярлық жанрды өте жақсы меңгергендігін, үлкен мәдениеттілік танытқандығын байқаймыз. Мақаланың негізгі мақсаты – Сәбит Мұқанов хаттарына зерттеу жүргізу арқылы жалпы эпистолярлық жанрда жазушылардың жеке хаттары мен ғылыми хаттарының жазылып отырған көркем шығармада көрінісін талдау. Сол арқылы академик-жазушы Сәбит Мұқановтың авторлық психологиясы мен ұстанымын айқындау мүмкіндіктерін саралау.

Кілт сөздер: хаттар, эпистолярлық жанр, ғылыми хаттар, әдеби айтыстар, сөз тартыстары, жазушы психологиясы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақтың классик жазушысы Сәбит Мұқанов шығармашылығына байланысты көзқарастар мен әртүрлі айтыстар тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа бағытта өрбіді. Жалпы жазушының шығармашылығы қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңіне келсе де, оның қазақ әдебиеті тарихына әкелген жаңалығы мен тың пайымдауларын ешкім де жоққа шығара алмайды. Әдебиет тарихынан С.Мұқановтың XX ғасырдың басындағы әдеби айтыстарға қатысқаны белгілі. Сол айтыстарда көптеген қарсылас санаған ақын-жазушыларын қатты сынағанын және сол үшін қазіргі кезде өзінің де көптеген сынға ұшырап отырғанын білеміз. Десек те, тарих әрқашан өзінің шындығын уақыт өте келе ашады. Сондай тарихи ашылу сәті С.Мұқанов шығармашылығына да байланысты қажет деп санаймыз. С.Мұқанов шығармашылығын зерттеген ғалымдар сол саяси науқаншылық заманында жазушының өз шығармашылық арнасынан аумай, өзінің ұстанған принциптеріне адал болды деген тоқтамға келеді. Жалпы хаттар адамның ішкі әлемі мен қоршаған ортасына көзқарасын айқын көрсететін құрал ретінде белгілі. Хат арқылы адам өзінің жан сырын да аша алады. Сондықтан жазушы С.Мұқановтың әдебиетке қатысты ғылыми мағынадағы хаттарына талдау жасау өзектілігін айқындаймыз.

КІРІСПЕ

С. Мұқанов шығармашылығын зерттеген Т. Кәкішев, Қ. Ергөбек сияқты ғалымдар еңбектерінен жазушының кеңестік идеологияға шын сеніп, оны халықты дұрыс жолға бастайтын бағыт деп танығанын білеміз. Алаш зиялыларына байланысты да айтқан ойлары кей кезде оның шығармашылығын дұрыс қабылдамауға, кедергі болып отырады. Бұл туралы Қ. Ергөбек: «С. Мұқанов Алашорда өкілдерін қай тұрғыдан келіп трактовка жасаса да кейінгі ұрпақ үшін ұлан-асыр мол материал қалдырды. Қатты айтқан жері Сәбеңнің өзіне «қарғыс» болып тиеді, тәтті айтқан жері (пікірі) алғыс боп жауады. Сәбит Мұқанов жазған материалдарды оның өзімен сынасып отырып та, сырласып отырып та талдауға, талдай отырып бүгінгі ұрпақ үшін пайдалануға әбден болады. Ақиқатқа жоғарыдан қарауға да, төменнен қарауға да болады. Мәселе – ақиқатты тани білуде» [1, 39], - деп нақтылайды. Жазушы туралы осы және басқа да ғылыми пайымдарға сүйене отырып, оның әдебиет туралы жаған хаттарының маңызы мен мәні туралы зерттеу барысында саяси қалыптан шығып, бүгінгі тәуелсіз ғылыми ой-тұжырым аясында қарастыру жөн деп санадық.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

С. Мұқановтың әдебиет тарихы мен сынына байланысты эпистолярлық мұрасын зерттеу барысында салыстырмалы, герменевтикалық, сипаттау, талдау жасау әдістері қажетінше қолданылды. Сондай-ақ, Ө. Жақсылықұлының және «С. Мұқанов атындағы әдеби-мемориалдық музей кешені» ғылыми қызметкерлерінің құрастыруларымен жарыққа шыққан «Мұқановтың хатханасы» атты жинақ басшылыққа алынды. Классик жазушының өзі жазған, жазушыға келген хаттары қарастырылды. Нақты олардың тізімінде Ш. Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Қирабаев, К. Оразалин сынды ақын-жазушылар, іргелі ғалымдарымыз бар. Сонымен қатар Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын зерттеген Т. Кәкішев, Қ.Ергөбек сынды ғалымдардың да зерттеу еңбектерін басшылыққа алдық.

НӘТИЖЕЛЕР

С. Мұқанов хатханасын зерттеу кезінде оның эпистолярлық мұрасын бірнеше топқа бөліп қарауды жөн көрдік. Хаттардың бірінші тобы, әдебиеттегі жазушы қатысқан сыни айтыстарға байланысты, екіншісі – қазақ әдебиетінің тарихына байланысты ғылыми және талдау хаттары, үшіншісі – басқа ұлт өкілдері жазушыларымен жазысқан хаттары, төртінші хаттар тобы қоғамдық қызметіне байланысты хаттар болмақ. Бұл хаттарды ары қарай да нақтылы жіктеп көрсетуге болады. Бірақ біздің мақсатымыз жазушының хаттары арқылы сол кезде қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби үрдістегі ерекшеліктерді ашу болғандықтан оған арнайы тоқталмадық. Дегенмен, жазушы хаттарын «Мұқановтың хатханасы» деген атаумен жазушы атындағы музей-кешені қызметкерлері құрастырған кітаптағы хронологиялық тәртіппен де қарастыруға болады. Онда 1924-1938, 1939-1949, 1950-1960, 1963-1973 жылдар деп жіктеліп берілген [2]. Зерттеу барысында алдыға қойылған мақсатымызға сай хаттарды хронологиялық емес, тақырыптық жіктеуді дұрыс санадық. Сонымен қатар С. Мұқановқа байланысты жазылған хаттарды жазушыға жазылған хаттар және жазушының өзі жазған хаттар деп те жіктеп алуға болады.

Жазушының әдебиет туралы өзі жазған хаттарының дені шығармашылық ізденуіне байланысты келеді. Арасында тұрмыстық жағдайына байланысты жазылғандары да бар. Екінші топта жазушыға басқа ақындар мен жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің жазған хаттары. Олар да сол кезде жазушының қандай да бір билікке ие екенін, жазушылардың мәселелерін шеше алатынын көрсетеді. Көбінде жазушының мәселені оң шешіп беріп отырғанын байқаймыз. Бұл жазушы ретінде, қоғам қайраткері ретінде Сәбит Мұқановтың азаматтық бейнесін сомдайды. Сонымен Сәбит Мұқановтың эпистолярлық шығармашылығын саралай келе, онда қамтылған тақырып пен жазушының жеке тұлғалық психологиясын танытатынын көреміз:

1. Жазушының қаламгерлік ұстанымы айқындалады;
2. Қоғамдық-әлеуметтік ортадағы саяси көзқарасы мен өмірлік идеялары сараланады;
3. Әдебиет туралы ой-толғаныстары нақтылы автор ретінде бірінші жақта баяндалып, жеке пікірін білдіреді;
4. Басқа авторлардың шығармаларына байланысты сыни баға мен сыни бағдарлауға байланысты көзқарасы айқындалады;
5. Өзінің жазып отырған шығармаларына материал жинау мақсатындағы жоспары сияқты дүниелерді ортаға салады;
6. Өзінің нақтылы шығармалары («Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» романдары хақында ойлары) арқылы өз пікірі мен таладаулары беріледі;
7. Қоғамның бір мүшесі ретіндегі көңіл-күйі, психологиялық жағдайы, өмірдегі қарапайым адам ретіндегі Сәбит Мұқанов толғаныстарын білдіретін хаттары көрінеді.

Байқағанымыздай жазушының эпистолярлық мұрасын толықтай саралай отырып, оның жан-жақты, кең диапазонды қамтитын шығармашылық салаларының көптігі көрінеді. Жалпы жазушы XX ғасырдың басындағы әдеби айтыстардан бастап өзінің әдебиетке және қазақ елінің құрылып келе жатқан қоғамына пікірін үнемі білдіріп отырған. Оның бұл көңіл ауаны барлық хаттарынан көрінеді. Әсіресе, бұл көңіл толқынысы байқалатыны Мұхтар Әуезовке жазған хаттарында еді. Сонымен қатар жазушы өзіне келген тұлғалардың хаттарының астына өз ойын қоса жазып сақтағаны жоғарыда аталғандай өзінің хатханасын жасап, эпистолярлық жанрдың жаңа бағытын тудыруды мақсат еткені аңғарылады.

Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін парақтай отырып, алдымен С. Мұқановтың екі хатына байланысына тоқталмақпыз. Алғашқысы С. Мұқанов пен Шәкәрім Құдайбердіұлының арасындағы хат. Бұл хат туралы кезінде шәкәрімтанушылар да, С. Мұқанов шығармашылығын зерттеушілер де жазды. Дегенмен, хаттағы әдебиет тарихына байланысты материалдардың әлі де саралана түсуі керек сияқты. Шәкәрім хатын 1931 жылы үшінші ақпанда жазған. Ал ақынның сол жылдың қазан айында жазықсыз атылғаны белгілі. Шәкәрім хатының С. Мұқанов архивінен табылғанының өзі қазақ әдебиеті тарихы үшін үлкен олжа болғаны да анық. Атын атауға мүлдем тиым салған ақынның хаты мен сол хатта шығармаларының аталуы Шәкәрім ақынның ақталып шыққаннан кейінгі уақытында туындыларды осы хат ізімен түгендеуге мүмкіндік болды. Хат: «Ардақты Сәбит бауырым! 11/ XII жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым. Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім» [3], - деп басталып, Шәкәрім жолдап отырған туындыларын атайды. Олар ақынның «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», «Бозбала мен кәрілік», «Баламен айтысып жеңілгенім» шығармалары болатын. Сонымен қатар ақын «Қазақ анасы» мен «Еңлік – Кебек», «Қалқаман-Мамыр» шығармаларын қайта көшіріп жатқанын айтады. Ең өкініштісі ақын осы хатында атаған «Том ағайдың балағаны» аудармасының әлі күнге дейін табылмай отырғаны. С. Мұқановтың өз қолымен хатқа жазған қосымшасында 5.05.1952 ж. деп қол қойылған. Яғни хатты алғаннан кейін біршама уақыт өткен соң жазушы бұл мұраны архивке тапсырған. Осы кезеңде Шәкәрім әлі де ақталмаған, «халық жауы» ретінде танылып отырған уақыты. Сондықтан бұл хатты С. Мұқановтың сақтап, қорға тапсыруы да ерлік. Жазушы аталған хатқа берген қосымша анықтамасында: «... Кітап беріп жібердім деген адамы әкеліп берген жоқ, баласы қолындағы кітаптарын берген жоқ. Хатқа «Мұтылған» деп қана қол қойылған» [2, 37], - дейді. С. Мұқанов бұл хаттың Шәкәрімдікі екенін тек хаттың ішіндегі оның кітаптарының аты болғаннан және баласының есімі жазылғаннан білдім деген. Бұдан қарап, жазушының бір сақтықпен жазып отырғанын байқау қиын емес. Сонымен бірге хатта Шәкәрім «Жан сыры. Жаралыс сыры» деген қолжазбасы туралы айтады: «Бұл «Жан сыры», «Жаралыс сыры» басылмайтын болса, тез қайтарғаныңызды өтінемін. Лажы болса қолжазбаларымның бәрін қайтарып отырарсыз» [4]. Шәкәрім қолжазбаны басылмайтын болса қайтаруын өтінген. «Жан сыры. Жаралыс сыры» деген атауына қарағанда Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық трактатының жалғасы сияқты. Өкінішке орай бұл еңбек те қазір қолда жоқ. Жалпы зерттеу барысында хаттың ізімен біраз ғылыми еңбектерді қарап, Шәкәрімнің философиямен және оның бағыттарымен терең айналысқанын байқадық. Біздің нақтылы осы зерттеудегі мақсатымыз С. Мұқанов хаттарының тарихилығы мен әдебиетке қатыстылығын анықтау болғандықтан бұл мәселені ойда болу үшін түртіп жазып кетіп отырмыз.

Хатты алғаш рет түпнұсқадан Қ. Мұхамедханов пен Ә.Нарымбетов 1970 жылы көшірген екен. Бірақ Шәкәрім ақталмай қалған соң хаттар туралы әңгіме тағы да біраз уақытқа тарих қойнауында қалып қойған еді. Хаттың тарихын зерттеген ғалым Әділғазы Қайырбеков: «1930 жылы Сәбит Мәскеудегі Тіл білімі институтында оқып, соның аспиранты болып, күзге қарай Алматыға келеді. Келгеннен кейін Сәбиттің Шәкәрімге хат жазғандығы Шәкәрімнің хатынан білініп тұр. «Сіздің 11-желтоқсанда жазған хатыңызды алдым» дейді Шәкәрім. Яғни, алдында Сәбеңнің Шәкәрімге жазған хаты болған. Ал мынау хат Шәкәрімнің Сәбеңе жауап хаты іспетті. Шәкәрімнен Сәбит Мұқанов біраз кітаптар сұратқан. Оның

өлеңдерін, шығармашылық өмірбаянын сұратқан. Осының барлығына Шәкәрім жауап берген» [5], - дейді өзінің бір сұхбатында. Ғалым дұрыс пайымдап отыр. Шәкәрімге Сәбиттің жазған хаты аталады. Бірақ ол хат еш жерде жоқ. Сонымен қатар Сәбит Мұқанов ол хат туралы өзі де ештеңе айтпаған. Оның Шәкәрімге қатысты көп нәрсені айтқысы келмеуінің себебі ақынның атылып, жазықсыз құрбан болуы еді. Дегенмен хаттың Сәбит Мұқановта сақталуы тарихтың Шәкәрімге қатысты біраз ақтаңдақ беттерін ашқанын білеміз. Сонымен бірге Шәкәрімнің өз қолтаңбасы ретінде сақталған жәдігер-хат деуге де болады бұл хатты.

С. Мұқановқа заманында хат жазып, өзінің шығармашылығы туралы айтқан тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді. Ол өзінің қолжазбаларын жолдағанын, оны бастыртамын деген адамдардың бастырмай сол беті жарыққа шықпай жоғалып кеткенін жазады. Сонымен қатар әдебиет тарихын зерттеушілер үшін құнды деректер айтылады. Хатта: «Теміртайды өлең қылып сөйлеген Сәбит Мұқанов сен болсаң, бізге атаң кім, бабаң кім, «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» ма, болмаса түптеп тартып қозғап жүрген бір сілем бар ма? Сөзінді таныдық, өзінді таныт» [3], - деп бастаған Мәшһүр Жүсіп С. Мұқановтан жолдаған шығармаларын тауып беруге немесе баспадан шығаруға көмек беруін сұрайды. Бұл хатта да ақынның біршама қолжазбаларының тізімі аталады. Ақын өзінің хат жазып отырған уақытында 72 жаста екенін жазған. Олай болса хат отызыншы жылдары жазылған. «Осы күнде өзі жетпіс екі жаста отыр. Үш жүзден шыққан ақындардың, өрнекті хан, үлгілі билердің, батырлардың тарихы, әңгімесі өзінде түгел. Мен сөз үйренетін кісі емеспін. Уәлихан Омаров пен Зыяш Алдабергеновтен Мәшһүр Юсұф сөзін қайда жібердіңдер, бары болса маған жіберіңдер, жоғы болса оны айтыңдар деп, екеуінің опаздығынан бір жауап алып берсең» [3] деп аяқталатын хатта өтініш тілекпен қатар ағалық бұйрық назы да бар еді.

С. Мұқанов хаттардың астына өзі қосымша сілтеме жазып отырған. Мәшһүр Жүсіптің хатынан кейін: «P.S. Бұл хатқа Мәшһүр Юсұф қол қоймаған және қай уақытта жазылғанын көрсетпеген. Хаттың оныкі екендігі, біріншіден, сыртқы адресінен, екіншіден почеркінен танылды. Хат 1931 жылы апрель айында алынды. С.Мұқанов. 5/У – 1952 ж» [3], - деп анықтама береді. Хаттың мәтіні мен оған жазылған анықтама Әділғазы Қайырбековтің «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында жазылған [3].

Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің хаттары жалпы қазақ зиялы қауымының Сәбит Мұқанов арқылы көптеген әдебиетке қатысты мәселелерді шешіп жүргенін байқаймыз. Даланың дархан данышпандары Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің екеуі бір мезетте Сәбит Мұқановқа өз шығармаларын жолдап, шығармашылықтарына демеу тілеуі де тегіннен тегін емес. Бұл сол тарихи кезеңде Сәбит Мұқановтың әдеби қауымдастықта беделі жоғары, сенім білдіруге болатын қоғам қайраткері ретінде танылуы десек артық айтпаспыз.

Келесі бір хатты С. Мұқановқа ақын Мағжан Жұмабаев жазған. Хат 1937 жылы 20 ақпанда жазылған. Онда Мағжан С. Мұқановтан өзінің елге оралғанын және қаражаттан қысылып жүргенін, жұмыссыз отырғанын баяндайды. Мағжанға тән тектілікпен тікелей көмек сұрамай, ақын өзінің тура сол уақыттағы халін айтып өтеді. Ақынның «Токсанның тобы» өлеңі де осы уақытта шыққаны белгілі. Яғни, ол өзінің алаш идясынан бас тартып, большевиктік жақта екенін білдірген уақыты болатын. Осы хатқа байланысты С. Мұқанов дереу Жаманқұловқа «құпия» деген белгімен хат жібереді. Онда М. Жұмабаевқа байланысты Мирзоянның рұқсатын алғанын, оған жұмыс беру керек екенін, аударма жұмыстары үшін қаржы бөлу мәселесін де сұрап жазады. Ғалым Т. Кәкішевтің мақаласында бұл хат туралы барынша шынайы да, ашық жазылған [6]. Бұл хаттың толық нұсқасы жазушының хаттары жинақталған «Мұқановтың хатханасы» кітабында да берілген. Жалпы Сәбит Мұқановтың өзінен көмек сұраған ақын-жазушыларға барынша көмек қолын созғаны көрінеді. Мағжан Жұмабаевқа келгенде Сәбиттің көмектеспеуі мүмкін емес еді. Ол өзінің «Өмір мектептері» романында Мағжанның оның алғашқы оқу оқыған сәтінен бастап қолдағанын жазған. Жоғарыда аталған Тұрсынбек Кәкішевтің жазбасында Мағжанның Алматыға келген сәтін өте нақтылы суреттеген. Онда Сәбиттің Жаманқұловқа «құпия» белгісімен жазатын хатының да тарихы барынша шынайы беріледі. Мысалы, Т. Кәкішевтің: «Мағжан Алматыға 1937 жылы 25 наурызда көшіп келгенде алдынан шығып, қарсы алған жалғыз Сәбит, Жазушылар

Одағының бастығы болып отырғанда Мағжанды қарсы алуға талай адамды жұмсауға мүмкіндігі болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. І Алматыға өзі барудың ең бір мықты сыры – күнеларын жуу ғана емес, азаматтық таныту екені сөзсіз» - деуінен Сәбиттің бойындағы адамдық қасиетін аңғарамыз.

Жазушының осы хаттары тарихымыздағы ақтаңдақ беттерді тағы бір парақтап, оның шындығы мен ақиқатына үңілуге мүмкіндік деуге болады. Сонымен қатар бүгінгі күні Сәбит Мұқановтың Мағжан Жұмабаевқа қатысты жасаған қиянаты туралы да айтылады. Бірақ бүгінгі зерттеушілер тарихтың сол зұлмат парақтарына әділ қарап, әділ бағасын беруге міндеттіміз. Қазақтың сол замандағы рухының сынаққа түскенін көрсетеді [6].

С. Мұқановтың әдебиетке байланысты ғылыми пайымдау, тұжырым айтқан хаттарының бірі – жазушы Камен Оразалинге жазған хаты деуге болады. Хатты 29.09.1948 жылы жазған. Хатта Кәмен Оразалиннің «Қасиет» деген туындысын талдайды. Жазушы өзінің тәжірибесіндегі дүниелерді бөлісе отырып, К. Оразалиннің шығармасындағы жақсы жақтары мен кемшіліктерін де көрсетеді. Хатты көркем әдебиет сыны ретінде де қабылдауға болады. Шығарманың сюжеті, тақырыбы мен кейіпкерлер әлемінің құрылымдық жүйесі туралы айта келе: «Ең соңғы айтарым: шығармада «үлкен», «кіші» деген герой болмайды. Шығармаға кірген геройдың әрқайсысы өз орнында үлкен. Тек араларындағы айырма – біреуінің ісі көбірек те, біреуінікі азырақ. Осы «көп істі» адам да, «аз істі» адам да сыртқы қимылдарымен, ішкі жан-дүниесімен (сана-сезімі) айқын көрсетілуі керек. Шығармада аз істегенімен сол кісінің сол аз ісі өз мөлшерінде айқын, ашық көрінуі керек. Әйтпесе, ол әдебиеттің образы бола алмайды. Осы жағына көңіліңді көбірек бөл. Әрбір кішкене іс сол кішкене қалпында айқын дәлелденіп тұрсын» [2, 115], - деп түйіндейді. Жазушы шығарма кейіпкерінің қандай болса да шығарма мазмұнын ашуда үлкен рөл атқаратынына назар аудартады. Яғни, шығарманың архитектоникасына кірген сюжет те, кейіпкер де қандай болса да маңызды екенін айтады. Шығарманың тілі де маңызды екенін айта келе, кейіпкерлерді сөйлеткенде әр кейіпкердің өз мінезі мен қызметіне қарай сөйлеу тілі болуы керек екенін қатты ескертеді. Шығарманың сюжеттік желісі бойынша да біршама сын айтқан. Мәселен, Сәбит Мұқанов: «Жап-жақсы құраған сюжетінде олпы-солпы болып тұратын жерлер бар» - дей келе тараулар бойынша «орынсыз отступлениенің» бар екенін, шығарма сюжеті бойынша жалпы идеясын ашпайды деген тұстарын нақтылы көрсетеді. Сонымен қатар кейіпкерлердің жеке әрекеттеріндегі олқылықтардың да бар екенін айта келе, «повестің драмалық жағы шықпаса, онда повесть де шықпайды» - деп нақтылы қай тұсын өзгерту керек екеніне назар аудартады. Сәбит Мұқанов шығарманың тартымды болуы драмалық тартыстың күшті болуына байланысты деп өз сыни ойын айтады. Бұның барлығы да жазушының өзінің артынан келе жатқан жас жазушыларға деген қамқорлығы, тілектестігі деп білеміз.

Жазушының қазақ әдебиетіне байланысты жазған ғылыми толғамды хаттарының бірі академик Серік Қирабаевқа жазған хаты. Хаттың екінші бөлімінде С. Қирабаевтың «Қазақ совет әдебиеті туралы очерктер» деп аталатын монографиясына байланысты сын-пікір айтылады. Онда: «Сонымен қатар, бірі хата (мақала авторларынан қате), бірі ойласуды тілейтін екі пікірің бар: а) хатаң,- Қазақ Совет әдебиетінде социалистік реализм «Абайдан ғана басталып, сонда ғана бекіген сияқты. Олай болса оған дейін жиырма жыл жасаған Қазақ Совет әдебиетін қайда қоямыз? 40 жыл жасаған Қазақ Совет әдебиетінің жалғыз асқары «Абай» ғана ма? Олай деу тарихи да, саяси да хата. б) «Қарағанды» романында Мейрам образы туралы бұрын беріліп жүрген бағаны, культ личности-ға байланысты, қайта ойлап көру қажет» [2, 173], - дейді. Бұдан С. Мұқановтың тек жазушы емес, шығармашылық туралы, әдеби үрдістің дамуы туралы өзіндік ойлары мен түйінді пікірлері болғанын байқаймыз. С. Мұқановтың бұл сын-пікірінен талай нәрсені аңғаруға болады. Алдымен ол өзінің әріптес інісі болып келетін ғалымның еңбегіне ғылыми талдау жасап отыр. Жай ғана талдап қоймай қазақ әдебиеті тарихына, әдебиет теориясына байланысты ойын да білдіреді. Социалистік реализм қалыбында тұрған шығармалардың сюжеті мен кейіпкерлерінің өзінен адамдық қадыр-қасиет көрсету арқылы әдебиеттің негізгі қызметін анықтағанын байқаймыз.

С. Мұқанов хаттарының ішіндегі көпшілікке танысы Мұхтар Әуезовпен екеуінің жазысқан хаттары болатын. Бұл хаттар басында бір-біріне қарсы келген екі алыптың соқтығысуындай болғанымен, сонымен қатар жеке бастарына байланысты өкпе-наз ретінде басталып, артынан әдебиеттің тарихи кезеңіне байланысты ойлармен аяқталады. Сәбит Мұқановтың Мұхтар Әуезовке жазған он үш беттік хаты туралы жазылған зерттеу мақаласы толық талданған. Ол мақалада: «Хат қызықты әрі бір деммен оқылады, онда психологиялық-эмоциялық реңк мол, хат құрғақ деректерді ғана беретін жай хат емес қиыннан қиюластырып, өріліп шыққан өнер туындысы болып шығады. Онда екеуара қатынастың мәселелері ғана емес әдебиеттің, адам арасындағы қоғамдық қарым-қатынастың күрделі, философиялық мәселелері түйдек-түйдек ойлармен жалғасады. Мұнда Сәбең мен Мұқан тарапынан реніш те, өзін кінәлі сезініп ақталу да, елге аты белгілі үлкен жазушыны араздыққа қимай оның алдында арыла отырып толғану да, арада болған кейбір жайларды түсіндіргісі келіп жанын сала сөйлеген бауырмал қимастық, татулыққа жетуді ойлаған адамгершілік, адалдық сезімі аралас жатты. Әсілі адамның сезім, ой, рухани байлығы осындайда әдеттегіден де ашық көрінеді» [7], - деп екі қазақ классик жазушысының жеке адамдық бет бейнесі де сипатталады.

Бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеті зерттеуінің биігінен қарағанда екі жазушының да ішкі өкпелерін, дүниетанымын байқап, кешіріммен қарауға болады. Екі жазушы болашақ ұрпақ үшін де өз биігінде қалуы керек.

Сәбит Мұқановтың қоғамдық белсенділігі әдебиетші ретінде де үнемі көрініп отырған. Мәселен, 1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетіне шыққан «Мұқанұлы Сәбит, Майлыұлы Бейімбет, Жансүгірұлы Ілияс» жазған ашық хатта жазушы әрі қоғам өмірінің белсендісі ретінде үлкен мәселелерге назар аудартады. Ашық хат: «Қазақстан пролетариат жазушыларының (ҚазАПП) барлық секцияларына, жеке мүшелеріне және жалпы пролетариат әдебиетіне атсалысатын жолдастарға», - деп басталып, сол кездегі байшыл және кедейшіл, таптық әдебиет тартысына байланысты ережелер ұсынумен аяқталады [8]. Хаттағы тарихи деректер арқылы сол замандағы үлкен тартыстың негізін көреміз. Жалпы Сәбит Мұқановтың осындай бағыттағы хаттарын арнайы жеке қарастырып, олардың мәнін аша түсу бүгінгі заман талабы. Сондықтан да осы мағыналас хаттарды жеке зерделеп, олардың авторлары мен ішінде аттары аталған тұлғалардың қарым-қатынасын арнайы зерттеу қажет.

Сәбит Мұқанов шығармашылығын терең зерттеген ғалым Құлбек Ергөбек өзінің «Жазушы шеберханасы (Сәбит Мұқанов)» деген монографиясында оның шығармашылық лабораториясындағы хаттарға аса ден қоя отырып, жан-жақты талдаған. Онда зерттеуші С. Мұқановтың эпистолярлық проза жанрына қызығып, оны қазақ әдебиетіне әкелуді ойлағаны айтылады. Кітапта жазушының орыс жазушысы И. Тургеневтің хаттарын көркем шығарма оқығандай қызыға оқығанын және соны үлгі тұтып өзі де хаттарды жинауды әдетке айналдырғаны туралы С.Мұқановтың өзі берген сұхбатына сүйене отырып жазады.

С. Мұқановтың эпистолярлық прозаға сіңірген мол еңбегі де осы кітапта барынша ашылады. Мысалы Құлбек Ергөбек: «Эпистолярлық жанр үлгілері жазушыны қай қырынан көрсетеді, салмағы қандай деген мәселелерге келейік. Бұл хаттар ең алдымен Сәбит Мұқановтың азаматтық өсу жолының шежіресі, өмірбаянын толықтыра түсер дерек, мәлімет береді. Сонымен қатар қазақ халқымен бірге түлеп, бірге «күйреп» жүрген С. Мұқановтың қайраткерлік істерінің куәсі. С. Мұқановтай мұғал дарын иесінің қаламгерлік құпиясының кілті де – осы хаттар» [9, 31], - деп жазушының шығармашылығын ашу жолында оның хаттарының да өте маңызды екеніне тоқталады.

Тағы бір ерекше атап өтетін жағдай – жазушығы басқа ақын-жазушылардан басқа қарапайым еңбек адамдары да хат жазып тұрғанын көреміз. Жазушының әр хатқа мұқият болғаны сонша ол халықтан келген барлық хаттарға жауап жазуға тырысқан. Кейбір адамдар жазушыдан өздерінің жеке басына байланысты көмек те сұрап отырған. Олардың барлығын мүмкіндігінше шешіп отырған. Халық жазушысы ретінде өзін таныған Сәбит Мұқанов әрқашан халық атынан сөйлеген. Сондықтан халық ішінен келген әр хатқа мұқият болған.

Жазушының адамдық болмысы әрқашан жақсылыққа құмар болып, жамандықты жөндеуге тырысып отырған. Хаттарының ішінде баласы мен келінінен зәбір көрген қарт анаға көмектесуі, көзі зағип болған жетім баланы мектепке орналастырып, оның қатарға қосылуын қадағалап жүруі сияқты мысалдар көп. С. Мұқанов эпистолярлық мұрасының басты ерекшелігі оның әр хатындағы шынайылық пен ақкөңіл де, дархан мінезін көреміз.

Жазушы ретінде эпистолярлық проза үлгісін өз шығармаларында молынан қолданған жазушы кейіпкерлерінің арасындағы байланысты, қақтығысты, тартысты хат жазысулары арқылы шешіп отырған тұстары да бар. Бұл оның хатты жазып, қабылдап қана қоймай көркем шығармадағы кейіпкер болмысын ашудағы бір тәсіл ретінде де қолдануын, жазушы ретінде шеберлігін шыңдауы екенін көрсетеді.

Жазушының авторлық ұстанымын талдау барысында бұл хаттардың мазмұнын біліп отыра талдау да барынша авторлық танымды, автор бейнесін көркем шығарма ішінен ашуға мүмкіндік молаяды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ эпистолярлық жанры тарихында өзіндік орыны ерекше классик жазушының хаттарын саралай отырып, қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы тарихи даму деңгейі мен ондағы әдеби үрдістің ерекшелігін көреміз. С. Мұқанов хаттарындағы жеке пайымдарымен қатар, сол кездегі қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу және даму тарихындағы ерекшеліктер біршама ашылған. Жазушының архивында 2 бума, алғашқысында – 396 папка, екіншісінде – 45 папка хат сақталған. Бұл оның хаттасу арқылы көптеген мәселелерге араласқанын көрсетеді.

Жалпы Сәбит Мұқанов өзі жазған, оған жазылған хаттарды саралай отырып, оның қазақ әдебиеті тарихында және қазақ мәдени қоғамының қалыптасуындағы орнын айқындау мүмкіндігі туып отыр.

Жазушының шығармашылық мұрасына қосылатын хат мұрасы да оның өмір сүрген дәуірінің тынысын білдіріп, қазіргі және болашақ зерттеулерге мұрындық боларына сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ергөбек Қ. Келбет (С. Мұқанов тағдыры). – Астана: Фолиант, 2020. – 624 б.
2. Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова / Құраст.Ә. Қайырбеков. – Алматы: «Полиграфкомбинат», 2018. – 392 б.
3. Мәшһүр Жүсіптің бір хаты. URL: <https://egemen.kz/article/337869-mashqur-zhusiptinh-bir-khaty> (қаралды: 17.05.2023)
4. Шәкәрімнің Сәбит Мұқановқа хаты. ҚР ОММ, 1634 қор (Қолжазбаның түпнұсқасы араб әрпінде берілген).
5. Шәкәрім қажының Сәбит Мұқановқа жазған хаты. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qazynyn-sabit-muxanovqa-zazgan-xaty__16582 (қаралды: 17.05.2023)
6. Кәкішев Т. Сәбит – Мағжан – Сәкен. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/tursynbek-kakisev-sabit-magzan-saken__14604 (қаралды: 17.05.2023)
7. Келіс Р. Мұхтар Әуезовтің Сәбеңе хаты. URL: <https://adebiportal.kz/en/blogs/view/muxtar-aeuzovtin-sabene-xaty> (қаралды: 17.05.2023)
8. Үшеудің хаты. URL: <http://www.madeniportal.kz/article/2652> (қаралды: 17.05.2023)
9. Ергөбек Қ. «Жазушы шеберханасы (Сәбит Мұқанов)». – Алматы: Қазақпарат, 2002. – 292 б.

Материал 03.07.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Ergobek K. Kelbet (the fate of S. Mukanov). - Astana: Foliant, 2020. - 624 p.
- 2 Mukanov's house - Pismoteka Mukanova / Kurast.A. Kairbekov. - Almaty: «Polygrafkombinat», 2018. - 392 p. [in Kazakh]
- 3 One letter of the famous Yusuf. URL: <https://egemen.kz/article/337869-mashqur-zhusiptinh-bir-khaty> (reviewed: 17.05.2023). [in Kazakh]
- 4 Shakarim's letter to Sabit Mukanov. OMM of the Republic of Kazakhstan, fund 1634 (the original manuscript is in Arabic). [in Kazakh]
- 5 The letter of Shakarim Haji to Sabit Mukhanov. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qazynyn-sabit-muxanovqa-zazgan-xaty__16582 (viewed: 17.05.2023). [in Kazakh]
- 6 Kakishev T. Sabit - Magzhan - Saken. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/tursynbek-kakisev-sabit-magzan-saken__14604 (viewed: 17.05.2023). [in Kazakh]
- 7 Kelis R. Mukhtar Auezov's letter to Sabene. URL: <https://adebiportal.kz/en/blogs/view/muxtar-auezovtin-sabene-xaty> (viewed: 17.05.2023)
- 8 The letter of the three. URL: <http://www.madeniportal.kz/article/2652> (reviewed: 17.05.2023). [in Kazakh]
- 9 Ergobek K. «Writer's workshop (Sabit Mukanov)». - Almaty: Kazakhparat, 2002. - 292 p. [in Kazakh]

Проблема литературы в литературно-научном эпистолярном наследии С. Муканова

А.Б. Ерсайнова¹, Ж.С. Таласпаева²

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, 150011, Республика Казахстан

В статье подробно описаны письма писателя-классика Сабита Муканова, посвященные казахской литературе и критике в эпистолярном наследии, истории литературы. Перед созданием своих работ, писатель обращал особое внимание исследованиям по определенной теме. Одной из частью исследования являются письма разным ученым, писателям, научным учреждениям. При помощи писем, он собирал много данных, редактировал и анализировал их, а они в свою очередь находили отголоски в его произведениях. В данной статье проведен научный анализ писем академика-писателя Сабита Муканова, связанных с литературой и его творчеством; проанализировано, какое письмо послужило материалом для создания того или иного произведения, тем самым раскрыта и определена творческая лаборатория и психология творчества писателя. Произведена работа над тематической классификацией писем писателя-классика.

Из эпистолярного наследия Сабита Муканова мы можем заметить, что он очень хорошо владеет хронологим путем развития граждан, эпистолярным жанром, проявляя большую культурность. Основная цель статьи - проанализировать отражение в написанном художественном произведении отдельных писем и научных писем писателей в общем эпистолярном жанре путем исследования писем Сабита Муканова. Тем самым дифференцировать возможности определения авторской психологии и позиции академика-писателя Сабита Муканова.

Ключевые слова: письма, эпистолярный жанр, научные письма, литературные высказывания, словесные споры, психология писателя.

Материал поступил в редакцию журнала 03.07.2023

The problem of literature in the literary and scientific epistolary heritage of S. Mukanov

A.B. Yersainova¹, Zh.S. Talaspayeva²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150011, Republic of Kazakhstan

The article describes in detail the letters of the classic writer Sabit Mukanov devoted to Kazakh literature and criticism in the epistolary heritage, the history of literature. Before creating his works, the writer paid attention to studying specific topics. One of the parts of the study includes letters to various scientists, writers, and scientific institutions. With the help of letters, he collected a lot of data, edited and analyzed them, and this letters were shown in his works.

In this article, a scientific analysis of the letters of academician-writer Sabit Mukanov related to literature and his work is carried out. The authors analyze which letter served as the background for the creation of a particular work, thereby revealing and defining the nature and psychology of the writer's creativity. The research has been performed on the thematic classification of the classic writer's letters.

Analyzing the epistolary heritage of Sabit Mukanov, we can see that he has good instruments of citizenship development, showing great culture. The main purpose of the article is to analyze the individual letters and scientific letters of writers in the general epistolary genre by studying the letters of Sabit Mukanov. Thus, the article determines the author's psychology and the position of academician-writer Sabit Mukanov.

Key words: letters, epistolary genre, scientific letters, literary statements, verbal disputes, psychology of the writer.

Received: 03.07.2023

FTAMP 16.31.61

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp103-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp103-110)

Р.Ж. Қияқова¹, Г.Ш.Шахманова¹, Т.Берикбол¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

Т. ҚАЗЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ТАҒЫЛЫМ

Мақалада тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын зерттеу мақсатында қарымды қаламгер Төлеген Қажыбайдың «Аран» повесінде кездесетін діни лексика қарастырылады.

Жазушы шығармасында кейіпкерлерді суреттеу, олардың іс-әрекеттерін көрсету, ашаршылық заман көрінісін бейнелеуде діни ұғымдарды ұтымды қолданған. Қаламгер повестегі кейіпкерлердің сол кезеңдегі жай-күйін, тұрмыс-тіршілігін қазақы дүниетаным мен ұстанымы арқылы суреттеген. Заманы қиын болса да кебінін кигізу, адамды жерлеу, көңіл айту, жаназасын шығару сияқты діни мәдениетті де ерекше көрсете білген. Осы тұста, мақалада «Аран» повесінен алынған үзінділерден дін, мәдениет, тіл ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстығын байқауымызға болады. Автор қолданысындағы діни тілдік бірліктерге кірме сөздік, исламдық терминдер сөздігі, қазақ әдеби тілінің сөздіктерінен түсінік беріліп талданады.

Кілт сөздер: этномәдени лексика, лингвокультура, ұлттық дүниетаным, теология, теоллингвистика, діни ұғым, ислам діні.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқы әуел бастан дүниетаным, оның ішінде діни дүниетаным арқылы өзі мен жан-жағын таныған халық. Бұл халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де, жыр-дастандардан, авторлық шығармашылықтан да айқын көрінеді. Халқымыз айтар ойы мен ақыл-уағызын, өсиеті мен өнегесін жұрттың жүрегіне жеткізу үшін өлең сөзбен өрнектеген. Жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыю, халықты имандылыққа, бірлікке шақырып, адамгершілікке үйрету де сөз өнері арқылы көрініс тапқан. Ислам дінінің халық ауыз әдебиетіндегі сан алуан қисса-дастандар, жарапазан үлгілері т.б. осыны дәлелдейді.

Осы тұста көрнекті ақын, қарымды қаламгер, драматург Төлеген Қажыбайдың шығармашылығы мен діни ұғымдарды тұтастықта қарастыра зерттеу мақаламыздың өзегі болмақ.

КІРІСПЕ

Атақты ағартушы Ыбырай Алтынсарин өз заманында исламға ден қоя отырып, «мұсылманшылықтың тұтқасы – сенім, иман, имандылық» деп дәйектесе, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев дін рәсімдерінің тұрмыс дағдыларымен астарластығын «Ораза деген қазаққа құлшылық емес, әдеп қой», – деп бір ауыз өлеңмен сипаттаған. Ойшыл жазушы Ғ.Мүсірепов дін жөнінде: «Адам баласы бірдемеге сенбей, арқа сүйемей тұра алмайды, сол сенімнің аты – дін. Ең арғысы, саяси сенім дегеннің өзі – халықтың басым көпшілігі үшін дін», – деп оның адам өміріндегі рухани күшін жоғары бағалағаны белгілі [1].

Атам қазақ иманын – өз болмысының тірегі мен ар-ожданның асыл тас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған мына сөзі куә: «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы». Бұл жерде «арым» деп отырғаны – иман. «Ұят кімде болса, иман сонда» деуі де, содан қалған. Ар-ұятын сатқан жанға «иманын сатты», арысз жанды «имансыз» деген сөзбен түйреген. Қазақта мұндай сөз тіркестері толып жатыр. Бұл – аса иманды, момын-мұсылман жан екендігінің белгісі. Яғни, қазақ барлық игі жақсылықты иман сөзімен, барлық жамандықты имансыз сөзімен қолданған. Иә, қазақ шыр етіп дүниеге келген баланың құлағына азан шақырып, ажалы жетіп, бұл жалғаннан озған жанның да басын құбылаға қаратып, жаназасын шығарып бұлжытпай орындауға тырысқан.

Қазақ халқының жалпы ұлттық қасиетті ұғымына айналған имандылық сөзінің түп төркіні мен ілкі бастауының да мұсылман дінімен тоқайласып жататындығы белгілі. Иман ұғымы әуел баста Құран арқылы адамдардың санасына сіңсе де, уақыт өте келе халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрімен, таным-түсінігімен, наным-сенімімен біте қайнасып, жаңа бір сапалық деңгейге көтерілген ұғым. Халық түсінігіндегі иман сөзі діни шеңберден шығып, жалпы ұлттық, бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын ауқымды дүниетанымдық категорияны білдіреді.

Дін – қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Дін – жаратылыстан тыс бір құдіретті күш, адамдар арасындағы қатынастардың, идеялардың, әрекеттердің жиынтығы.

Дін – ауқымы кең, күрделі ұғым болғандықтан, діннің мәнін түсіндіру әрекеттерінің бәрі теологиялық, не болмаса ғылыми сипатқа ие. Дін ұғымына қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Дегенмен, кейбір мұсылмандық діни әдебиеттерде діннің синонимі ретінде «сенім» термині қолданылып, соңғы ғылыми сөздіктерде төмендегідей анықтама берілген:

«Дін – наным-сенім, Құдайға құлшылық. Қазақ тілінде «аса күрделі мәдени-қоғамдық сана, әлеуметтік құбылыс», «әлемді жаратушы бір Алланың барлығына шек келтірмеушілік» деген ұғымдарды да білдіреді. Қазақ фольклорлық жырларында «*дін тірегі*» деген мағынаны білдіретін «*дін қалғасы*», «*діні бір, діндес*» деген мағынадағы «*дін қарындас*», «*дінсіз, имансыз*» деген ұғымдағы «*діни қар*», «*діншіл, дінге берілген адам*» дегенді білдіретін «*діндарман, дінкәр*» тәрізді сөздер де кездеседі» [2]. Ал Құдайдың мәні мен әрекеті туралы діни жүйенің жиынтығын дін ілімі – теология зерттейді. Яғни, теология - (*гр.theos* – *құдай* +

logos – ilim) – Құдай туралы діни ілім, дінтану. Ол қасиетті мәтіндерге (Инжіл, Құран) және оларды философиялық мағыналауға негізделген.

Қазіргі дінтануда аймақтық таралуына орай, діннің негізін қалаушылардың рөліне орай (Мұхаммед, Будда, Иисус Христос), діни-наным ырымдарының салыстырмалы түрде қарапайымдылығына қарай әлемдік діндер қатарынан негізі үш дінді атауымызға болады. Олар – Ислам діні, Буддизм діні, Христиан діні.

Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Дін мен мәдениет бір-бірімен ұштаса келе қоғамды ізгілікке шақырады.

Т.Қажыбайдың «Аран» повесіндегі «*жаназа*», «*иман келтіру*», «*алақан жаю*», «*құран оқу*» діни мағынадағы бірліктер ғана емес, этномәдени мазмұнды бірліктер. Қазақ дүниетанымында «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұстаным бар. Аруақтарды еске алып, алақан жайып құран оқу, садақа беру үлкен сый-құрметті білдіреді, адамның өз сенімін нығайтады. Күнделікті қарапайым тіршілікке ерекше берекет дарытып, қуаныш ұялатып тұрған сол – өткенге деген құрмет пен содан қуат алатын ақыл-ойдағы жақсылық бейнесі, ол – сенім. Міне, осы кезеңде ана тілінің қоғамдағы орны, тіл арқылы ұлтты тануға деген қажеттілік туады. Осындай ұлтты тануға негіз болатын ұлттық бояуы қалың да айшықты, ұлттық дүниетаным мазмұнды тілдік бірліктер – лингвомәдени (этномәдени) бірліктер. Халық мәдениетінің тілде сақталған көрінісі, яғни лингвомәдени бірліктер ғылыми тілде лингвокультурема деп те аталады.

Ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз, тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің ара қатынасы ерекше де маңызды, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» [3].

Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі – материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктерінің жүйесі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғылыми зерттеудің негізгі нысаны ретінде жазушы Төлеген Қажыбайдың «Аран» повесіндегі діни ұғымдар алынды. Шығармадағы автор қолданысындағы діни ұғымдарды зерттеу барысында талдау, саралау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Мақаланы жазу барысында Ж.Манкеева, Қ.Қабдыразақұлы, М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Б.Сыддықовтың еңбектері басшылыққа алынды.

НӘТИЖЕЛЕР

Дәстүрлі қазақ қоғамында басты құндылықтарды діни дүниетаным құрайды. Дүниетаным – бұл шынайы болмысқа, ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған әлемге және өз-өзіне деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар адамдардың осы көзқарастары арқылы қалыптасқан негізгі бірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері құндылықтық бағыт-бағдарлары. Дәл осындай діни көзқарастардың бірлігін өз шығармашылығында ұтымды қолданған, діни дүниетанымы кең тұлғалардың бірі – Төлеген Қажыбай.

Дін мен тілді қатар зерттеу барысында ғалымдар арасында қалыптасқан әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін *теолингвистика* атты жаңа ғылым саласы пайда болды. Дін мен тілдің арақатынасы, бір-біріне қарама-қарсы қоғамдық сана формаларының байланысын ғалым Н.Б.Мечковская «Язык и религия» атты еңбегінде жан-жақты зерттеп, ойын төмендегідей тұжырымдайды: «По характеру своего содержания язык и религия занимают в ряду других форм общественного сознания крайние точки: это полярные противоположности. Язык включает в себе самую простую, элементарную картину мира; религия – самую сложную, при этом в содержание религии входят компоненты разной психической природы

(чувственно-наглядной, логической, эмоциональной, интуитивной, трансцендентной). Язык и религия, с точки зрения философии, относятся к категориям духовной культуры человечества. Это две формы общественного сознания (наряду с обыденным, или массовым, сознанием, моралью и правом, искусством, наукой, философией, идеологией) т.е. два отображения мира в сознании человечества, два разных образа мира...» [4, 23].

Осыған байланысты «Аран» повесінде кездесетін автор қолданысындағы діни тілдік бірліктерді теолингвистикалық тұрғыдан қарастыру үшін төмендегі микромәтіндерге назар аударайық:

1-мәтін. «Кереге басына кепкеп көнегін ілген не сән, қайыңның қабығын кеміріп, қымыздықпен жуа теріп кеткен не сән, күркесінде қалған сүйек-саяқты иттің езуінен жырып алып қазандағы қара суға қайнатып, қатық еткен не сән, саптама етіктің май сіңді қонышын, терезе әйнегінің орнына тұтқан қарын құрышын турамшылап талғажау еткен не сән... Бәрі де аштық атты тойымсыз аждаһа аранын қанағаттандырсақ, тойындырсақ деген дәрменсіз әрекеттің өтеушісіндей болмашы тірлік, ақ сүйек болып жусап қалар ұлы аза – *жан азасы* алдындағы соңғы тұяқ серпілісі болатын» [5, 92].

Жаназа – өлген адамды ақтық сапарға шығарып салу рәсімдері. Бұл сөз көбіне мәйітке жан намазын оқуда қолданылады.

Жаназа – *зат.діни* қайтыс болған мұсылманға оқылатын намазбен байланысты өлген адамды соңғы сапарға аттандыру рәсімі, жерлеу [6].

2-мәтін. «Дорба түбі қағылып, кебеже түбі сарқылған шақта бейопа тірлікті тәрік еткісі келмеген үміті түскір өзекті тұстап үзілгенше жанталасып аласұрар әдеті емес пе. Төңіректі түртіне тіміскілеп, сұғанақтана қалар сорақылық *иба-иманды* қайтсын. Аласұрғызар ашқарақ сезім бас көтеріп алғанша ұяттықтың ала жібін аттай алмай шегіншектей тұрғанымен, ақиқөзденіп, дәуірлеп алған тұста ақыл-естен адасқан дүлейлікке басып, кімді тыңдасын» [5, 92].

Иба – 1.инабат, ұят, сыпайылық. 2. ізет, құрмет, ілтифат [6,186].

Иман – *зат. 1.діни-филос.* Ислам дініндегі бес парыздың бірі, Алла тағаланың жалғыз, біреу екеніне, Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбар оның елшісі екеніне сену, мұсылмандықтың негізгі шарты. 2. *Діни.* Алла тағаладан, Құдайдан қорқушылық, мұсылмандық жолды, ахлақты ұстанушылық, діни сенім. 3. Адам бойына тән ізгілік, адалдық, ар-ұждан, ұят, адамгершілік.

3-мәтін.Осындай оймен Қожым бұлағына жеткен Жауғашты тосыннан шалқасынан түсердей қатты шошынды. Шошынғаны сол, өгізін жетекке алып келе жатқан басжіптен айрылып қалды.

« – Алла, алла, сұхан алла! – ала өгіздің артына қалай барып қалғанын сезбеген Жауғашты суға тұмсығын малмай, басын шайқап тұрған неменің тасасынан баспалап бұққан қалпы бұлақ тұсқа үңілген. «Адам ғой мынау теңкиіп жатқаны... Иә, адам... Ей, бейбақ-ай, үзілген жері осы ара болғаны да. Бұлақ басына не алам деп келді екен, су ішкісі келді ме жазған бейбақ...» [5, 94].

Алла – *зат.діни.* 18 мың Ғаламды, Қиямет-Қайымды жаратушы Құдай, асқан құдірет иесі.

Сұбхан, Субхан – (ар. субхан سبحان) 1. Алланы дәріптеу, мадақтау. 2. Күшті, таза деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың теңеуі.

4-мәтін. «Жауғашты бұлақ басына тізе бүкті де өлікке бағыштап аят оқыды. «Мүсәпірдің иманы жолдас болсын, алла-акбар!» деп бетін сипап етегін сілкіп орнынан тұрды. Енді не істерін білмеген адамша аңырып, аз-кем бөгелген. Бұлақ бастауына белуардан батып жатқан өлікті жалғыз өзі алып шыға алмасын сезді ме, әлде төңірегіне өліктің қолқа тебер жағымсыз иісін мұңкітіп жатқан мүсәпірдің маңына маңайлап баруға дәті жетпеді ме, әйтеуір аз-кем аңырыстан кейін, ала өгізін жетелеп ауылға оралды» [5, 97].

Иманы жолдас болсын – есім. і л е к. д і н и. Кісі өлгенде айтылатын марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, күнәлары кешіріліп, жаны жаннатта болсын дегенді білдіретін тілек сөз.

Мүсәпір – араб тіліндегі мағынасы «*жолаушы, саяхатшы*». Бұл мағына қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылған. Қазіргі тілімізде «бейшара, сорлы» деген ауыспалы ұғымда қолданылады.

Алла-акбар – од. Алла ұлығ, Алладан ұлығ ешкім жоқ.

5-мәтін.

«– Қайыр, хош...

– Мұха, шынымен-ақ кеткеніңіз бе, ел-жұртпен қоштаспай, мұныңыз не? – деп абдыраған Жауғашты аңырып тұрып қалған.

– Әй, Жауғашты-ай, ел дейтін ел қалды ма. Бәрі сөгіліп кетіп жатыр емес пе? Жұт жайлаған мына жерден... О, жасаған, көрсетерің көп екен ғой. Тұрымтай тұсына деп... Хош, *ақиретте* табысайық [5, 433].

Ақирет – зат. 1. Діни. «Бұ дүниеге» қарама-қарсы мағынасындағы о дүниедегі мәңгілік, бақилық өмір, ислам дүниетанымындағы басты ұғымдардың бірі. Ақиретте кісі Аллаға, Пайғамбарға және дініне байланысты сұраққа тартылады [7, 247].

Діни лексикада өлімге қатысты ұғымдардың бірі – кебін. Құрамындағы негізі сөзі кебін болып келетін сөз тіркестеріне *мәйітті кебіндеу, кебін кию, ақ кебін, сүннет кебін, кифая кебін, зәру кебін* және т.б. жатады.

«Кебін» лексемасын автор «Аран» деген повесінде төмендегідей қолданады:

6-мәтін. «*Ақ кебінің* сүйреткен ажал-кемпір Шақалақтың түнгі түндігін түртінектей көтеріп қойып, қуыс-қуыс, бұрышты үңіле сүзіп жүргендей ме дерсің. Үңірейген соқыр, мылқау, өлі терезелер мен есіктер, қараңғылықтың қара албастысы иықтаған қотан бойы бір түрлі үрей шашып қорқынышты көрінеді» [5, 108].

Кебін – зат. (1) араб. Кәһан, мұсылмандардың өлген адамды орайтын ақыреті. Ерлердің кебіні үш қабат. (1) Лифафа – кебіннің ең сыртқысы. (2) Изар – кебіннің екінші қабаты. (3) Қамис – көйлек, әйелдер үшін бұлардан басқа (4) Хұмар бүркеніш – шаш жапқыш. (5)

«Кебін» лексемасының екінші бір қолданысы бар. Ол адамға қатысты емес, халық танымындағы тіл-көзден сақтау мақсатында бәйгеге қосатын тұлпарға жабатын жапқышты Хырқа деп атаған.

Хырқа – кеуде жапқыш ретінде пайдаланылады. Бәйге атының арнайы жабуы (мұнда аттың мойны, маңдайы тегіс жабық болады) [8, 48].

Автор кебін сөзінен басқа *бақұл бол, иманды болғыр, пақыр, дұға, кембағал* сияқты діни лексемаларды ақсирақ аштықтың ащы шындығын ашына да ашық көрсету мақсатында қолданғанын көреміз.

7-мәтін. «Үйден дауыс салып шыққан Биғайша ала өгіздің басжібін беліне қыстырған қалпы сай сүйегі сықыр-сықыр етіп ұзап бара жатқан қос арысты арбаның сонынан мұңая қарап тұрғап Жауғаштыны бассалды.

– Жәкесі-ау, қайным-ау, қош бол, *бақұл бол*. Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе? Кеттік қой елден... Беті күйген қарабеттей... елмен де қоштаса алмай босып барамыз. Ашпыз... Кебеже түбін қаққан соң не отырыс бар. Қол жайғанмен кім аузындағысын жырып берсін» [5, 95].

БАҚҰЛ: бақұл бол. а) Әл үстінде жатқан адамның ағайын-туғанмен қоштасып арзыдасуы, ырзаласуы мағынасында айтатын сөзі.

Бақұл болды. а) қайтыс болды, о дүниелік болды. ә) өлімге басын тікті, бір нәрсенің жолына өмірін қиды.

8-мәтін. «*Иманды болғыр пақырлар*, жеткен жерлерің осы болғаны да. Тірілерінде жарылқамаған алла ахиретте жарылқар деймісің. Тым болмаса жүздерің де жасырынбай қалды-ау. Ит тірлік-ай, мұсылманғұрпымен беттеріңді де жасыра алмадым-ау. Қарайғаннан қорқып... Ит болдым ғой. Кешіріңдер, пақырларым, кешіріңдер...». Өз-өзінен күбірлеген шал сықырлаған арба үстінде жол бойында көмусіз қарға, құзғынға жем болып қалып бара жатқан жолаушыларға бағыштап *дұға оқып, бетін сипаған* [5, 104].

Иманды болғыр – әдетте марқұм болған кісі туралы айтқанда күнәдан пәк, таза, адал болғыр, иманы кәміл болғыр деген мағынадағы тілек сөз.

Пақыр – негізгі қажеттіліктерінен басқа діни мөлшердегі дүние-мүлкі болмаған адам.

Дұға – сұрау, жалбарыну. Адамның өзінің немесе басқа біреудің арман-мақсатына жетуі үшін Алла Тағалаға жалбарынуы.

9-мәтін. «Жұлығы тесіліп, өкшесі тайған сірі етік, барқыт бедері әбден тозып жып-жылтыр болып біткен сырма шалбар, бір ұшы су бетінде діріл қағып, бір батып, бір шығып жатқан шүберек белбеу, иесінен аулақ, анау жатқан елтірі бөрікке шейін осынау пенденің *кембағал* халін көрер көзге тым жүдеу әрі аянышты қалпымен елестеткендей еді.

Кембағал – (пар. кәмбағал كَمْبَغَال) – кедей, жарлы [5, 230].

Аталған туындыда автор зұлмат заманның нәубетін көрсету үшін діни лексемадан басқа мынадай қолданыстары бар: *аруақ, бейбақ, өлік, тас-талқаны шығу, тоз-тоз болу, имансыз, обал, мүшкіл хал, өлі тән, жан тәсілім ету*.

Сонымен қатар заман бейнесін шындыққа жанастыра, оқырманға әсерлі жеткізу мақсатында қазақ дүниетанымына тән ұлттық өлшем бірліктерін (*бір үзім нан, бір уыс бидай, бірер нұт бидай, бірер қасық бидай, бірер кесе шәй, бір шелек су, бірер уыс ұн, бір қасық көже*) шебер қолданады.

ТАЛҚЫЛАУ

Әр халықтың діни қағидаларына және діни салт-дәстүріне қатысты ерекшеліктерді нақты танытатын қатар – теологиялық мазмұндағы фразалық тіркестер. Қазақ халқының діни салттарды ұстану дағдысынан тұрақталған автор қолданысындағы *бата беру, жеті нан пісіру, топырақ салу, жаназасын шығару, алақан жаю, бетін сипау* фразалары басқа әлемдік діндерде (Христиан, Будда) кездеспейді. Бұлар ұлттық мәдениетке негізделген түсінік, ұғымның күрделі тұрақты атаулары.

Қаламгер Төлеген Қажыбайдың діни көзқарасы қазақ халқының арғы ата-бабасынан бергі ұстанып келе жатқан ислам аясында қалыптасқаны даусыз. Екіншісі бірі қолдана бермейтін автордың қаламына ғана тән діни лексиканы (*кебін, ақірет, кембағал, пақыр, бақұл бол* дұрыс түсіну мақсатында) көпшілікке, жастарға, түсінікті болу үшін автор шығармасында қисынын тауып, орайластыра қолданған.

Мысалы, халық қолданысында басын құбылаға бұрды, жүзін құбылаға бұрды, бетін құбылаға бұрды деген фраземалар да кездесіп жатады. Оны мына сөздіктен байқауымызға болады:

Бетін құбылаға бұрды. Жүзін (басын) құбыла жаққа, күннің батысына қарай түзеді. Сөйтсем, төрдің қақ төбесінде бетін құбылаға беріп, Мақпал намаз оқып отыр (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Кім болды екен деп жақындасам, әкем екен. Құбылаға бетін беріп, шарт жүгініп күбірлеп отыр (Т.Иманбеков, Үш ай.). Осыдан үш күн бұрын мынау оң жақ бұрышта басын құбылаға беріп әкесі жатып еді (С.Мұратбеков, Жабайы.) [9, 226].

Қазақ өміріндегі дінге байланысты әртүрлі қолданыстарды бүгінгі оқырман, әсіресе кейінгі ұрпақ жан-жақты эрудит Т.Қажыбайдың шығармаларынан оқып түсіне алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дін тақырыбына қатысты ұғым, түсінік бүгінгі таңға дейін өзекті. Шығармада дін мен тіл сабақтастығын орайластыру кез келген қаламгердің қолынан келе бермейді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің әр жанрына үлес қосқан қаламгер – Төлеген Қажыбай «Аран» повесінде қазақ танымына, қазақ болмысына сай діни лексиканы орынды қолданғанына көз жеткіздік.

Діни лексиканы зерттеу – дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын жан-жақты қарастыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, Т.Қажыбайдың «Аран» повесі ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қобдабай Қабдыразақұлы. Қазақтың дін туралы танымы <https://abai.kz/post/68594>
- 2 Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі // – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019. – 596 б.
- 3 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері// Тілтаным, 2001. -№4.-39-44 бб.
- 4 Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуман. вузов. – М.: Агенство «ФАИР», 1998. – 352 с.
- 5 Қажыбай Т. Қанкешу повестер. – Ақмола, 1995. <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/318/2020/05/22/d41713c47346e539eb7bff219c7891d2.pdf&ln=kz>
- 6 Исахан М., Мұслимов М., Көкенай С., Сыддықов Б. Исламдық терминдер сөздігі / – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.
- 7 Жанұзақ Т., Омарбеков С., Жүнісбек Ә. / Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.
- 8 Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. – 480 б.
- 9 Малбақов М., Оңғарбаев Н., Үдербаев Н. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том// – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.

Материал 22.06.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Qobdabai Qabdyrazaquly. *Qazaqtyñ din turaly tanymy* [Kazakh knowledge of religion] <https://abai.kz/post/68594>
- 2 Qurmanbaiuly Sh., Isaqova S., Mizamhan B. *Qazaq tiliniñ kirme sózder sózdigi* [Dictionary of foreign words of the Kazakh language] (Almaty, 2019).
- 3 Mankeeva J. *Qazaq tilin zertteydiñ kognitivtik negizderi* [Cognitive foundations of the study of the Kazakh language] (Tiltanym, 2001).
- 4 Mechkovskaja N.B. *Iazyk i religia: Posobie dlia stýdentov gyman. výzov*. [Language and Religion: A manual for human students Universities] (M.: 1998).
- 5 Qajybai T. *Qankeshy povester*. [The story of kankeshu] (Aqmola, 1995). <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/318/2020/05/22/d41713c47346e539eb7bff219c7891d2.pdf&ln=kz>
- 6 Isahan M., Mýslimov M., Kókenai S., Syddyqov B. *Islamdyq terminder sózdigi*// [Dictionary of Islamic terms] (Astana, 2015).
- 7 Januzaq T., Omarbekov S., Júnisbek Ә. *Qazaq әdebi tiliniñ sózdigi*. [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2011).
- 8 Qaiyrjan K., Sóz - sandyq: Qazaqtyñ kóne sózderi. [Word-digital: ancient Kazakh words] (Almaty, 2013).
- 9 Malbaqov M., Oñğarbaev N., Üderbaev N. *Qazaq әdebi tiliniñ sózdigi*. [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2009).

Религиозное написание в произведениях Т. Кажыбая

Р.Ж. Киякова¹, Г.Ш.Шахманова¹, Т.Берикбол¹

¹Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается религиозная лексика, встречающаяся в повести писателя Толегена Кажыбая «Аран» с целью изучения духовного богатства народа через язык.

В произведении писателя рационально использовались религиозные понятия для описания персонажей, отражения их поступков, изображения сцен голодного времени. Писатель описал состояние и быт героев повести с помощью казахского мировоззрения. В то же время, несмотря на трудные времена, он выделял религиозную культуру, такую как погребальный саван, похороны, соболезнования, заупокойная молитва. В этой статье из отрывков из повести "Аран" можно проследить тесную взаимосвязь понятий религия, культура, язык. Анализируются используемые автором религиозные языковые единицы из словаря заимствованных слов, словаря исламских терминов и словарей казахского литературного языка.

Ключевые слова: этнокультурная лексика, лингвокультурема, национальное мировоззрение, теология, теолингвистика, религиозное понятие, ислам.

Материал поступил в редакцию журнала 22.06.2023

Religious edification in the works of T.Kazhybai

R.Zh. Kiyakov¹, G.Sh.Shakhmanova¹, T.Berikbol¹

¹ Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article examines the religious vocabulary found in the novel of Tolegen Kazhybai "Aran" in order to study the spiritual wealth of the people through language.

In the writer's work, religious concepts were rationally used to describe the characters, reflect their actions, depict scenes of the times of hunger. The writer described the state and life of the heroes of the story with the help of the Kazakh worldview. At the same time, despite difficult times, he emphasized religious culture, such as the funeral shroud, funerals, condolences, funeral prayer. In this article, in the story "Aran", one can trace the close relationship between the concepts of religious, culture, and language. The article analyzes the religious linguistic units used by the author from the dictionary of borrowed words, the dictionary of Islamic terms and dictionaries of the Kazakh literary language.

Key words: ethnocultural vocabulary, linguoculturema, national worldview, theology, theolinguistics, religious concept, Islam.

Received: 22.06.2023

XFTAP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp110-121)

Б.Б.Тагудретова¹, Ж.Т.Қадыров²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150000, Қазақстан Республикасы

МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПОРТРЕТТІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Мақалада жазушы Мархабат Байғұттың портрет жасаудағы шеберлігіне жан-жақты талдау жасалынады. Әлемдік әдеби дамуда портрет уақыт алға жылжыған сайын күрделене түсіп, психологиялық тереңдікке ие болған. Мархабат Байғұт шығармаларында

да портреттің кейіпкер мінезін ашудағы орны үлкен. Онда жалпы портретке тән дәстүрлі сипаттармен бірге жазушы қаламына тән дара белгілер де көп.

Ғылыми зерттеуде көзделетін мақсат – жазушы шығармасындағы портреттердің тек кейіпкердің сыртқы келбетін суреттеу ғана емес, оқырманның кейіпкерді тереңірек тануына, оның ішкі жан дүниесіне енуіне, оның іс-әрекеттерінің мәнін ұғынуына, автор ниетін анықтауға жол ашатын көркемдік құрал екендігін де көрсету. Сонымен қатар, портреттік суреттеулердің эмоциялық әсері мен тілдік кестесін де айқындау мақсаты алға қойылды. Мақаланың ғылыми және практикалық маңызы Мархабат Байғұт шығармаларын одан әрі тереңдете зерттеуге мүмкіндіктер туғызатындығымен, оны оқу үдерісінде қолдануға болатындығымен айқындалады. Зерттеу жұмысында талдаудың жалпы ғылыми әдістері қолданылып, отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынып, пікірлері назарға алынды. Жазушының өзіндік соны тақырыбы, идеясы, тұжырымы, айтары мол көркемдікке толы шығармалары ғылыми жүйеге объекті болатындай өміршең әрі тың дүниелер екендігі тұжырымдалды. Мархабат Байғұт шығармашылығындағы портреттің алар орнын талдау әдебиеттану саласындағы стиль және тіл мәдениеті теориясын толықтыруға үлес болып қосылары сөзсіз.

Кілт сөздер: көркем проза, портрет, портрет түрлері, автор, көркем бейне, стиль, характер, портреттік деталь.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

М. Байғұт қаламынан туған қай шығарма болмасын оқырманын бірден қызықтырып, баурап алады. Оның басты себебі, жазушының өмір құбылысын шыншылдықпен суреттей алуында. Суреткер қаруы сөз екенін ескерсек, автор қарапайым тілмен ғана ғажап көркем бейне жасауға шебер. Қаламгердің жасаған әр кейіпкері өзінше ерекшелікке ие. Кейіпкер бейнесі, көркем бейне – әдебиеттанудың негізгі зерттеу пәндерінің бірі екендігін ескере отыра, М.Байғұт шығармаларындағы портреттің берілу жолдары, оның көркем бейне жасаудағы қызметін зерделеу, өзіндік дара стилін бағамдау мақсат етіп алынды. Автор портрет арқылы адамның сыртқы пішінін жалаң етпей, ішкі жан-дүниесінен де хабар береді. Біз портреттің теориялық негіздерін сөз еткен Л.Ю. Юркинаның, З. Қабдоловтың, Ә.Тарақовтың еңбектеріне тоқталдық. Л.Ю. Юркина портреттің адамның ішкі әлемін ашудағы қызметі басты орында екенін көрсетсе, З.Қабдолов көркем әдебиеттегі портреттің динамикалылығына, кейіпкердің қимыл-әрекетімен астасып жататына басты назар аударған. Ал Ә.Тарақов портреттің кейіпкер даралығын айқындаудағы қызметіне басты назар аударған. Біз олардың концепциялық ойларын негізге ала отырып, портреттің өзге бейнелеу түрлерімен, әсіресе, кейіпкер әрекетімен, монолог, диалогтармен тығыз байланыстағы синтактикалық қызметіне көбірек назар аудардық. Сондай-ақ портреттің детальға байлығын, шығарма идеясы мен пафосына қатыстылығын, көбінесе соған бағыныштылығын көрсетуге тырыстық.

КІРІСПЕ

Әдебиетте көркем образдар жасаудың түрлі әдістері бар. Суреткер көркем бейнені сан алуан жолдармен бере алады. Ол диалог, монолог, пейзаж, портрет, мінездеу, көркемдік деталь т.б. тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жазушының сөз шеберлігіне, көркемдік ойлау дәрежесіне байланысты болады.

Кез келген жазушы шығармашылығының даралығын айқындау мақсатында нақты бір жанр өзіндік ерекше мәнділікке ие болары анық. Шығарманың көркемдігін арттыруда, портрет образдың құрамдас бөлігі ретінде кез келген қаламгер творчествосынан маңызды орын алатын тәсілдердің бірі әрі бірегейі.

Алдымен, портрет дегенде біздің көз алдымызға кескін өнеріндегі портрет елестейді. Бұл портреттің ерекшелігі – өзгермейтіні, бір сәттік қалыпты қамтитыны белгілі. Ал сөз

өнеріндегі портрет – бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгеріс, қозғалыс үстінде, уақыт ағымының аясында ашылатын кескін. Сөз өнеріндегі портрет – кейіпкерлердің сыртқы келбетін, бет пішінін, киімін, дене бітімін, қимыл мәнерлерін бейнелеу арқылы оларға деген идеялық бағалауды танытатын көркемдік сипаттау құралдарының бірі. Мұндай портрет бейненің сыртқы келбетін жасаудың бір жолы ғана емес, кейіпкердің жан-дүниесін, психологиясын оқырманына жайып салады. Демек, портрет кейіпкердің сырт бейнесі мен ішкі жан дүниесін ұштастырып қана қоймайды, жазушының да жеке тұлғалық танымы мен талғамын танытатын қасиетке ие. Әдебиеттанушы З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде әдебиеттегі портреттің өзге өнер түрлерімен салыстыра келіп, «сөз өнеріндегі портрет бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгертін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін» [1, 280] екенін айтып, портретке тән ерекшеліктерге назар аударады.

Бірде-бір сюжетті шығарманы портретсіз елестету мүмкін емес. Портреттің ең маңызды рөлі – кейіпкерді сипаттау. Автор портретті шығарманың *кейіпкері* ретінде қолданғанда оның қандай да бір қызметін көрсетеді. Сыртқы көріністер арқылы образдың психологиялық мазмұнын, ішкі мәнін көрсетуде жазушы мықты психолог та бола алуы қажет.

Зерттеуші Л. Ю. Юркина: «Әдебиеттегі адамға деген басты қызығушылық оның сыртқы келбетіне емес, ішкі әлемінің ерекшеліктеріне бағытталған. Бірақ портрет орын алған шығармаларда ол персонаж бейнесін сомдаудағы басты құралдардың біріне айналады» [2, 185] – деп, портреттің өзіндік орнын көрсетеді.

Ұлт руханиятының дамуына үлкен үлес қосқан белгілі жазушы Мархабат Байғұт шығармалары кейіпкер мінезін ашатын көркемдік құралдарға өте бай және олардың басым бөлігі жазушы дүниетанымымен сабақтасып жатады. Соның қатарында жазушы сомдаған портреттердің орны ерекше.

Әдебиеттің басты пәні адам, жан-дүниесі десек, жазушы әңгімелерінде осы ұстанымға беріктік байқалады. Қаламгер өзгеге ұқсамайтын, бір-бірінен ерекше келбет, мінез-құлқымен ерекшеленген, еш қайталанбайтын кейіпкерлер галереясын жасайды. Мақалада М.Байғұт кейіпкерлерінің сыртқы бейнесі, оның психологиямен, мінез-құлықпен тығыз байланыстылығы талданады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақалада қаламгер М.Байғұттың прозалық шығармаларындағы кейіпкер образын ашудағы портреттің қолдану шеберлігі талданып, зерделенеді. Жазушы оқырманға адамның ішкі әлемі, басқа адамдармен қарым-қатынасы жайлы шындықтың таныс-бейтаныс сәттерін әсерлі жеткізу үшін кейіпкердің сыртқы келбетін, әдет-дағдыларын, бет қимылын жиі суреттейді. Талдау барысында М.Байғұт жиі қолданған портреттік бейнелеудің түрлі үлгілері жүйеленіп, іріктелді. Зерттеу барысында жазушы шығармашылығына баға берген Д.Исабеков, Б.Жақып сияқты қаламдастарының, сыншы-ғалымдардың пікірлері, қазақ және шетел ғалымдарының теориялық көзқарастары басшылыққа алынды. Жұмыста сипаттау, жүйелеу, сараптау, тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Көркем шығармадағы басты нысан кейіпкер екенін ескерсек, оның іс-әрекеті, сыртқы келбеті, киім үлгісі сияқты көрнекі сипаттарынан мінездегі ерекшеліктерді, ішкі жан-дүниесіндегі құбылыстарды ойша тануға жол ашашатын портреттің маңызды қызмет атқарары сөзсіз. Қара сөзбен жасалған портрет жазушының эстетикалық таным деңгейі мен қабілет-қарымын танытатын өзгеше көркемдік құрал. Кейіпкердің сыртқы келбеті ешқашан мақсатсыз суреттелмейді. Әр образдың дара сипаттарынан тақырыпқа алынған заманның айқын бейнесін, сыр-сезімін, психологиясын тануға болады. Портрет соған айрықша қызмет жасайды.

Портрет – образдың аса маңызды бір бөлігі. Автор оқырманы үшін үнемі кейіпкердің сыртқы келбетінің алғашқы сипаттамасына сілтеме жасап отырады. Адам жанының ішкі бір тылсым құпиясын ашудың, оны оқырманға танытудың бастапқы кілті сияқты қызмет атқаратын портреттің өмірлік танымдық қызметпен орайластығы бары да анық. Өмірде де барлық нәрсені тану пішіндік сипатқа назар салудан басталатыны шындық.

М.Байғұттың дара қолтаңбасы портрет жасаудан анық байқалады. Ол портрет жасауда көп сөзділікке үйір емес және көпшілікке әбден таныс реалдарды оқырман назарына қайта ұсынып отыруға бейім. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте жиі қайталанатын әрекеттер, кескін-келбет, қимыл дағдыларын суреттеу арқылы психологиялық күй мен қалыпты жиі танытып, өзі білетін шындығын өзіне ұсыну арқылы оқырман жүрегіне жылылық ұялатады. Бұл портреттерде автордың ой-ниеті бейнеленіп отырған тұлға мінезін ашумен қатар айқындалып отырады.

«Киім кию үлгісі сырт көзге оғаш көрінгенін сезгеннен бастап мектептен кетуді ойластырған... Бәтеңкесінің табаны тесік болатын, бірақ жылбысқы сүрлеу астында жаз мезгілінен жеткен жылу мол еді. Сыз астында тұншыққан сағыныш секілді әлдененің кеудесін сыздатпай қоймады... Тарам-тарам жас арасынан төменге тесіле қарап, о бастан-ақ жалтыр қоңыр болған, қазір ақжемденіп, тұмсық тұсына дейін сырты ойылып қалған бәтеңкесіне көз салды. Бесінші сынып оқып жүргенінде Сағымкенттен әкесінің өзі әкеліп берген бәтеңке ғой» [3, 95]. Бұл – жазушының «Қозапая» атты әңгімесінің алғашқы жолдары. Жетінші сынып оқушысы Есқараның бейнесін осылай оқырман көз алдына алып келеді. «Есқара мүлдем жалғыз. Достары да жоқ. Жастайынан қоза терумен айналысады. Анасы сауданың соңында, мүлдем хабарсыз. Аға-әпкелерінің де тұрмысы нашар. Мектепті тастап, мақта теріміне шығып кетейін десе намыс оты жібермейді. Әкесінің де бір көңілі түсіп, баласын бастан-аяқ киіндіремін деп жүргенде бар арманы көкке ұшты. Тіпті, қозапая тасуға *тендер* жариялаған уақыт еді. Нарық заманына икемделе қоймаған Есқарадай бала мен Ерсәлімдей әкелер көп еді сол тұста... *О баста жалтыр қоңыр болған* бәтеңке алдағы жарқын өмірдің алтын сәулесіндей әрі Есқараның бақытты күндерінің бір айғағындай болып көрінеді». Автор әкесінің бейнесін әңгіменің орта тұсында екі ғана сөйлеммен оқырманына танытады: «... ол көбінесе суық жымылып, өте сұсты көрінетін, көңілі түскенде ғана жаймашуақ күйге енетін әкесі еді» [3, 95]. Күнде мажар арбаны үш рет толтырып, мақталықтардың басынан Ешкіліге әкеп түсірмек ирелендеген ұзын, әрі жіңішке әкесіне жеңіл болмайтыны анық [3, 9] – деп, Ерсәлімнің сырт бейнесін суреттеу арқылы оның өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен де хабардар етеді. Авторлық баяндаулардан кейіпкердің көңіл-күйін, мінез-құлқын, ішкі рухани болмысын көреміз. Сонымен қатар, жазушы біздің көз алдымызға бір ғана *табаны тесік, тайғанақ бәтеңке* арқылы замана қасіретін айқын елестетеді. Жазушы негізгі кейіпкердің портретін суреттегенде олардың сырт бейнесіндегі өзіндік даралық пен шағын детальдарға ерекше мән беріп, әлеуметтік жағдайын да аңғартуды көздеген.

Қаламгердің өзекті ойын айқындап, шығарма табиғатына еркін үңілуде, әсіресе портреттік детальдың орны ерекше. Ол жазушының үлкен шеберлігін танытады. Автор портрет жасауда көлемі қысқа ғана әңгімелерде детальды ұтымды қолданған. Портреттік детальдер Мархабат Байғұт шығармаларында жиі орын алды. Көркем шығармадағы бір сәтті детальдің өзі кейіпкер образын беруде ұтымды рөл атқарады. Бұл да – портретке тән әдіс. М.Байғұттың қай шығармасынан болмасын қоғам, замана тынысы еркін сезіледі және ол кейіпкерлердің іс-қимылдары, сөйлеу мәнері арқылы терең ашылып, көркем шығарманың идеясын беруге, мазмұнын ашуға септігін тигізеді. Мысалы, «*Тәржіман тірлік*» әңгімесінде елге жаңа бастық сайланған тұстағы адамдардың психологиясын былай суреттейді: «Сол күннің ертесінде түскі уақытта жаңа басшы тағайындалды. Бесін уақытында кара түсті қалтафондарын құлағына бірнеше рет апарып, сусымалау суықтау көрінетін жылтыр кара кәстөм шалбарының терең терең қойнауларына қайта қайта қол жүгірткен өзге бір адамдар көбейіп кетті» [3, 253] – десе, «...арада үш ай өте салысымен үлкен кеңсеге өзге бір басшы тағайындалды. Қызылбудандана қызуланып сөйлейді екен. Тағы да сол қалпындағыдай, бесін ауып үлгермей-ақ қызылқошқыл қалтафондарын құлақтарына тосқан, кәстөмдерінің

бір жеңдерін ішіне бүгінкіреп ұстаған біреулер пайда болған» – дейді [3, 253]. *Қарақошқыл, қызылқошқыл телефондар, кәстөмдерінің бір жеңдері ішіне бүгінкіреп ұстаған біреулер* деген детальдар арқылы 5-6 беттік әңгіменің идеясын оқырманына жеткізіп отыр. Ел өміріндегі оғаш істерді, әкімдік басқару жүйесінің іске асырылуы тұсындағы көлеңкелі жақтарын әшкерелеп, заманауи шындықтың бетін ашуға тырысқан. «Бір бастықтың қайта-қайта ауысуы елге еш өзгеріс әкелмегендігінің айғағы. Клуб меңгерушісін қайта даярлайтын арнайы курста жағасы кестеленген аппақ жейде киетін, сол уақыттың сылқым серісі атанған, әншілігі бір төбе аққұба жігітті, бүгінгі күні толығымен өзгеріп кеткен Қалдыбайды бетінің ұшындағы қоңыр алшадай қара дағынан таныды» [3, 92]. Кейіпкердің бет-әлпетіндегі бір ғана қара дақ өткен өмірінен қалған естеліктей көрінеді. «Кенеттен шай тез арада сұйылып үлгерді. Дастарқанға шақпақ қант емес, құмшекердің қойылғанын ұнатпаған Нәтибек енді Пәтиманың түріне көз тастаса, қисайыңқырап, төркінінің ауылына қарап жайғасыпты», – деп Нәтибектің көзімен Пәтиманың ішкі әлеміндегі мазасыз күй мен көңіл алаңдаушылығын аңғартады [3, 111]. *«Ауыл клубының аукционы»* әңгімесіндегі *Қалдыбай* бейнесі, *«Гамбургтердегі қазақтардағы»* Пәтиманың әрекеті портреттік детальдың кейіпкер сомдаудағы маңызды элементтердің бірі екендігін дәлелдей түседі.

Жазушы шығармаларында кейіпкер бейнесін ашу үшін авторлық баяндаумен бірге монолог та алмасып отырады. Әдеби туындыдағы портрет тек сырт пішіні мен киімі арқылы ғана емес, оның жүріс-тұрысы, дауысы арқылы да беріліп жатады. Оған *«Сүмбіленің суы»* әңгімесіндегі мына жолдар дәлел бола алады: «Қолым мен аяғым қытайша емес, қазақша дірілдеп, жұлыным мен жүйкем жапонша емес, қырғызша қалтырап, көзімнің алды тұманданып, жанарымнан жас тоқтамай, енді біттім, әттең-ай, демекке кете бергенімде, кенеттен қанат байланғандай қалықтауға көшіппін. Дүрсілдей соққан жүрегімді эзер дегенде басып, көзімді ашып, құс қалықтар биіктен Ыстықкөлдің айдынына қарадым соңында» [3, 105]. Жазушы адамның ой-санасындағы сан алуан құбылыстарды, осылайша өзіндік таныммен шебер жеткізеді. Ешкімге ұқсамайтын, тапқыр сөз иірімдері ерекше талғампаздықпен берілген.

Адамның көңіл-күйін, мінез-құлқын, кейіпкердің жүрек түкпіріндегі шынайы, жарқын келбетінің көрінісін танытуда, белгілі бір сәттердегі сезімін қысқа да нұсқа, әрі мағыналы бейнелеуде диалог таптырмайтын ерекше әдіс-тәсілдердің бірі.

М.Байғұт шығармаларындағы портреттік сипаттарды анықтаған тұста жанды сурет, шынайы адам бейнесі көз алдымызға көлбеңдеп тұра қалады. Жазушы кейіпкерінің сыртқы бітімінен бөлек, оның ішкі болмысын, жан дүниесін диалог үстінде, үнемі іс-әрекет барысында ашады. Портреттің диалогпен аралас қоса өріле берілуі жазушы шығармалырынан жиі орын алып жатады. Оның жарқын бір мысалын *«Асқазаны ауыратын адамдар»* әңгімесіндегі бас қаһарман *Сарыағаш* санаторийінде Нәзияны алғаш жолықтырған тұстан көреміз.

«– Ағай, мен сізге жолығуға келіп едім, – деді ақ бас киімнің ақ қанат жарғағын бір жақ шетінен шымшылап ұстап, алтын басын сәл ғана иіңкіреген таңғажайып талдырмаш. Кеуде тұсына кітабын барынша қысып.

– Маған ба?! – деп таңдана сұрақ белгісі мен леп белгісін қатарластыра қолданып.

– Сұлу қыз сәуірдегі уыз секілді сүйкімді әрі жас екен. Шақшадай басым шыр айнала түсті. Маған жолығуға келген екен. Осындай қыз. Өзі. Сене алмадым.

– Сіз мені танымайтын боларсыз, ағай, – деді күлімсіреп. Сол қолында тұрған сұрғылт сөмкесін сәл қозғап қойды.

– Тануыңыз да мүмкін?

– Шынымды айтсам, тани алмай тұрғаным, — дедім асқазанымның іші ме, әлде сырты ма, қатты қызғаны бетімнен білініп тұрғандай ыңғайсыз күйге түсіп.

– Ендеше, танысып қояйық, – деді таңғажайып талдырмаш Нәзия» [3, 347]. Бұл эпизодтағы әр кейіпкердің портретін даралап ашуға ұмтылуы әрі ішкі алаңдаулы көңіл мен алып-ұшқан сезімдерді шынайы суреттеуі үлкен шеберліктің нәтижесі.

« – Мектептен қашып, қайда барасыңдар? – деді күпәйкесін қаусырынып, мұрнын жағасына тығып алып, сақалы төрт-бес күннен бері алынбаған жігіт.

– Мектептен қашатын сен дейсің бе жұрттың бәрі? – еді бұрыштағы жүдеу кескінді адам.

– Кімсіңдер, әй? Екеуіңнің де түсің суық қой, жүдә? – деді тағы біреуі. Даусы жіңішке, әйелдікіндей екен.

– Интернаттың балдарымыз. *Еңбекке*, әпкемізге барамыз, – деп жөн айтты Тәжен.

– Ашыққан екенсіңдер, ә? – деді күпәйкесіне мұрнын тыққан жігіт. – Әпкелерің сақтаған жыл-жұмсақты жеп, жезделеріңнің қалтасын қағып, екі күн сабақтан қалып, қызара бөртіп қайтасыңдар. Солай ғой?

– Енесатива кімнен болар екен деп отыр ем, – деп ортадағы семіз сары қойын қалтасынан шөлмек суырды» [4, 318]. Кездейсоқ жолда жолыққан бейтаныс жігіт пен балалар арасындағы шағын диалогпен қатар берілген портреттік суреттеуден жағымсыздау әсер тудыратын бейнесін жасап, әрі олардың сөйлеу дағдысы мен киімінен, өзін-өзі ұстауынан хабар бере отырып, оқырманды ары қарай не болады екен-ау деген қызығушылыққа жетелеп, жұмбақ сырдың шетін шығарады.

Әйел адамзатының бет-бейнесін, ажарын, көркін бейнелеп, көркем портрет жасау – әдебиетте бұрыннан бар. Ауыз әдебиетінен бастау алған дәстүр, қазіргі кезеңде де өз жолын жалғап келеді. Оны, біз сөздің қадір-қасиетін анық, терең түсінетін, халқымыздың әсемдіктің табиғатын, сөз өнерінің асқақ рухын көркемдік тұрғыда айқын танытатын айрықша көрінісі деп ойлаймыз.

М.Байғұт шығармаларын оқығанда оның сөз саптау сипатынан портрет жасаудағы өзіндік жазу стилі, ерекшелігі танылады. Прозалық шығармаларындағы Мархабаттың дара қаламына ғана тән даралық, қиял мен кестелі сөз орамдары ойымыздың айқын дәлелі бола алады. Жазушы прозасында әйел портреті өте жиі суреттеледі. Айымбала, Айкенже, Қалдыкүл, Тазагүл образдары өзінің толықтығымен, адамның ажарындағы өзгеше сипаттарды саралап бейнелейтін ерекшелігімен мейлінше көзге түседі. Әйелдің нәзіктігін, наз сырларын, ішкі жан сұлулығын, қасиеттерін қастерлеу айқын көрініс табады. М.Байғұт әйелдің көзін суреттегенде көбінесе бота көз, күлім көз, қара көз, құралай көз деген дәстүрлі сөз сипаттарын қолданады. Аз сөзбен көп мағына аңғартады. Мұндай сипаттаулар әйелдің сүйкімділігін, байсалды көзқарасын, кей сәтте тәкаппарлығын танытатын әдемі күлкісін, мөлдір қара көздерінің сәулелі нұрына толы жанарын тірідей көз алдымызға алып келеді. Ақылына көркі сай, оқымысты, кітапқұмар талдырмаш Айкенже қыздың бейнесі де құдды бір сурет секілді. «Міне, сен кітапты кеуде тұсыңа басып, көкірегіңе қысып, ұяңдана күлімсіреп қоясың. Сенің кітапты сипаған саусағыңа, кітапты аялаған алақаныңа, кітапты ұстаған қолыңа, кітаптың өзіне тиіп кететін иегіңе де, кітаптың жиегімен тыныстаған танауыңа да, қасыңа да, шашыңа да көз салмау мүмкін емес қой» [3, 240]. Одан әрі, «Ақ маңдай» деп сенікі секілді ай маңдайды айтатын шығар. Қасыңды қиылып қалған деуге келе қоймас. Оны тәртіпке түсіріп әуре болмайтының білініп тұрды. Астыңғы ернің әдемі дымқылданып, төменге тартады, жымыып, қайта жиып алатының сондай керемет» [3, 240] – деп, Айкенженің сұлулығын әңгіме соңына дейін суреттеумен оқырманын тәнті етеді. «*Айымбала*» әңгімесіндегі басты кейіпкер Айымбаланың да бейнесі өз алдына бөлек. «Жасыл плащын талдырмаш белінің тұсынан қымқыра бұғаны, қоңыр ала орамалын тамағына орағаны желді күнгі табиғаттың жалпы жағдайына жарасып тұр. Қызылқошқыл қызғалдақтың гүлшанағынан орап жасағандай еріндері дымқылдана сәулеленіп тұратынын да байқамау мүмкін емес» [3, 72-73]. «Әне, алақан аумағындай үлкен жапырақтары жалтыраған тұт ағаштардың қасындағы кішкентай жиек жолмен Айымбала тербелтіліп келеді. Сәл бұйра көрінетін қара шашына, қызғалдақтың гүлшанағынан әдейі жасап алғандай қызылқошқыл, сәл дымқыл еріндеріне, Ташкент шаһарының сәнімен тігілгендей атлас көйлегіне тізілген тұттардан кейін ақ теректің өзі де аңтарылар» [3, 78] – деп, жай суреттеп қоймай, қыздың сұлулығын табиғаттың сұлулығымен астастыра береді. Сұлулық қасиетін

табиғатқа жан бітірумен бірге сезіндіреді. Қыздардың бойларындағы көрікті тамаша, әсерлі етіп бейнелейді.

М.Байғұттың көріктеу құралдарын пайдаланудағы ерекше шеберлігі – адамның мінезін, адами қасиеттерін барынша ашып көрсету үшін де қолдануы. Жазушы кейіпкер бейнесін беруде теңеулерді жүйелеп, өзіндік талғаммен оңтайлы пайдаланып, соның негізінде сөздің әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесіне қанық қылады. Суреттеліп отырған кейіпкердің бет бейнесін, жүріс-тұрысын көз алдымызға анық әкеліп, дәлме-дәл, нақты сипаттап береді. Мысалы: *«Жаңа келген ферма меңгерушісі жап-жас, бірақ Шотбектей емес, шоң желке, екі қолы шоқпардай, қызыл шырайлы жігіт»* [4, 171], *«Бетінде бармақтай меңі бар, тойыс қалы, атын әкесі Қалдыкүл қойған екен»* [4, 15], *«Көзі шүңірейіп, ұзын мойны ырғайдай болып жүрген жігіттің үні қарлығып шықты»* [4, 100], *«Қаққан қазықтай қақиып қалғанын қарашы көкбеттің»* [4, 39], *«Әйнектен сары бұйра шапты, көзі Қоғалының аспанындай көкпеңбек шопыр басын шығарды»* [4, 241]. Академик З. Қабдоловтың *«Жазушының тілі көркем, сөздік қоры мол болу керек. Бұл – қалам иесіне қойылатын басты талап. Тілдің байлығы сөз өнеріндегі мазмұнның байлығына алып келеді. Ал халық үшін қажетті шығарма – мазмұнды шығарма»* [5, 114], – деген пікіріне сүйенер болсақ, Мархабат Байғұт осы тұжырымға толық жауап бере алатын талант иесі. Әсіресе, кейіпкер портретін беруде көркемдеу құралының ең ұтымдысын, құндысын тауып, үлкен талғампаздықпен қолданады. Сөз шырайын келтіретін эпитеттері өте шебер, орнымен үйлесіп тұрады. Мысалы: ақ тамақ, қызыл ерін, кебіс-мәсі, алтын тіс, тұзу балтыр көз алдымда шым-шытырық араласқандай, көзімнің алды тұманданып кете бардым [4,73]. Бір сөйлем ішінде бірнеше эпитетті қатарынан қолданып, кейіпкердің сұлулығына оқырманын тәнті етеді: *«Айдың сүт сәулесіне батырып алғандай ақ бидай қыз күлімсірей түсіп, студенттік билетіне қолын созған»* [3, 238]. *«Бұлтиған бет ұшы қып-қызыл. Көзімді ақырын ғана ашып қарасам, қарсымда қара көздері мөлдіреп, әп-әдемі тәмпік танау қыз тұр. Орнымнан ұшып тұрып, ыңғайсызданып қалғанымды білдім»* [4, 106]. *«Ол шалқасынан жатыр екен. Бұрыл шоқша сақалы бұрынғыдай тіп-тік емес, ұйпаланып сойдиған иекке жабысып қапты. Қалың қастарын серпіп тастап, қысыңқы көздерін маған қадады»* [4, 109]. Шығармада кездесетін ақ тамақ, алтын тіс, тәмпік танау, шоқша сақал т.б. эпитеттері арқылы аламдардың сұлулығы мен қатар кемшіл тұстарынан да айқын танытады. Жалпы, жазушы кейіпкердің сыртқы бейнесіне, ажарына тамсанып қана қоймай, оның рухани әлемін де танытуды мақсат еткенін айта кету керек. Осылай бенелегенде ғана көркемдік компонент тұтас, эстетикалық деңгейі биік болатынын жазушы өте жақсы білгендіктен де осы ұстанымды берік ұстана білген.

Шығарманың шырайын келтіріп, қаламгердің өзіне тән жазу машығын айқындап көрстеуде юморлық, сарказмдық сипаттағы портреттердің орны бөлек. Ол кейіпкердің мінезін ашып көрсетудегі, толықтырудағы оңтайлы тәсіл. Мысалы:» ... *Шопыр шегір көз Шәкір екен»* [4, 6], *«Кәріс көз, ерні дүрдиген жігіт» т.б.* [4, 172]. Жазушы көзге ерекше мән береді. Себебі, көз – ішкі сезімнің айнасы, кез келген уақытта психологиялық жағдайға байланысты құбылып тұрады. Демек, сан алуан мәселенің сырын аңғартады. *«Тастыбай екі метрдей ұзын бойы екі бүктеліп ирелеңдесе де, сәл бұйраланып маңдайына жабысып қалатын бұрыл шашының ұшынан аңғы тамшылар сорғаласа да, қабағын шытпады»* [3,199]. *«Ганстің өзі де, Нәтибектің өз қорытындысы бойынша, бет-әлпеті реңсіздеу, бірақ, аяғы мен қолы балғадай мықты, теректей тұзу қатыны Кильда да емен жарқын қарсы алысты, Тек Кильданың тым үшкір, ұзын мұрны үнемі түлеп, қызарып жүретін»* [3, 114] – деген оқыс сөйлемдегі суреттерден-ақ түрлі кейіпкер бейнелері езу тартқыза отыра, оқырманына астарлы ой тастап, олардың сыртқы әлпеттері іс-әрекеттерімен астасып, ұштасып жатады. Шығармада кейіпкер аттарының өзіндік юморға құрылуы да өзіндік үлкен мәнге ие. Кейіпкердің атын оның сынына байланысты етіп қою машығы Мархабатта да бар. Әсіресе, Шығарма әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі сыртқы тұрпаты мен қимыл ерекшелігі өзгеше. Шығарма кейіпкері Пақырдин өзгеге ат қоюға шебер. *«Пақырдинның көзімен Пән комиссиясы төрағасын өзінше, Пән-Төрағасы деп атаған болатын. Пән-Төрағасының басы*

үлкендеу, жартылай жылтырлау. Негізінен милық маңай тұсынан жоғарыға қарай түк те жоқ, ал төменгі жағын түгел дерлік биік жаққа жұмылдырып, атиаптырым алаңқайды селеу шөппен жауып қойғандай әрекет жасаумен әбігер болады. Сол себепті сол қолы әрдайым басында» [3,132]. «Шегір көз сары бұған қарап, тесіле қадалды. Мәдениетті тұрғыда басын иіп амандасты. Ағатайын бұл Қадалған деп атады. Қадалған қайта бұрылып, қайта тесіле қарады. Жүзі жұқа сары болып келгендіктен, шегірден қоңырға табындау көзі көгілдірленіп кетеді. Сәл жымиса, мейірімді секілді» [3, 135]. «Сырбаз Сайрамбайдың ұсынысын терлеп-тепиіп әрдайым бас изейтін ұзынтұра Тастыбай да, сәл шермиген қарнын біраз бұлдайтын Шубай да қызу қолдай түскен» [3, 199] – деп, суреттелетін мысалдарды тізбектей беруге болады. «Көптің ішінен көзге түсетін дара, ерекше бейнелерді тізіп көрсетеді. Жазушы көркем бейнені ашу мақсатында астарлы түрде, күлкіге ерік бере отырып кейіпкердің ішкі әлемінен де хабардар етіп тұр. Адамның сыртқы пішіні мен ішкі әлемінің үйлесімін ұтымды көрсетеді. Қара сөздің су төгілмес үстінен сұлу жорғасы» [6] деп ақын, ғалым Бауыржан Жақып Мархабат Байғұттың шығармашылығына үлкен баға беруінің өзі аз сөзге көп мағына сыйдыра алатын талантын алға тартып, жазушы талабына бас игендей.

ТАЛҚЫЛАУ

Әдеби портрет – суреткердің қиял әлемінен, өзіндік мінезінен, жан дүниесінен хабардар етіп, қалам иесіне құнды мәліметтерді айқындауға көмектесетін көркемдік құрал. М.Байғұт шығармаларын қырық жылдан астам уақыттан бері мектеп оқушыларынан бастап, түрлі буын өкілдері, жалпы әдебиет сүйер қауым үлкен қызығушылықпен оқуының астарында жазушының қаламгерлік шеберлігі жатқандығы сөзсіз. М.Байғұт шығармашылығы туралы көрнекті жазушы Дулат Исабеков: «М.Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы. Мархабаттың басқалардан ерекшелігі өз кейіпкерлерінің ортасынан алыстаған емес» [7], – дейді. Демек, М.Байғұттың оқырмандары барлық көркем туындыларының шынайылығы, айтар ойының ауқымдылығы, қазақ тұрмысына терең бойлай алған шыншылдығы, бастысы қарапайымдылығы үшін сүйсініп оқиды. Әлі де болса, сүйікті оқырмандарын жоғалтпайтынына сеніміміз мол.

Жазушының шеберлікпен жасаған кез келген портреттік суреттеулері оқырманның көңілінен шыға біледі. Себебі, кейіпкерлермен бірге қуанасың, мұңаясың, сұлулығына тамсанасың таңданасың, әрекеттерін іштей бағамдап, бағалайсың. Портретті жалаң түрде суреттемей, көркем шығарманың идеясына тереңінен бойлау мақсатында толықтыра түсуге септігін тигізетін тәсіл, әрі автордың қарымды қаламының қуатты көзі. «Көркем туындыда портрет ықшамды, шағын, нақты бейнеленуі керек. Әр кейіпкердің өзіндік бет-бейнесі, тұлға-тұрпаты, киім үлгілері, ым-емеуріні, ішкі сезімі, жандүниесі шынайылығымен бейнеленгенде ғана сендіре алады»,–дейді зертеуші Ә.Тарақов көркем шығармадағы кейіпкерлер бейнесіне қатысты зерттеу еңбегінде [8, 298]. М.Байғұт портретті берудегі жазушылық ерекшеліктерінің бірі де сол – қысқалық, әрі жинақылық. Шартты орындай алған жазушылар қатарынан. Мысалы, ауылдағы Қалбибі мен Тазагүлдің сипаты: «Қалбибі біздің маңайдағы арықты шабуға ыңғайланған. Жүзі қараторы. Бет-жүзі дөңгелек, мұрны сәл келте біткен. Шашы қос бұрымға өрілген, беліне жетеді. Бір ғана кемшілігі – оң жақ бетінде, шекесіне жақын алақанның жартысындай қалы бар. Сол жағынан қарағанда өте сүйкімді, ал қалы бар оң жақ тұсынан қараса басқаша көрінеді. Әттең, мына қалы құрғырдың қалың, әрі жалпақ болып жабыса қалғанын қарашы» [9, 130]. «Қара талдың қалыңдана түскен шыбығы арасынан қарасаң, тура алдында қисық аяқ қара кемпірі тұр. Аяғына неге ғана қарадым екен, бүйіріне білегін қойып алған, әлі ашаңдау екен. Сыртынан көз салсаң, белі қыпша, талдырмаш келіншектей көрінетін Тазагүл ғой бұл. Ендігі тұрыс мынау. Көйлегінің омырауы олпы-солпы. Бет-жүзі жыра-жыра, сай-сай» [9, 163]. Кейіпкерді артықшылығы мен қатар кемшілігіне дейін қатар бейнелейді.

Адам бейнесін құрастыруда жазушы олардың бет әлпеті мен дене тұрқындағы ұлттық ерекшелікті мұқият танып, өте шебер бейнелейді. М.Байғұттың портрет жасаудағы ерекшелігі – кейіпкердің сипатын оқырманның көз алдынан елеусіз қалдырмай, жан-жақты суреттей алуында. М.Байғұт – жаны сұлу, таза жазушы. Сол себепті әсемдікті, көрікті қыз-келіншектерді молынан суреттейді. «Ерке сылқым» туындысындағы көліктің ішінен шыққан көкжасыл көйлекті ерке сылқымның бет-әлпеті, өзіне жарасқан қимылы соның дәлелі. *«Запорожецтен бір келіншек түсті. Көкжасыл көйлегі, тік келген балтыры, желке тұсына түйген шашы, жұп-жұмыр, аппақ мойын тұсына ілген ұлбір-зипа шалмасы, мөлт етіп бір бұрылып қарағандағы жалқы мәрте жалт ете түскен жанары, түзу біткен әдемі мұрны, ақша маңдайдың төменгі тұсында қиылған жіңішке қас, балалардың дөңгеленген ойыншық шелегін барыныша қысып ұстап алған сүйрік саусақтар – бәрі бірінен бірі өтетіндей! Ою өрнектері бар ойыншық шелекті билеткен күйі көк жасыл көйлегі желпілдеп, Шудың суына қарай еркелей кетіп барады келіншек»* [9, 195]. Ұзақ та болса, бұл портреттік суреттеу жазушы талантының шыңы деуге саяды. Әдебиет әлемінде жазушы М.Байғұт *екі ғасырдың куәгері* атанды. Өйткені, тәуелсіздікке дейін және кейінгі үшінші мыңжылдыққа қадам басқан қоғамда өмір сүрді. Жоғарыдағы портрет жүйесін өзіндік ерекшелігін, сонылығын ескере отыра, қазіргі ХХІ ғасыр, жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан қоғамымыздағы сұлу деген атаққа ие қыздарымыздың бейнесін *«Әкімнің әйелі»* атты әңгімесінде былай суреттейді: *«Мәсхатшының әйелі сирек сымбаттанады екен. Өзі өсекті, аса ашылып сөйлегенді ұнатпайтын көрінеді. Жасырын сыры да жоқ емес сияқты. Айта қоймас. Дегенмен, жанында отырғандар, бәрібір біліп алды. Көзінен көрініп, қабағынан байқалыпты. Қиықтарын тарттыра біржолата тындырыпты. Түн баласында бақырайтып, ашып жататын сияқты, бейшара. Ұйықтап жатқанның өзінде жанарлар жұмылмайтын шығар, сірә»* [4, 166]. Айпара аймағындағы әйелдердің бет-пішіні осындай-тұғын. Жазушы жоғарыдағы көркіне көз сүріндірер қарапайым қыздардың бейнесіне мүлдем кереғар образдарды да суреттейді. Оған себеп жоқ емес, бар. Өйткені, жазушы өмір сүріп отырған қоғамда осылай көрініс тауып жатқаны өтірік емес. Сыртқы бейне арқылы қоғамдағы көзге көрінетін кемшілікті, тектілік пен тексіздікті, көргендік пен көргенсіздіктің де ара жігін ажыратып бергендей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мархабат Байғұт прозасындағы портреттің дәстүрлі қызметі де, тың сияттары да елеулі. Мұнда кейіпкер мінезін ашудың кілті сияқты алғашқы сатылық қызметімен бірге, психологиялық детальдармен астастырыла берілетін кездері де жиі кездеседі. Жазушы портреттері түрлі детальдарға толы. Ол детальдар портреттің көркемдік қасиетін арттыруға ғана қызмет етіп қоймастан, кейіпкер психологиясынан хабар беріп, сонымен қатар, шығарма идеясымен де сабақтасады. Жазушы портрет сомдауда фольклорлық дәстүрге де жүгініп, тұрақты теңеулер мен эпитеттерді де кеңінен қолданады. Сондай-ақ жазушының кейіпкердің сыртқы келбетін сомдаудағы авторлық тың қолданыстары да, өзіндік сөзжасамдары да аз емес.

Жазушы қолданған портреттің сан алуан түрлері бар. Дегенмен де, мұнда юморлық пафосы басым түрлері молырақ. Кейіпкердің сүйкімді, ұнамды келбетін берумен қатар, ұнамсыз кейпін танытуда да жазушы юморды шебер қолданып отырады. Мархабат Байғұт портреттеріне тән тағы бір ерекшелік – олардың өзге көркемдік тәсілдермен қатар өріле қолданылатыны. Бұл қатарда, әсіресе, оның диалогпен араластыра беретінін айқын көруге болады. Диалогты беруде автор сөзі ретінде қолданылатын портреттік бейнелеулердің кейіпкер мінезін ашудағы қызметі орасан зор. Сондай-ақ авторлық баяндаудың, монологтардың ішінде де кездесетін портреттер аз емес. Бұлардың дені жазушы қолтаңбасын, шеберлігін танытатын сипаттарға ие.

Портрет образдың құрамдас бөлігі ретінде М.Байғұт шығармашылығынан маңызды орын алады. М.Байғұт кейіпкер портреттерін оқырманға бейненің мінезін ашудың бастапқы

сатысы ретінде ғана емес, оның жан күйін, психологиясымен астастыра беруге де жиі ден қояды. Суреткер көркем әдісті композициялық бірлікте, іс-әрекетті сюжетте өрістетуге үшін, кейіпкерлердің ойы мен көңіл-күйін түрлі жолдармен (авторлық баяндау, диалог, монолог т.б.) беру арқылы сырт бейне мен қатар оның бойындағы қасиеттерін, әрекеттерін, сезімін, ішкі жан әлемін қалың оқырманына жайып салады. Ол толық, дара, ситуациялық, сатиралық сияқты портреттің түрлерімен, адам келбетін жанды бейнелеуге, тәлімдік мәнін арттыруға ізденіс пен шынайы таланттың арқасында қол жеткізді. Қаламгер көркем шығармада портрет маңыздылығына аса мән беріп, әр сөзін ой елегінен өткізіп, сұрыптап, сараптап, талғам таразысына салып барып қолданатынын аңғарамыз. М.Байғұт сомдаған портреттер – жазушы шеберлігін, дара стилін танытатын бейнелеу түрлерінің ішіндегі маңыздысы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
- 2 Юркина Л. Ю. Портрет. – М.: МГУ, 2008. – С.185–186.
- 3 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.
- 4 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.
- 5 Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.15. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. – 412 б.
- 6 Жақып Б. Түркі дүниесінің тұлғасы болатын. – Алматы, 2022. – 15 б.
- 7 Мархабат мұзасы. Әңгімесі роман жүгін арқалап... Әдеби-сын мақалалар, рецензиялар, эсселер. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 344 б.
- 8 Тарақов Ә. Кейіпкер портретінің бейнеленуі және аудармада берілуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы – 2015. Т.153. №1. – 297-301 бб.
- 9 Байғұт М. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 400 б.

Материал 28.07.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kabdolov Z. The art of words. – Almaty, 2007 – 360 p.
- 2 Yurkina L. Yu. Portret [Portrait] (Moscow, 2008)
- 3 Bajgut M. Collection of Works Volume 3. Almaty, 2019 – 400 p.
- 4 Bajgut M. Collection of Works Volume 1. Almaty, 2019 – 400 p.
- 5 Zhumaliev K., Kabdolov Z. and Z. Ahmetov Theory of literature. Classical studies: multi-volume. T.15. – Almaty, 2013 – 412 p.
- 6 Zhakyp B. He was a person of the Turkic world. – Almaty, 2022 – 15 p.
7. Markhabat's muse. The narrator talks about the novel. Ádebi-cyn maqalalar, resenziarlar, ecceler. – Almaty, 2020 – 344 p.
- 8 Tarakov Ä. Kejipler portretinin bejnelenui zhane audarmada berilui [The image of the portrait of the character and the transfer in translation], QazUÝ Habarshysy. Filologiya seriasy [KazNU Bulletin. Philology Series], 1 (153), 297-301 (2015)
- 9 Bajgut M. Collection of Works Volume 2. Almaty, 2019 – 400 p.

Художественная роль портрета в произведениях Мархабата Байгута

Б.Б.Тагудретова¹, Ж.Т.Кадыров²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М.Козыбаева, Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

В статье проводится комплексный анализ мастерства писателя Мархабата Байгута в создании портретов. В мировом литературном развитии портрет становится

все более сложным и со временем приобретает все большую психологическую глубину. В произведениях Мархабата Байгута портрет играет большую роль в раскрытии характера персонажа. Наряду с традиционными чертами, характерными для портрета в целом, есть много отличительных черт, свойственных стилю писателя.

Цель научного исследования состоит в том, что портреты в произведениях писателя должны не только описывать внешний облик персонажа, но и позволить читателю глубже узнать героя, войти в его внутренний мир, понять суть его поступков, выявить замысел автора, стать художественным средством, открывающим путь к познанию персонажа. Кроме того, была поставлена цель определения эмоционального воздействия и языковой таблицы портретных описаний. Научная и практическая значимость статьи определяется тем, что она создает возможности для дальнейшего углубленного изучения произведений М. Байгута, может быть использована в учебном процессе. В исследовательской работе использованы общенаучные методы анализа, проведен обзор работ отечественных ученых, приняты во внимание их точки зрения. Было высказано предположение, что произведения писателя, наполненные оригинальными темами, идеями, высказываниями и художественным содержанием, являются объектами научной системы. Анализ места портрета в творчестве Мархабата Байгута, несомненно, вносит вклад в расширение теории стиля и языковой культуры в области литературоведения.

Ключевые слова: художественная проза, портрет, виды портретов, автор, художественный образ, стиль, характер, портретная детализация.

Материал поступил в редакцию журнала 28.07.2023

Artistic activity of the portrait in the works of Marhabat Baygut

B.B. Tagudretova¹, Zh.T.Kadyrov²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

²M.Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150000, Kazakhstan

The article analyzes the skill of drawing portrait of the writer Marhabat Baigut. Portraits in the prose by Marhabat Baigut deserve attention as the works of the writer are characterized by everyday themes, everyday life, the simplicity and unexpectedness of artistic means. The portrait, which is considered as a means of visually expressive depiction of a character and the disclosure of his/her psychological world, occupies a large place in the world of fiction. In the world literary development, the portrait is becoming more and more complex and, over time, acquires more and more psychological depth.

In the works of Marhabat Baigut, the portrait plays an important role in revealing the nature of the character. Along with the traditional features characteristic of the portrait as a whole, there are many distinctive features inherent to the style of the writer.

The purpose of the scientific research is that portraits in the writer's works should not only describe the appearance of the character, but also allow the reader to get to know the character more deeply, enter his inner world, understand the essence of his actions, reveal the author's intention, become an artistic tool that opens the way to knowledge of the character.

In addition, the goal of the article was to determine the emotional impact and the language table of portrait descriptions. The scientific and practical significance of the article is determined by the fact that it creates opportunities for further in-depth study of the works of M. Baigut and can be used in the educational process.

In the research work, general scientific methods of analysis were used, a review of the works of domestic scientists was carried out, their points of view were taken into account. It was suggested that the writer's works, filled with authentic themes, ideas, statements and artistic content, are objects of the scientific system. An analysis of the place of the portrait in the work of Marhabat Baigut undoubtedly contributes to the expansion of the theory of style and linguistic culture in the field of literary science.

Key words: fiction, portrait, types of portraits, author, artistic image, style, character, portrait detailing.

Received: 28.07.2023

МРНТИ 16.21.29

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp121-130](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp121-130)

Ж.Г. Темирова

Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

**ОБРАЗ КАЗАХСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРЫ
В ВОСПРИЯТИИ ЧИТАТЕЛЕЙ
ТРАНСЛИНГВАЛЬНОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
(ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СВОБОДНОГО АССОЦИАТИВНОГО ЭКСПЕРИМЕНТА)**

Статья посвящена изучению восприятия транскультурной русскоязычной литературы. Рассматривается концепт «Музыка» как образ казахской лингвокультуры, объективированный в романе казахстанского писателя-билингва Роллана Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках». Анализируются репрезентанты концепта «Музыка» в лексико-фразеологической системе русского языка на основе лексикографических источников, а также специфичные вербализаторы данного концепта в художественном дискурсе казахстанского автора. Приведены результаты психолингвистического эксперимента, охарактеризован ассоциативный слой художественного концепта «Музыка», возникающий в сознании потенциальных читателей произведений Р.Сейсенбаева, для которых, как и для самого автора, характерно транскультурное восприятие действительности.

Ключевые слова: транскультурность, образ казахской лингвокультуры, концепт «Музыка», писатель-билингв.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

В наши дни термин «транскультурность» вошел в метаязык целого ряда научных направлений, развивающихся в антропоцентрической парадигме и изучающих состояние современного социума, для которого характерно взаимодействие и взаимопроникновение различных культур. Так, процесс диалога культур, отражающийся в языковой и художественной картинах мира, является актуальным предметом изучения филологической науки. В частности, в настоящее время активно изучается синтез «своего» и «чужого» этнокультурного содержания в произведениях писателей, творящих на стыке национальных литератур.

Одним из эффективных подходов к изучению специфики транскультурной литературы, на наш взгляд, является комплексное исследование образов национальной лингвокультуры, которые представляют собой закрепленные в знаках языка образы культуры, несущие в себе национально-культурные, социально-исторические, морально-этические, философско-эстетические, аксиологические смыслы. Кроме того, вслед за известными учеными-лингвокультурологами (Ю.С. Степанов [1], В.И. Карасик [2]) мы соотносим понятие «образы лингвокультуры» с понятием «концепт». Однако, по нашему мнению, следует отметить, что данные понятия не вполне тождественны, поскольку каждый образ национальной лингвокультуры эксплицирует соответствующий концепт, но не каждый концепт, включает в себе лингвокультурный образ, характерный для какой-либо национальной картины мира.

ВВЕДЕНИЕ

Динамичные культурные процессы привели к многообразию художественных исканий, в том числе и формированию новой транскультурной литературы, изучением которой активно стали заниматься в конце XX – начале XXI вв. такие ученые, как Ф. Ортис, В. Вельш, М. Эпштейн, С. Келман, М.В. Тлостанова, У.М. Бахтикиреева и другие ученые-исследователи [3-9].

В современной казахстанской литературе, наряду с традиционной национальной литературой, создаваемой на казахском языке, сформировалась русскоязычная литература, предметом изображения которой являются прежде всего реалии казахской действительности. Изучение транслингвального литературного творчества русскоязычных писателей Казахстана с учетом специфики языковой картины мира представляется интересным и актуальным.

С точки зрения теории транскультурности особый исследовательский интерес вызывают концепты, которые включают в себе как универсальное, так и национально-специфичное концептуальное содержание. Таковым, на наш взгляд, является концепт «Музыка».

Данный концепт становился объектом исследования многих ученых из разных отраслей научного знания: искусствоведения, философии, эстетики, истории, психологии, социологии, герменевтики, семиотики и др. (М.С. Каган, А.В. Михайлов, Н.А. Мышьякова, Н.Д. Нагибина, Ю.С. Соловьев, Т.В. Антипова, Ю.К. Захаров и мн.др.).

В филологическом аспекте концепт «Музыка» изучался как неотъемлемая часть языковой картины мира (С.А. Колпакова), рассматривался с точки зрения специфики его репрезентации в том или ином дискурсе (А.П. Булатова), а также выявлялась национальная специфика его языкового отражения в художественной картине мира (В.И. Сапрыкина). Большое количество работ посвящено изучению концепта «Музыка» на материале художественных текстов (О.А. Актисова, А.В. Шутова, Х. Демирал, Л.Л. Гервер, Д.М. Магомедова и др.).

В данной статье рассматриваются репрезентанты концепта «Музыка» в русской языковой картине мира, в индивидуально-авторской картине транслингвального автора, а также исследуются метавысказывания респондентов, полученные в ходе свободного ассоциативного эксперимента (САЭ). Цель эксперимента – определение ассоциативного поля вербализаторов концепта «Музыка», выявление типов ассоциативных связей в метаязыковом сознании респондентов, испытывающих в той или иной степени воздействие традиций двух и более культур.

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ

В процессе изучения специфики транслингвальной казахстанской литературы мы полагаемся на труды ученых (С. Келман, М. Толстанова, И.С. Хугаев, У.М. Бахтикерева, С. Канагараджа, О. Гарсиа, Л. Вей, З.Г. Прошина и др.), разрабатывающих теорию транскультурности в современной филологической науке.

Для осуществления когнитивно-прагматического, лингвокультурологического анализа мы опираемся на сложившуюся в русистике авторитетную традицию, представленную в ряде трудов когнитивного (А.П. Бабушкин, В.И. Карасик, В.В. Колесов, М.В. Пименова, З.Д. Попова, Г.Г. Слышкин, И.А. Стернин, Е.А. Юрина, Н.С. Болотнова и др.) и лингвокультурологического (С.Г. Воркачев, Д.С. Лихачев, В.А. Маслова, Ю.С. Степанов и др.) направлений. Кроме того, нами использован опыт проведения сопоставительных и психолингвистических исследований зарубежных и отечественных ученых (А.А. Залевская, А.С. Герд, И.В. Тубалова, Э.Д. Сулейменова, З.К. Ахметжанова, Ж.С. Бейсенова, А.К. Туманова, А.Д. Жакупова и др.). Сопоставительный аспект способствует более

углубленному изучению объекта исследования, а применение психолингвистического метода значительно расширяет диапазон исследования, так как явления транскультурности и транслингвальности характерны не только для индивидуально-авторского сознания писателей, но и для сознания части населения нашей страны, владеющей как минимум двумя языками (казахским и русским).

Материалом исследования послужили репрезентанты концепта «Музыка» в романе современного казахстанского писателя-билингва Р. Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках» и данные психолингвистического эксперимента.

РЕЗУЛЬТАТЫ

Музыка – вид искусства, в котором средством объективации художественных образов являются определенным образом организованные музыкальные звуки.

«Форма музыка пришла через укр. из польск. *muzyka* от чеш. *musika*, лат. *musica*, греч. *μουσική* "музыкальное искусство, музыка". Формы с ударением на начале слова могли быть получены через посредство австр.-нем. *Musik* (XVII в.; см. Шульц–Баслер 2, 162)» в XVII в. [10, т. 3, 6].

В толковых словарях русского языка значение лексемы «музыка» фиксируется в следующих вариантах:

1. Искусство, отражающее действительность в звуковых художественных образах.
2. Исполнение, звучание инструментальных произведений.

Выделяется также несколько вариантов употребления лексемы «музыка» в переносном значении.

В современном русском языке концепт «Музыка» представлен лексико-фразеологическим полем, ключевыми репрезентантами которого являются лексема *музыка* и её дериваты: *музыкант* (*музыкантик, музыкантка, музыкантиша, музыкантский*), *музыкальный* (*музыкально, не-музыкально, музыкальность, не-музыкальность, не-музыкальный, немзыкально, немзыкальность, музыкально-литературный, музыкально-педагогический, музыкально-сценический, музыкально-танцевальный, муз/комедия, муз/кружок, литературно-музыкальный, научно-музыкальный, танцевально-музыкальный, электро-музыкальный*), *музигировать* (*музигирование, по-музигировать*), *музыковедение* (*музыковед, музыковедческий*), *музыкознание, светомузыка* (*светомузыкальный*), *цветомузыка* (*цветомузыкальный*), *поп-музыка* (*поп-музыкант*) [11, 599].

Об особенностях восприятия и понимания концепта «Музыка» носителями русского языка свидетельствуют примеры сочетаемости ключевого репрезентанта *музыка* с разными частями речи.

Так, например, слово *музыка* образуют словосочетания с именем прилагательным всех разрядов: качественные прилагательные + *музыка* (*громкая, тихая, хорошая, приятная, веселая, живая, прекрасная, легкая, новая, медленная, чудесная и мн. др.*); относительные прилагательные + *музыка* (*классическая, джазовая, симфоническая, камерная, балетная, танцевальная, военная и мн. др.*); притяжательные прилагательные + *музыка* (*моцартовская, бетховенская и др.*). Данная лексема согласуется с глаголами, лексические значения которых в сочетании с лексемой *музыка* используются в прямом и переносном значениях. Например, в прямом значении – в сочетании с глаголами, передающими процесс звучания (*играла, доносились, звучала, гремела, грохотала, смолкла, стихла*). В переносном значении – в сочетании с глаголами, обозначающими движение (*летела, текла, лилась, ускорила, замедлилась*); физическое состояние (*спала, проснулась, жила, становилась, существовала, умерла*); душевное состояние (*ликовала, грустила, куражилась, храбрилась, ленилась*); мыслительный процесс (*задумалась, размышляла*); воздействие на человека (*располагала, завораживала, убаюкивала, раздражала, мешала, владела, учила, лечила, воспитывала, помогала*); речевое действие (*спрашивала, отвечала, говорила, звала*); а также в сочетании с

модальными (*хотела, стремилась, могла*) и фазовыми глаголами (*музыка началась, продолжилась, закончилась, оборвалась*) и др.

В сочетании с именами существительными ключевой репрезентант концепта «Музыка», помимо словосочетаний с прямым значением, образует множество образных метафорических выражений, которые расширяют смысловой диапазон рассматриваемого концепта. Например, словосочетания, в которых главным словом выступает лексема *музыка*: в прямом значении *музыка оркестра, композитора, оперы, балета, группы, флейты и др.*; в переносном значении – *музыка души, сердца, слов, речи, ветра, дождя, цветов, света, поэзии и др.* Словосочетания, в которых лексема *музыка* выполняет функцию зависимого слова: в прямом значении – *звуки музыки, уроки музыки, ритм музыки, история музыки и др.*; в переносном значении – *дух музыки, мир музыки, сила музыки, магия музыки и др.*

Фразеологизмы, пословицы и поговорки также являются важными вербализаторами концепта «Музыка» в русской языковой картине мира. Паремиологический материал отражает сложившиеся в сознании носителей языка знания, отношения, переживания, чувства к музыке: *Без песен мир тесен. Без песен на войне труднее вдвойне. Где песни, там и молодость. Где песня поется, там счастливо живет. Жить - с песней дружить. Песня веселому – отрада, скучающему – утешение* и мн.др. [12]. Именно песня раскрывает внутренний мир человека, его душевное состояние: *Какая думка, такая и песня. Какая душа, такая и песня. Какая жизнь, такие и песни. Песню без души сердце не принимает* и др. [12]. С образом песни, музыки в сознании народа связывались представления о морально-нравственных качествах личности: *Затянул песню – допевай, хоть тресни. Затянул песню – так допевай до конца. Начал песню – пой во весь голос* и др. [12].

Лексико-семантические варианты, репрезентирующие концепт «Музыка», нередко используют для обозначения характера межличностных, общественных отношений: *первая скрипка, вторая скрипка, плясать под чужую дудку, ходить по струнке, на заднем столе – с музыкантами; дудеть в одну дуду; чьим умом живешь, того и песенку поешь*; социальных проблем: *Нужда песен не поет. Хорошо живет – хорошо и поется. Песней коня не накормишь*; семейных отношений: *Жена не гусли: поиграв, на стенку не повесишь. Звони поп в колокола, чтобы попадья не спала* [12].

Во многих идиомах вербализаторы концепта «Музыка» используются в переносном значении: *класть на музыку, по барабану, сапоги гармошкой, концерт окончен, кошачий концерт, играть на нервах. Для чего козе баян? Нет уж, дудки!*

Частотность употребления и разнообразие семантических значений слов и паремиологических выражений, составляющих лексико-семантическое поле «Музыка», свидетельствуют об актуальности концепта «Музыка» для сознания носителей современного русского языка, а также о его широком ассоциативно-образном диапазоне.

Концепт «Музыка», как и более емкий концепт «Искусство», уникален тем, что он максимально понятен и общедоступен для всех людей, вне зависимости от их возраста, этнического происхождения, вероисповедания и языка общения. В то же время описать данный концепт, выявить способы его объективации в языке весьма сложно, поскольку это связано с тем, что музыка выражает сложные эмоциональные состояния человека, воздействует на его психику, служит эффективным средством коммуникации, способным передавать емкие смысловые послы, которые сложно вербализовать.

В концептосфере творчества транслингвального казахстанского прозаика Роллана Сейсенбаева художественный концепт «Музыка», помимо перечисленных концептуальных смыслов, несет важное идейно-философское значение, поскольку сопряжен содержательно с ключевым концептом «Жизнь». Изображая в своем творчестве реальную действительность, Сейсенбаев предельно правдив и объективен. Он критично оценивает состояние современного общества, верно подмечает «болезни» эпохи, разделяет боль родной земли, тревожится о человеке и человечестве. В этом суровом взгляде на жизнь лишь музыка озаряет мир светом, дарит красоту и надежду.

В данном смысловом значении концепт «Музыка» эксплицируется наиболее ярко в романе «Мертвые бродят в песках» [13] – одном из драматичных произведений современной литературы, в котором сосредоточено внимание на трагических вехах в истории казахского народа. К числу национальных трагедий относится гибель Аральского моря, повлекшая за собой не только разрушение экосистемы целого региона, но и разрушение основ жизни, здоровья проживающих там людей.

В целях выявления ассоциативно-образного слоя концепта «Музыка» и определения роли данного концепта в транскультурной художественной картине мира, нами был проведен САЭ, в котором приняли участие 104 респондента в возрасте от 18 до 69 лет, проживающих в г. Кокшетау (Казахстан). Результаты предварительного экспериментального исследования апробированы нами на X Международной научной конференции «Русская речевая культура и текст», г. Томск [14, 83-90].

Экспериментальное исследование ассоциативного поля концепта «Музыка» строится на выявлении внетекстового ассоциативного потенциала не только ключевого слова-репрезентанта – *музыка*, но и слов *звук*, *акын*, *кюй*, *домбра*, *кобыз*, входящих в ядерную и периферийную зоны концепта «Музыка» в художественном дискурсе Роллана Сейсенбаева.

В контексте транскультурного художественного текста перечисленные репрезентанты позволяют писателю-билингву наиболее ярко объективировать концепт «Музыка» как образ казахской лингвокультуры, раскрывая его национально-философское содержание.

Обработка результатов эксперимента осуществлялась с учетом возраста респондентов: 1) юность (13-19 лет), 2) молодость (19-35 лет), 3) зрелость (35-60 лет), 4) старость (от 60 лет) [15, 553].

В результате анализа и систематизации полученных метавысказываний нами были выявлены следующие типы ассоциативных связей, которые возникают в языковом сознании респондентов:

I. Парадигматические ассоциативные связи:

1) синонимическая (связь, основанная на общности или близости значений наименований, на идентичности предметов или явлений): *мелодия*, *песня*;

2) гиперонимическая связь (вид – род): *музыка* – *песня*, *пение*, *нота*, *голос*, *хор*, *рок-н-ролл*, *звук* – *голос*, *нота*, *звон*, *шум*, *скрип*, *сигнал*; *мелодия* – *оркестр*; *акын* – *кюйши*, *кобыз* – *смычок*, *струна*, *домбра* – *струны*;

3) гипонимическая связь (часть – целое): *музыка* – *искусство*; *звук* – *мелодия*, *музыка*; *акын* – *казах*; *кюй* – *музыка*, *мелодия*, *певец*; *кобыз* – *музыкальный инструмент*; *домбра* – *национальный музыкальный инструмент*, *традиция народа*, *национальный колорит*;

II. Синтагматические ассоциативные связи:

4) атрибутивная или определительная: *музыка* – *медленная*, *тихая*, *громкая*, *классическая*, *чарующая*; *мелодия* – *красивая*, *душевная*, *звучная*, *музыкальная*, *мягкая*; *звук* – *тонкий*, *пронзительный*, *нежный*, *мелодичный*, *долгий*; *кюй* – *красивый*, *напевный*, *долгий*; *домбра* – *казахская*, *деревянная*; *акын* – *одаренный*;

5) объективная или глагольная: *звук* – *слушать*, *слышать*, *слышится*; *кюй* – *играть*; *мелодия* – *отдыхать*;

III. Тематические ассоциативные связи:

6) причинно-следственная связь: *акын* – *стихотворение*, *творчество*, *айтыс*, *кюй*, *песня*; *кобыз* – *музыка*, *мелодия*, *протяжная мелодия*, *звук*, *кюй*; *домбра* – *музыка*, *кюй*, *айтыс*, *акын*, *песня*; *кюй* – *слушатели*;

7) тематическая связь: *поэт* – *Абай Кунанбаев*; *кюй* – «*Адай*», *Курмангазы*; *кобыз* – *Коркыт-ата*, *Казахстан*; *домбра* – *Казахстан*, *Курмангазы*, *Аксак кулан*; *музыка* – «*Лунная соната*»;

8) символическая связь: *кобыз* – *казах*; *кюй* – *казах*; *домбра* – *степь*, *юрта*, *скакун*, *казах*; *акын* – *домбра*; *кюй* – *домбра*, *кобыз*;

9) метафорическая связь: *музыка – красота, гармония, вдохновение, настроение, покой, спокойствие, наслаждение; мелодия – слезы, настроение, душа; акын – мудрость, степь; кюй – нежность; кобыз – грусть*;

10) связь, основанная на общности категорий: *домбра – кобыз, гитара; кюй – айтыс*;

IV. Другие виды ассоциативных связей:

11) Связь, основанная на переводе с русского на казахский или с казахского на русский язык: *акын – поэт, певец; кюй – произведение, песня; музыка – кюй* [14, 86-87].

В процентном соотношении направления ассоциативных связей на лексемы и экзотизмы, вербализующие художественный концепт «Музыка» в прозаическом творчестве Р. Сейсенбаева, по возрастным группам выглядят следующим образом (см. рисунок 1):




Рисунок 1 – Типы ассоциативных связей респондентов 4-х возрастных групп на текстовые репрезентанты концепта «Музыка»

Анализ полученных экспериментальных данных показал, что наиболее часто в метаязыковом сознании респондентов всех возрастных групп актуализируются такие типы ассоциативных связей, как гипонимическая связь (часть – целое), гиперонимическая связь (вид – род), атрибутивная (определяющая), причинно-следственная, тематическая и метафорическая. Относительно редко испытуемые реагировали на предложенные слов-стимулы посредством глагольных ассоциаций, синонимов, слов, относящихся к одной категории, а также незначительно количество ассоциаций было связано с переводом русских слов-стимулов на казахский язык и наоборот.

По сравнению с другими возрастными группами, юным и молодым респондентам в большей степени присущи ассоциации, объясняющие сущность понятия «музыка» и музыкальных инструментов по типу гипонимической связи (часть – целое). Например, *музыка – искусство; кюй – музыка, мелодия, певец; кобыз – музыкальный инструмент; домбра – национальный музыкальный инструмент, традиция народа, национальный колорит*. Часто респонденты этих групп связывают значение слов-стимулов с близкими по роду понятиями или частными смыслами, деталями, составляющими его содержание (вид – род): *музыка – песня, нота, рок-н-ролл; звук – звон, скрип, сигнал; акын – күйші; кобыз – смычок, струна; домбра – струны*. Также часто в ассоциациях молодых людей мы обнаруживаем положительные определительные характеристики на предложенные слова-

стимулы: *музыка – медленная, тихая, громкая; мелодия – красивая, музыкальная, мягкая; звук – тонкий, пронзительный, долгий; кюй – красивый; домбра – казахская, деревянная.*

Реже, чем старые люди, представители молодого поколения склонны реагировать на слова-стимулы метафорическими сравнениями и символическими ассоциациями. Так, *музыка* для юных респондентов – это *красота, настроение, наслаждение*; *мелодия* – *слезы, настроение*, а *кюй* и *домбра* для них являются символом *казахов и степи*.

По результатам эксперимента в ответах взрослых людей, по сравнению с ответами представителей молодого и старого поколения, зафиксировано больше ассоциаций по типу причинно-следственной связи: *акын – творчество, айтыс, кюй; кобыз – протяжная мелодия, кюй; домбра – кюй, айтыс, песня; кюй – слушатели*. Одинаково часто в сознании взрослых и старых людей репрезентанты концепта «Музыка» ассоциируются с метафорическими образами, например, *музыка – красота, гармония, вдохновение, покой, спокойствие, наслаждение; мелодия – душа; акын – мудрость, степь; кюй – нежность; кобыз – грусть и др.* Нередко представители старших поколений связывали слова-стимулы с именами казахских поэтов и композиторов, а также с наименованиями музыкальных произведений: *акын – Абай Кунанбаев; кюй – «Адай», Курмангазы; кобыз – Коркыт-ата, Казахстан; домбра – Казахстан, Курмангазы, Аксак кулан.*

ОБСУЖДЕНИЕ

На основе анализа результатов САЭ были определены особенности восприятия репрезентантов концепта «Музыка» представителями разных возрастных групп. Кроме того, полученные данные позволяют смоделировать ассоциативное поле художественного концепта «Музыка», возникающее в сознании читателей транскультурных произведений Р. Сейсенбаева.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Транскультурная литература – значимое явление современности, подготовленное не только творческими усилиями писателей, которые способны творить на стыке культур, но и умением читательской аудитории воспринимать и усваивать художественную идею, сюжет, образы транслирующего автора.

Проведенное экспериментальное исследование позволило проанализировать и описать обширный внетекстовый ассоциативный потенциал вербализаторов концепта «Музыка», определить особенности ассоциативных реакций респондентов на репрезентанты рассматриваемого концепта, выявить 11 основных типов ассоциативных связей, возникающих в метаязыковом сознании носителей русского языка.

Большинство ассоциативных реакций участников эксперимента на текстовые репрезентанты концепта «Музыка» как образа казахской лингвокультуры соответствуют концептуальным смыслам, объективированным в романе Роллана Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках». В связи с этим, мы пришли к выводу, что совокупность полученных ассоциативных реакций прогнозирует установление успешного диалога между транскультурным автором и его читателем.

ИНФОРМАЦИЯ О ФИНАНСИРОВАНИИ

Исследование выполнено при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования научного проекта ИРН AP13268752 «Образы казахской лингвокультуры в транслирующей русскоязычной литературе Казахстана» (2022-2024 гг.), реализуемого в Кокшетауском университете им. Ш.Уәлиханова.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Степанов Ю.С. Концепты. Тонкая пленка цивилизации. – М.: Языки славянских культур, 2007. – 248 с.
- 2 Карасик В.И. Языковая спираль: ценности, знаки, мотивы. – Волгоград: Парадигма, 2015. – 383 с.
- 3 Ортис Ф. Кубинский контрапункт табака и сахара // Иностранная литература. – 2015. – №1. – URL: <https://magazines.gorky.media/inostran/2015/1>
- 4 Вельш В. Транскультурность – измененное состояние современных культур [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: https://www.via-regia.org/bibliothek/pdf/heft20/welsch_transkulti.pdf
- 5 Epstein M. Transcultural Experiments: Russian and American Models of Creative Communication (with Ellen Berry). – New York: St. Martin's Press (Scholarly and Reference Division), 1999. – 340 pp.
- 6 Kellman S.G. Switching Languages: Translingual Authors Reflect on their Craft / S. G. Kellman. – London: University of Nebraska Press, 2003. — 339 p.
- 7 Тлостанова М.В., Бахтикиреева У.М., Валикова О.А. «За бартом»: интервью с Мадиной Тлостановой // Полилингвальность и транскультурные практики. – Москва: РУДН, 2020. Т. 17. № 3. – С. 415-421. [Электрон.ресурс]. – URL: DOI 10.22363/2618-897X-2020-17-3-415-421 (дата обращения: 15.02.2023).
- 8 Бахтикиреева У.М. Творческая билингвальная личность (особенности русского текста автора тюркского происхождения) / У.М. Бахтикиреева. — Астана: ЦБО и МИ, 2009. — 259 с.
- 9 Бахтикиреева У.М. Русофон – русофонный – русофония – русофонная литература – слова глобальные или локальные? // Социальные и гуманитарные науки на Дальнем Востоке. – Хабаровск: ДВГУПС, 2021. Т. 18. №1. – С. 11-17.
- 10 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка / пер. с нем. – М.: Прогресс, 1987. – Т. 3. – 832 с. – Т. 4. – 864 с.
- 11 Тихонов А.Н. Словообразовательный словарь русского языка: в 2-х т. – М.: Рус.яз., 1985. – Т. 2. – 886 с.
- 12 Пословицы и поговорки о музыке и песнях [Электрон.ресурс]. – URL: <https://ermak.su> (дата обращения: 15.08.2022).
- 13 Сейсенбаев Р. Мертвые бродят в песках. – Международный клуб Абая, Жидебай, 2006. – 673 с.
- 14 Темирова Ж.Г. Ассоциативно-образный слой художественного концепта «Музыка» в романе Р. Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках» // Сборник материалов X Международной научной конференции «Русская речевая культура и текст». – Томск, 2018. – С. 83-90.
- 15 Темирова Ж.Г. Из опыта применения метода свободного ассоциативного эксперимента в исследовании ассоциативно-образного слоя художественного концепта // Материалы XIV Конгресса МАПРЯЛ – СПб.: МАПРЯЛ, 2019. – С. 551-556.

Материал поступил в редакцию журнала 15.07.2023

REFERENCES

- 1 Stepanov YU.S. Konstanty. Slovar' russkoj kul'tury. Opyt issledovaniya. – M.: SHkola «Yazyki russkoj kul'tury», 1997. – 824 s.
- 2 Karasik V.I. O kategoriyah lingvokul'turologii / V.I. Karasik // Yazykovaya lichnost': problemy kommunikativnoj deyatel'nosti. – Volgograd: Peremena, 2001. – S. 3–16.
- 3 Ortis F. Kubinskij kontrapunkt tabaka i sahara // Inostrannaya literatura. – 2015. – №1. – URL: <https://magazines.gorky.media/inostran/2015/1>

- 4 Vel'sh V. Transkul'turnost' – izmenennoe sostoyanie segodnyashnih kul'tur [Elektronnyj resurs]. – 2018. – URL: https://www.via-regia.org/bibliothek/pdf/heft20/welsch_transkulti.pdf
- 5 Epstein M. Transcultural Experiments: Russian and American Models of Creative Communication (with Ellen Berry). – New York: St. Martin's Press (Scholarly and Reference Division), 1999. – 340 pp.
- 6 Kellman S.G. Switching Languages: Translingual Authors Reflect on their Craft / S. G. Kellman. – London: University of Nebraska Press, 2003. — 339 p.
- 7 Tlostanova M.V., Bahtikireeva U.M., Valikova O.A. «Za bartom»: interv'yu s Madinoj Tlostanovoj // Polilingval'nost' i transkul'turnye praktiki. – Moskva: RUDN, 2020. T. 17. № 3. – S. 415-421. [Elektron.resurs]. – URL: DOI 10.22363/2618-897X-2020-17-3-415-421 (data obrashcheniya: 15.02.2023).
- 8 Bakhtikireyeva, U.M. (2009). Tvorcheskaia bilingvalnaia lichnost (osobennosti russkogo teksta avtora tiurskogo proiskhozhdeniia) [Creative bilingual personality (peculiar features of a Russian text written by an author of the Turkic origin)]. Astana [in Russian]
- 9 Bahtikireeva U.M. Rusofon – rusofonnyj – rusofoniya – rusofonnaya literatura – slova global'nye ili lokal'nye? // Social'nye i gumanitarnye nauki na Dal'nem Vostoke. – Habarovsk: DVGUPS, 2021. T. 18. №1. – S. 11-17.
- 10 Fasmer M. Etimologicheskij slovar' russkogo yazyka / per. s nem. – M.: Progress, 1987. – T. 3. – 832 s. – T. 4. – 864 s.
- 11 Tihonov A.N. Slovoobrazovatel'nyj slovar' russkogo yazyka: v 2-h t. – M.: Rus.yaz., 1985. – T. 2. – 886 s.
- 12 Poslovicy i pogovorki o muzyke i pesnyah [Elektron.resurs]. – URL: <https://ermak.su> (data obrashcheniya: 15.08.2022).
- 13 Sejsenbaev R. Mertvye brodyat v peskah. – Mezhdunarodnyj klub Abaya, ZHidabaj, 2006. – 673 s.
- 14 Temirova ZH.G. Associativno-obraznyj sloj hudozhestvennogo koncepta «Muzyka» v romane R. Sejsenbaeva «Mertvye brodyat v peskah» // Sbornik materialov X Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Russkaya rechevaya kul'tura i tekst». – Tomsk, 2018. – S. 83-90.
- 15 Temirova ZH.G. Iz opyta primeneniya metoda svobodnogo associativnogo eksperimenta v issledovanii associativno-obraznogo slova hudozhestvennogo koncepta // Materialy XIV Kongressa MAPRYAL – SPb.: MAPRYAL, 2019. – S. 551-556.

Қазақстан әдебиеті транслингвалды оқырмандарының қабылдауындағы қазақ лингвомәдениетінің бейнесі (еркін ассоциативті эксперимент нәтижелері бойынша)

Ж.Г. Темирова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

Мақала орыс тілді мәдениетаралық әдебиетті қабылдауды зерттеуге арналған. Қазақ лингвомәдениетінің бейнесі ретінде қазақстандық жазушы-билингв Роллан Сейсенбаевтың «Мертвые бродят в песках» романында объективтендірілген «Музыка» концептісі қарастырылады. Орыс тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі «Музыка» концептісінің репрезентанттары лексикографиялық дереккөздер негізінде, сондай-ақ қазақстандық автордың көркемдік дискурсындағы осы концептінің ерекше тілдік бірліктеріне талдау жасалады. Психолингвистикалық эксперименттің нәтижелері келтірілген, Р. Сейсенбаев шығармаларының әлеуетті оқырмандарының санасында туындайтын «Музыка» көркем концептісінің ассоциативті қабаты сипатталған, олар автордың өзі сияқты шындықты мәдениетаралық қабылдауымен ерекшеленеді.

Кілт сөздер: мәдениетаралық, қазақ лингвомәдениетінің бейнесі, «Музыка» концептісі, жазушы-билингв.

Материал 15.07.2023 баспаға түсті

The image of Kazakh linguoculture in the perception of readers of translingual Kazakh literature (based on the results of a free associative experiment)

Zh. G. Temirova

Sh.Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the study of the perception of transcultural Russian-language literature. The concept of «Music» is considered as an image of the Kazakh linguoculture objectified in the novel of the Kazakh bilingual writer Rollan Seisenbayev «The dead wander in the sands». The authors analyze the representatives of the concept «Music» in the lexical and phraseological system of the Russian language based on lexicographic sources, as well as specific verbalizers of this concept in the artistic discourse of the Kazakh author. The results of a psycholinguistic experiment are presented, the associative layer of the artistic concept «Music» is characterized, which arises in the minds of potential readers of R.Seisenbayev's works, for whom, like the author himself, transcultural perception of reality is characteristic.

Key words: transculturality, the image of Kazakh linguoculture, the concept of «Music», bilingual writer.

Received: 15.07.2023

MFTAP 17.09

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140)

Е. Токтарбай

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, 071400, Қазақстан Республикасы

АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ТАНЫМ

Мақалаға XX ғасыр басындағы түрк қоғамындағы ұлттық ояну, модернизация мәселесі, алаш арыстарының шығармалары арқау болған. Зиялылардың ұлттың ұлттық идентификациясын (қалыбы мен болмысы) сақтау, қорғау турасындағы көзқарастары мен ой, пікірталас қайшылықтары жан-жақты талданады.

Мақалада алаштанушы-ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, пікірлері сараланады.

Мақаланың негізгі мақсаты мен міндеті – Алаш әдебиетінен алаш мәселесін және қазақ ұлтшылдығының жарқын үлгісін анықтау.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырған оқымыстылардың жаңа Қазақ мемлекетінің іргетасын қалағаны да сөз болады. Сонымен қатар Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, С. Торайғыр шығармаларындағы «түркілік таным», оның мағынасы қандай деген сауалдарға жауап беріледі.

Кілт сөздер: Алаш идеясы, ұлт-азаттық қозғалыстары, түркілік таным, ұлтшылдық мәселесі, ұлттық болмыс, алаш әдебиеті.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Түркістан, Еділ-Орал бойын қоныстанған халықтардың бәрі Ресей патшалығы отарлық саясатының зардабын тартып, езгісін көрген болатын. XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан аймағын толық бағындырған Ресей империясы өзінің саяси ықпалын күшейту мақсатында отарларын орыстандырып, шоқындыруды қарқынды қолға ала бастады. Қазан қаласында рухани академия ашылып, «Противомусульманская кафедраның» меңгерушілігіне Николай Ильминский тағайындалады. Қазан, Мысыр медреселерінде діни білім алған Н.

Ильминскийдің миссионерлік саясаты аса жылдам орындалып, Түркістан өлкесінен ислам дінін, түрк халықтарының ділін, тілін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын жоюға қарсы әрекеттер жасала бастады.

КІРІСПЕ

Ресей империясының теріс пиғылын, арам ниетін ерте түсінген түрк оқымыстылары отарлық саясатқа қарсы күрес ұйымдастыруға үн қосып, қоғамды оята бастады. Дәстүрлі медреселер мен мектептерге реформа жасап, жәдитшілік ағымындағы жаңа әдісті білім беру бағдарламасын жасаған Исмаил Гаспыралы «Тәржіман» газетін шығарып, Ресей түрк-мұсылмандарының санасын, көзқарасын қалыптастырады. Миссионер Н. Ильминский мен жәдитші И. Гаспыралының көзқарастарының күресі ушығып, саяси қозғалысқа айналып кетеді.

Жалпы XX ғасыр басында Түркістан, Еділ-Орал, Анадолы түрктерінің бәрінде модернизациялық өзгерістер сипат бере бастады. Түркістан, Еділ-Орал түрктері отарлыққа қарсы азаттық, еркіндік қозғалысын ұйымдастырса, Анадолыдағы түрктер Осман империясын құлдыраудан сақтауға қарсы күресе бастаған болатын.

Бұқаралық толқу ұлттық баспасөз беттерінде пікірталасқа ұласып, ең ақырында талап-тілек ұлттық мүддені көтерген құқықтық-саяси ұлт-азаттық мәнге ие болды.

1925 жылға дейін бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан республикалары қоныстанған территория Түркістан деп аталғаны белгілі. Түркістан өлкесіне Совет үкіметі орнығып, билігін жүргізгеннен соң, жергілікті халықтарды бір-бірінен айырып, үш Советтік республика құрады. Советтік идеология қасақана Түркістан өлкесі, Тұран даласы сөздерін ұмыттырады. Санамыздан мәңгілікке «Түрк» деген ортақ ұлттық идентификациямызды (қалыбымыз) өшіріп, «Түрк бірлігі» деген сөз «Советтік мәдениет», «Совет адамы», «Совет қоғамы» сөздерімен алмастырады.

Қазіргі уақытта Түркістан деген сөз тек қала атауы деген ұғымды білдіретін сөзге айналған. Біз осы мақаламызда байырғы Түркістан өлкесі деген тарихи атауды жаңғыртуды жөн санадық.

Түркия республикасының гуманитарлық ғылым (тарих, әдебиет, саясаттану, әлеуметтану т.с.с.) салаларында «Түркістан» ұғымы әлі күнге дейін қолданылып, бекіген тұжырым ретінде қабылданады. Мысалы, Түркияда Ахмет-Зәки Тоған¹, Абдулуахап Оқтай², Баймырза Хайит³, Надир Девлет⁴, Мехмет Сарай⁵, Ихсан Ильгар⁶, Жафер Сейдахмет⁷, т.б. ғалымдардың бұл тақырыпта бірқыдыру зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертациялық жұмыс қорғап, еңбектер жазған.

Сонымен қатар патшалық Ресей империясының ыдырау және Совет Одағының құрылу тарихын зерттеген батыс зерттеушілері Александр Беннигсен мен Шанталь Лемерсиер⁸, Элизабет А. Бэкон⁹, Эдвард Олворт¹⁰, Адиб Халид¹¹, т.б. отарлық езгі тартқан түрк-мұсылман қоғамы туралы кітаптар жазған болатын.

Сөзімізді жинақтай айтқанда, бүгінгі Қазақстан 1921-1991 жылдары Совет Одағының құрамында болған кезеңінде төл тарихымызды тану, зерттеу мүмкін болмады. Қазақ тарихы

¹ Zeki Velidi TOGAN: Bugünkü Türkili, Türkistan, İstanbul, 1981

² Oktay, Abdolvakap Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay İstanbul, 1950

³ Baymirza, HAYIT: Türkistan Devletlerinin Milli Mücadeleleri Tarihi, Ankara, 1995

⁴ Devlet, Nadir, Rusya Türklerinin Milli Mücadele Tarihi (1905-1917), TTK, Ankara, 2014

⁵ Saray, Mehmet, Kazakların Uyanışı, TİKA yayımları, Ankara, 2004

⁶ Ilgar, İhsan, Rusya'da Birinci Müslüman Kongresi Tutanakları, Kültür Bakanlığı yay, Ankara, 1990

⁷ Seydahmet, Cafer, Rus İnkılabı, Cumhuriyet Matbaası, İstanbul, 1930

⁸ La Presse Et Le Mouvement National Chez Les Musulmans de Russie Avant 1920

⁹ Elizabeth A. Bacon, "Central Asians under Russian Rule" («Ресейдің үстемдігі астындағы Орта азиялықтар»), New York, 1966, 1968.

¹⁰ Edward Allworth, Central Asia 130 Years of Russian Dominance: A Historical Overview (Орталық Азияда Ресейдің үстемдігіне 130 жыл: тарихи шолу), Durham, Duke University Press, 1989, 1994

¹¹ Adeeb Khalid, The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia, University of California Press, 1999

КПСС тарихы аясында және марктік-лениндік көзқарас негізінде жазылғаны ақиқат. Советтік-социалистік идеология цензурасының талабына сай емес тарихи зерттеулер басылмайтын. Жеке басқа табыну, сталинизм цензурасы бойынша «панисламист», «пантюркист», «шпион», «контрреволюционер», «халық жауы», «Совет үкіметіне жат элемент» ретінде танылған Алаш ағартушыларының атын атауға, еңбектерін насихаттауға, ғылыми-әдеби шығармашылық мұрасын зерттеуге қатаң тыйым салынған. Тек Н.Хрущевтің жылымық дейтұғын кезеңінде әдебиетші акын-жазушыларға жол ашылды да, таза ұлттық бағыттағы саяси сахна ерлеріне басылған қара таңба өзгеріссіз, сол күйінше қалды. Төл тарихымыздан сызылып қалған «ақтаңдақтар» мәселесі кейінгі Н.Горбачевтің демократиялық жариялық және қайта құру кезеңінде ғана ашылып, репрессия құрбандары ақтала бастады.

Ал Алаш қозғалысы, оның жетекшілері мен өкілдері туралы іргелі зерттеулер Батыс елдерінде, Түркияда 1925 жылдан бастап ешқандай қиындықсыз, тосқауылсыз жазылып, ақиқаты жан-жақты ашық зерттелгенін ескерсек және ол еңбектердің қазақ аудиториясына жетпегенін, ана тілімізге аударылмағанын назарға алсақ, XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық күресіне ғылыми тұрғыда толық бағасын бердік деп айту жаңсақ болады деп ойлаймыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазақстанда Алаш қозғалысы, оның жетекшілері мен өкілдері, мүшелері жан-жақты зерттеліп, өз алдына жеке тұлғатану ғылым саласы ретінде қалыптасты. Бірақ, Алаш тақырыбын зерттеу мәселесі тек Қазақстанның тарихымен ғана байланыстырылып, шектеліп қалғаны жасырын емес. Алаш қозғалысы – XX ғасыр басындағы түрк әлеміндегі ұлттық бұлқыныс тудырған азаттық күрестерінің бірегейі. Өкінішке қарай, елімізде бұл қозғалысты жалпы түрк әлемі қозғалыстарымен қатар біріктіріп зерттеу, тану мәселесі қолға алынбаған, әлі ғылыми айналымға түспеген тың тақырып.

Мақалада Алаш әдебиеті және алаш қозғалысының туу, қалыптасу тарихы XX ғасыр басындағы басқа да түркі тілдес халықтардың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени қозғалыстарымен салыстыра зерттеледі. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы сынды іргелі ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Тақырыпты игеру, мәселені зерттеу барысында типологиялық, тарихи және жүйелік әдіс, жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдіс, сонымен қатар талдау, синтез және логикалық әдістер қолданылады. Әрине, әдіснамалық негіз – объект ретінде өткенді танудағы әдеби-тарихи салыстырмалы қағидасы мәдени-тарихи процестерді қайта құрудағы шындыққа негізделеді.

НӘТИЖЕЛЕР

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында ұлттың қалыптасуы мен ұлтшылдық теориясын негіздеген еңбектер жазыла бастады. Мысалы, 1904 жылы Мысырда Жүсіп Ақшора¹² (Юсуф Акчура) татар текті ғалымының «Үш түрлі саясат» деген кітабы жарияланады. Кітапта саясаттың үш стилі – түркшілдік, мұсылманшылдық, ұлтшылдық туралы жазылады. Осы кітаптан соң, түрк әлеміне үш түрлі саясат стилі ұғым ретінде орныға бастайды.

Түркістан өлкесінде үш стиль саясаты бірден қалыптасып, даңғыл жолға түсіп кетпеді. Себебі XIX ғасырдың екінші жартысына дейін діни білімнің орталығы – Бұхара, Самарқан қалалары саналатын. Өйткені бұл қалалардағы негізгі діни медреселерде тек құран, шарифат, фикһ сықылды схоластикалық пәндерден дәріс жүргізілетін. Гаспыралының мұсылман-түрк қоғамындағы мектептерге жасаған реформасында тек діни ілімдер ғана емес, оның сыртында тәпсір, хадис, тарих, жағрапия, есеп-кисап, арифметика, логика, француз, неміс тілдері, т.с.с. дүниеауи ілімдер де оқытылуы тиіс болатын. Гаспыралының идеясына, реформасына қарсы

¹² Akçura, Yusuf. Üç Tarz-ı Siyaset. Ankara, Lotus Yayıncılık, 2005

шыққан қадымшылар (ескі оқу жүйесінің негізін салушылар) ұлтшылдық, түркішілдік ұғымдарын қолдамады.

XIX ғасырдың 60-80 жылдарында Бөкей Ордасында Жәңгір хан мектеп ашса, Ыбырай Алтынсарин Н. Ильминскийдің саясаты негізінде қазақ мектептерін ұйымдастырды. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы сынды дара таланттар тұтас қоғамның жаңғыруына ықпал ете алмады. Олар – отарлық саясаттың құрбанына айналды.

ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев қазақ ұлтшылдығының қалыптасуы турасында: «XX ғасыр басындағы орыс билігі астындағы қазақ қоғамының алдында тұрған ең басты міндет – бұл, әрине, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу, мемлекеттік дербестікке қол жеткізу, сол арқылы қазақ жерін отарлаушы күштердің меншігіне біржола өтіп кетуден және жас ұрпақты ұлттық негізден қол үзіп орыстанып кетуден сақтау еді», – деп жазған болатын. [1, 211]. Болашақ нәсілдің орыстанудан, шоқынудан сақтау үшін зиялылар топтаса, топтала бастағаны – тарихи шындық. Тегінде, қазақ қоғамының ұлт ретінде ұйысуы, зиялылардың бірігуі, бір арнаға жиналуы – «Қарқаралы құзырхаты» (Петиция) құжатының қабылданған сәтінен басталады. Яғни, 1905 жылдың маусымында Қоянды жәрмеңкесінде барлық қазақ зиялыларының қол қойып, қарсылық танытқан «Қарқаралы петициясы» деген құжат жазылған күннен кейін саяси қозғалысқа айналды. Орыс патшасына жер, тіл, дін, оқу-ағарту, құн салығынан босату, мұсылмандық еркіндік мәселесі бойынша проблемаларды қамтыған құжатты жолдаған. Құқықтық-саяси қарсылық манифесі саналатын құжатқа 12747 кісі қол қойған болатын¹³.

1911 жылы «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті, 1913 жылы «Қазақ» газеті, 1917 жылы «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы жарық көріп, «қазақ ұлттық баспасөзі» деген ұғымды қалыптастырған. Қазақ баспасөзі – сауатсыз халықтың саяси көзқарасын ашып, тарихи дүниетанымын кеңейтті. Осы аталған басылымдарда қазақ оқығандары ұлтшылдық, түркішілдік және мұсылманшылдық турасында мақалалар жазып, өзара пікірталасқа түсіп, ой және көзқарас қайшылығын тудырады. Мысалы, «Айқап» (1911-1915) журналы мен «Қазақ» газетінің (1913-1918) бетінде көшпелі өмір мен отыршылықтағы өмір мәселесі қызу талқыға ұласты. Талқының басты себебі – мына ұлан-ғайыр даланы отырықшылық өмірге бейімделе отырып сақтау, жерінің әр тасын, тауын қорғау болатын.

Қазақ ұлтшылдығының жарқын үлгісін Алаш ұранды әдебиеттен¹⁴ анық байқаймыз. Алаш ұранын тастаған, теңдік іздеген әрі ақын, әрі қайраткер ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Сұлтанмахмұт Торайғыр, Жүсіпбек Аймауытұлы, т.б. шығармаларында бұрынғы ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух пен елшілдікті жаңғыртып, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Бұқар жырау, Махамбеттердің отты жырларының өрнегін, түркілік сарынын кестелеген. Мысалы, XX ғасыр басындағы азат ұранды әдебиетте XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың поэзиясындағы ой мазмұн, түр жағынан трансформацияланып, жаңа түрпатты «Мен» лирикалық қаһарман бейнесін сомдады. Алаш әдебиетіндегі «Мен» – жанын, жүрегін туған жұртына арнаған, өмірін өлімге бағыштаған күрескердің жиынтық образы. «Мен» лирикалық қаһарманы арқылы көрініс тапқан ұлтшылдықтың озық үлгілеріне назар аударайық:

Ахмет Байтұрсынұлы:

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін!»

Міржақып Дулатұлы:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

¹³ Өзбекұлы Сәкен, Байгелова Нұргүл, «Қарқаралы петициясы» және демократиялық қозғалыс. – Алматы, 2007. – 160 б.

¹⁴ ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалидің тұжырымы

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан, шаруаң жараса, Алаш!»

Мағжан Жұмабай:

«Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!»

Сұлтанмахмұт Торайғыр:

«Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды, алаш, өлмейміз!
Жасасын, Алаш, жасасын!»

Бұл – лирикалық қаһарманның жан дауысы. Азаматтық биік пафосты жырлар. Жоғарыдағы мысалға алынған төрт акынның өлеңіндегі ортақ мотиві – қазақ мүддесі үшін күрес. Алаш әдебиеті лириканың саяси лирика, азаматтық лирика сияқты түрлерін дамытып, мазмұн, форма жағынан байытты. Төрт өлеңнің ортақ мазмұны – жаугершілік замандағы асқақ рухты тірілту, намыс пен жігерді жану. Ұлттық мінезді шығармалардың жалпы пафосынан, рухынан лирикалық тұлға бітімін анық байқауға болады.

Қазақтың үлкен жазушысы, ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, эне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері» [2, 342], – деп ұлтты сүюдің формуласын жазып, ұлтшылдықтың не екенін оқырманға ұғындырған.

«Ұлтшылдық» мәселесі талқыланғанда Алаш тұлғасы Мәннан Тұрғанбайұлы: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң жақын ағайын, туғандарын сүйгізіп, міндетсіз қызмет қылдыруға, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, ұлт жұмысы, жұрт намысы деген сөзді тоқып көңіліне кіргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдық(ты), кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан басқаны ойына алмаған, дін хұқымы шарифатқа бас иіп іске асырмаған, әдебиеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек», – деп өз пікірін білдірген болатын [3, 90]. Қазақ баспасөзі негізінде оқығандар ұлтшылдық туралы ойларын ортаға салып, өзін де, өзгелерді де тәрбиелеп, азат ойлы, еркіндікке құштар жастар легін ұлттық мүдде маңайына топтастырды. Анығында, Алаш ұранды кезең – қазақ қоғамының ренессанстық сипатта өзгеріске, жаңашылдыққа ұмтылған мезеті.

Өз заманында қазақ ұлтшылдығының рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес», – деп жазады [4, 277-б.]. Ұлт ұстазының осы сөзі Орынбор, Омбы, Томбы, Троицк, Мәскеу, Петербор, Варшава, Ыстанбұл, Мысыр сияқты жер-жерде ілім іздеп, білім алып жатқан қаншама қазақ жасының жүрегіне жетіп, өмірлік миссияларын ұқтырған-ды. Алаш кезеңінде жазылған әр өлең, әр мақала, әр көркем шығармада елшілдік, ұлтшылдық сипатын, сарынын сезуге болады.

Қазақ оқығандарының түркшілдік турасындағы көзқарастары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қарашұлы, Абдолла

Байтасұлы, Мағжан Жұмабай, Мұстафа Шоқай, Қошке Кемеңгерұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, т.б. қаламгерлердің шығармаларында көрініс тапқан.

Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» көлемді өлеңі – Түркістан қаласына емес, тұтас Түркістан өлкесіне арналған түркшілдік сарындағы рухты жыр. Бұл жырда отарлық қамытты киіп, бабалар рухынан, мінезінен айырылған сорлы халықтың шерменде күйін шерлі сөзбен жеткізе отырып, бұрынғы тектілер жүрген Тұранның Шыңғыс хан, Әмір Темір, Абылай хан, Кенесары хан сынды көсемдерінің аттарын атап, ерліктерін ұлықтаған. Ақынның «Түркістан», «Тез барам», «Орал тауы», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма» сияқты түркшілдік рух сипатында жазылған өлеңдерінде түрк тілдес халықтардың тамыры бір ортақ тарихы, айбатты да айбарлы шағы, қасиетінен, киесінен айырылып, құл болған кезіндегі қасіреті, арман-тілегі бар. Сонымен қатар «Қорқыт», «Ертегі», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» секілді поэмаларында да байырғы түгел түркінің жаугершілік замандағы ерлігі, елі мен жерін қорғаған қаһармандық өнегесі жырланған.

Түркшілдік Түркістан республикасында кең қолданысқа енген. Түркістандағы жәдитшілік қозғалысының жетекшісі болған Мұнауар Қари 1919 жылы Ташкентте «Иттихат ва Таракки» жасырын ұйымын құрған. Ұйымның Тұрар Рысқұлов, Садуллах Тұрсынхожаев, Низам Хожаев, Абиджан Махмут, Убайдулла Хожаев, т.б. азаматтар мүшелігіне өтіп, Османлыда құрылған партиямен байланыс жасап, Түркістан топырағын қорғауға әрекет жасаған болатын. Түркістан қайраткерлері коммунистік партияға өтіп, ұлттың болмысын сақтап қаламыз деп түсінгенімен, большевиктік билік өкілдері оларға сенім білдірмеді.

Түркшілдік, ұлтшылдық мәселесі 1920-1925 жылдары Ташкентте жарыққа шыққан «Ақжол» газетінің әр санында өткір мысал, намысты сөздермен жиі қозғалатын. Бұл басылымға Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғазымбек Бірімжанұлы сынды қазақтың аға буыны мен кейінгі толқыны Түркістан республикасын сақтауға, топырақ, жер үшін басын бәйгеге тігіп, большевизмге қарсы батыл үн қосқан. Ташкентте құрылған «Талап» қоғамы Түркістан жастарының рухани-мәдени дамуына, елшіл, түркшіл азамат болуларына зор еңбек сіңірген болатын.

Түркшілдік мәселесі Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда (мұғажырлық) шығарған «Иені Түркістан», «Яш Түркістан», сосын советтік қоғамнан аластатылған зиялылар шығарған «Милли Түркістан», «Түркістан» басылымдарында жиі-жиі жазылған. Түркшілдік – большевизм, шовинизм саясатына қарсы бағытталған күресті жандандырған әрекет. Советтердің қанмен орнатқан билігіне шыдамай Еуропаның түрлі елдерінде кеткен зиялылар Түркістан тәуелсіздігі идеясын насихаттайтын бірқатар газет-журнал ұйымдастырды. Ленин, Сталин саясатын әшкерелеген түркшілдік бағыттағы «Милли Түркістан» (Ұлттық Түркістан) (1942-1975, Берлин / Дюселдор/шығарушысы – Уәли Қаюмхан); «Милли адабият» (Ұлттық әдебиет) (1943- 1945, Берлин/шығарушысы – Уәли Қаюмхан пен Қобызшы Қорқыт (Мәжит Айтбаев – қазақ); «Озод Түркистан» (Азат Түркістан) (1954, Қахыра/ шығарушысы – Мехмет Емин Түркістани); «Түркістан» (1953, Стамбұл/шығарушысы – Мехмет Емин Бұғра мен Зияеддин Бабақұрбан); «Түркістан сеси» (Түркістан дауысы) (1956-1957, Анкара/ шығарушысы – Мехмет Емин Бұғра) «Бүйүк Түркели» (Ұлы Түрікелі) (1962, Измир/шығарушысы – Хасан Оралтай – Шығыс Түркістаннан Анадолыға босып көшкен қазақ) басылымдарда ортақ мәселе жан-жақты талқыланып, Совет Одағындағы жаңалықтар жазылып, репрессияланған Түркістан зиялыларының тағдыры туралы мақалалар басылған болатын.

Өкінішке қарай, қазақ тарихы мен әдебиеті ғылымында эмиграция тақырыбы зерттеу нысанына айналмағандықтан, Мұстафа Шоқайдың және оның маңайына топтасқан Мәжит Айтбаев, Хамза Абдуллин, т.б. қазақ жастарының шығармашылығы толыққанды зерттелмеді. Эмиграциялық әдебиетімізде Қазақстанға Совет билігі орнаған шақта (1922-1930) зиялыларымыз айта алмаған ортақ түрк тарихы, Түркістан өлкесінің мәселесі, ақын-жазушылардың ұлтшылдық, түркшілдік бағытындағы көпке беймәлім шығармалары бар.

Мұсылманшылдық мәселесі Алаш қозғалысының бір тармағы болғаны анық. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеушілер екі үлкен топқа бөліп, жіктеген. Біріншісі – діндарлық әдебиет, екіншісі – ұлтшылдық әдебиет. Діндарлық әдебиеттің басында тұрған Мәшһүр Жүсіп Көбейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабайұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Мақыш Қалтайұлы, Бекет Өтетілеуұлы, Ғұмар Қараш, т.с.с. кітаби ақындарымыздың қай-қайсысы да бұрмаланған дінге, шұбарланған тілге, тарылған жерге, қорлық көрген елге, итжеккенге айдалған ерге, отаршылдық зорлық-зомбылыққа қарсы жыр жазған. Қазақ мұсылманшылдығын қалыптастырған ақындарымыз Алаш сиездеріне қатысып, Алаш үкіметі мен партиясын қолдап арнау өлеңдер арнаған. Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Ғұмар, Нарманбет, Нұржан шығармаларында ұлтты сүю, ұлтшыл болу, түркішіл болу ұғымдарын философиялық оймен астастыра суреттеген.

Жалпылай айтқанда, қазақ мұсылманшылдығы – оқуға, теңдікке шақыру, әйел құқығын шектемеу, Жаратқанды тану, құлшылықты жария емес, жүрек ісі деп тануға бағытталған көркем амал екенін анық байқауға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Түркілік таным, ұлттық құндылық және ұлт мұраты сөздерінің мағынасын, халық алдындағы оқыған азаматтың жауапкершілігін жақсы түсініп, терең сезінген Алаш арыстары 1905-1920 жылдар аралығында ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырды. Ал осы қозғалыстың XX ғасыр басындағы түрк әлемі қозғалыстарынан айырмашылығы мен өзгешелігі бар-тын.

Алаштанушы-ғалым Ербол Тілешов: «Қозғалыстың жалпыұлттық сипатқа айналуына бір емес, бірнеше жылдардың қажет болары дамудың табиғи жолы. Сондықтан Алаш қозғалысының өрістеу, даму сипатына ой жүгірте отырып, оны іштей үш кезеңге бөлуге болатын сияқты. Бірінші кезең – 1905-1912 жылдар, екінші кезең – 1913-1916 жылдар, үшінші кезең – 1917-1920 жылдар», – деп қазақ ұлт-азаттық қозғалысын үш кезеңге бөлген болатын [5, 315]. Ғалымның пікірін ескере отырып, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының өзіне тән ерекшелігін анықтап өтейік:

Біріншіден, Алаш қозғалысы – қазіргі Қазақстан Республикасының территориясын толық қамтыған жалпыұлттық қозғалыс.

Екіншіден, Алаш қозғалысының 1905-1912 жылдарында халықтың санасын, көзқарасын ояту, оқығандардың бірлігін нығайту жұмыстары жүрген болатын. 1909 жылы Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» аудармалар жинағы, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңдер кітабы жарыққа шығып, қазақ қоғамына рухани сілкініс жасады. Бір ғана «Оян, қазақтың» өзі тек қазақ қоғамының ғана емес, түрк дүниесінің, шығыс халықтары әлемінің де дүр сілкінуіне зор ықпалын тигізді. «Оян,қазақ» кітабының артынан іле-шала қызылжарлық ақын Байбатыр Ержанұлының 1914 жылы Қазанда «Тұр, қазақ!», Әбілқасым Арғынидің Ташкентте 1917 жылы «Жатпа, қазақ!» кітаптары жарыққа шығып, Түркістан өлкесінде «Оян» мотивін қалыптастырады. Өзбек шайырлары әрі қайраткерлері саналатын А. Фитрат, Шолпандар да ұлтын оянуға шақырған болатын.

Үшіншіден, Алаш зиялылары түрк әлемінің ортақ тіл мәселесіне қосылмады. Түркі тілдес халықтардың ішінде ең таза, ең бай тіл – қазақ тілі екенін ескеріп, ортақ тіл – қазақ тілі болсын деген талапты қойды. Қазақ тілінің әдеби тілге айналуына зор еңбек сіңірді. 1911-1918 жылдары қазақтың жазба әдеби тіліндегі публицистикалық стиль қалыптасты. Алаш баспасөзінен қазақ сөзінің қоғамдық-әлеуметтік саланың әртүрін көрсететін лексиканың стильдік реңктері көрініс берді. Бұл ретте дәрігер, жазушы-драматург, қайраткер Қошке Кемеңгерұлының сөзіне жүгінгеніміз орынды болар: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тілдің тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» [6, 44]. Міне, осы

пікірде айтылғандай азаттық қозғалысының өкілдері қазақ ұлтының ұлттық болмысын сақтауда, қорғауда күш-жігерін аяп қалмады.

Төртіншіден, азаттық қозғалысының өкілдері қазақ қоғамындағы діни рәсімдер мен құлшылықтардың жүйеленуіне, шариғат заңы мен талаптарын орындауды реттеу мақсатында мүфтилік басқармасын құруды, дінді мемлекет ісінен бөлек қарауды тапсырып, зайырлы да демократиялық мемлекет құрады. Бұл сөзімізді ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлының «Мұсылмандық ағартушылыққа түсініспеншілікпен қараған Ө. Бөкейханның саяси-қоғамдық қызметі мен саналы ғұмырындағы әріптестері мен пікірлестерінің ішінде А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының орны бөлек. Осы тұлғалардың қай-қайсысы да халықты ағартуға, оятуға бағыт ұстаған. Ешқайсысы дінсіз де өмір сүреміз демейді. Қайта дінді сақтауды ұлтты сақтаумен тең қарайды» деген пікірі растай түседі [7, 123].

Бесіншіден, Алаш қозғалысы – тек отарлық саясатқа қарсы шыққан саяси қозғалыс ғана емес, ағартушылық ісін дамытқан, қоғамды сауаттандыруға, рухани-мәдени дамытуға бағытталған инерциялық қозғалыс. Алаш қозғалысының 1913-1920 жылдарында қазақ тілінде түрлі әдеби жанрлардағы шығармалар жазылып, мектеп бағдарламасына арналған пән оқулықтары мен оқу құралдары даярланды.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басқа қозғалыстардан басты айырмашылығы – қазақ жазуына реформа жасағаны, төл әліпбиімізді түзгені (Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы негізінде қазақ жазуын түзіп, әліпби жасады). XX ғасырдың алғашқы онжылдығында басқа түркі тілдес халықтардың бірде-бірінде төл әліпбиі болмады, олардың бәрі «шағатай жазуы» деп аталатын ортақ жазуды пайдаланған.

ҚР ҰҒА академигі Кеңес Нұрпейісұлы: «Советтік негіздегі, пролетариат диктатурасы түріндегі ұлттық мемлекеттікті қабылдамаған, оған қарсы тұрған басқа да ұлттық қоғамдық-саяси қозғалыстар сияқты Алаш қозғалысы, оның 1917-1920 жылдардағы құрамдас бөлігі болған саяси партия ретіндегі Алаш, автономия (қазақ мемлекеттілігінің) үкіметі – Алашорда, олардың халық таныған көсемдері тарих сахнасынан, саяси күрес аренасынан осылай күштеп қуылды», – деген [8, 227-б.] пікірін келтіре отырып, ұлттық-демократиялық интеллигенциямыз 1905-1920 жылдары саяси модернизациялық өзгеріске батыл қадам жасап, 1847 жылы жойылған Қазақ хандығының іргесін жаңа тұрпатты мемлекет ретінде қайта жаңғыртып, ұлттық үкімет құрып, территориясын бекітіп, жер көлемін анықтағанын баса айтқымыз келеді. Ал 1921-1991 жылға дейінгі жағдайға сәйкес, бұл мәселе жіті зерттеуді талап ететіні мәлім.

Қазақ ұлтшылдығы, түрікшілдігі және мұсылманшылығының қалай қалыптасқанын сөз барысында санамалап атап өттік. Шын мәнінде қазақ оқығандары саясат сахнасына мәжбүрліктен, елдің ауыр жағдайын көргеннен кейін ғана араласқан болатын. Бұл ретте пікірімізді ақын, журналист, жазушы ретінде танылып, кейіннен мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген тұлға, Алаш үкіметі құрылған тұста «Алаш» атты әскерінің полкын құрысқан әскери күрескер Міржақып Дулатұлының «Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» деген сөзі қуаттай түседі [9, 24]. Зорлық-зомбылықтағы халықтың қасіретті тағдыры – еуропалық көзқарастағы полиглот, жан-жақты білімді, зиялы азаматтардың мойнына парыз жүгін аманат ретінде арқалатты.

«Қарқаралы құзырхаты» құжаты жазылғаннан кейін қазақ азаматтары мемлекеттік саясатқа белсене араласа бастағанын көреміз. Отарлық саясатты сынап, патшалық үкіметтің аграрлық реформасын, ішкі Ресейден қарашекпенділерді қоныстыруға қарсы әрекетке шыққан қазақ арыстары І, ІІ Мемлекеттік Думаға мүше (Ө. Бөкейхан, Б. Қаратаев, М. Тынышбайұлы, А. Бірімжан, А. Қалменұлы, Б. Құлманұлы, Ш. Қосшығұлұлы, С. Жантөрин, Т. Нүрекеноұлы, Т. Аллабергенұлы) болып, депутат ретінде Түркістан өлкесінің хал-ахуалын, топырақ мәселесін, қоныстандыру саясатының қателіктерін әшкерелеген.

Ұлт-азаттық қозғалысының өкілдері қазіргі Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығын анықтап, шекарасын шегендеуде (Ө. Бөкейхан, Б. Сырттанұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбайұлы, М. Дулатұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Х. Досмұхамедұлы,

Ә.Ермеков т.б.) айрықша еңбек сіңірген болатын. Сонымен қатар Алаш ғалымдары бүгінгі Қазақстанның жер асты, жер үсті пайдалы қазбаларын зерттеуде (Ә. Бөкейхан, Қ. Сәтбаев т.б.), топырақтың құнарлығы мен ауыл шаруашылығына қолдану жағдайын анықтауда (Ә.Бөкейхан, М. Есболұлы, С. Сабатайұлы, т.б.), мал шаруашылығын, асыл тұқымды малды өсіру туралы (Ә. Бөкейхан, Ж. Күдеріұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Ғ. Бірімжанұлы, т.б.) еңбектер жазып, ғылыми экспедицияларға қатысып, картасын даярлады.

Қазақтың ұлттық болмысы мен қалыбын сақтауға арналған күрес жылдарында түркішілдік, ұлтшылдық және мұсылманшылдық қараша халықтың бірігуіне, оянуына оң ықпалын тигізді. Қазақтың салт-дәстүріне реформалық өзгерістер жасалып, әйел баласына құқығы беріліп, оқу-ілім алуына мүмкіндік туды. Қазақ қоғамында оқу сауаттылығы артып, демографиялық тұрғыдан халықтың жан саны өсті.

Ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесі – 1917 жылғы 12 желтоқсанда құрылған Алаш ұлттық-территориялық автономиясы мен Алаш Орда Ұлт кеңесі (Үкіметі). Алаш оқымыстыларының құқықтық көзқарасының концепциясы түрлі нысанда (мақала, баяндама, саяси-теориялық сараптама, конституциялық құжат) жазылғанымен, ортақ мақсаты қазақ елінің азаттығына қызмет етуге бағытталған, ұлттық мемлекет құрудағы ғылыми доктрина дәрежесіне жеткен. «Алаш» партиясының жарғысы XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі идеялық-теориялық ілімінің жетістігі деп танығанымыз жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Патшалық Ресейдегі азаматтық қоғамның толқуы, ішкі күштердің қақтығысы, сыртқы ықпалды топтың көтерілісшілерді қайта-қайта қаржылай қолдап отыруы – монархиялық биліктің әлсіреуіне, кейіннен құлауына әсер етті. Ресейдегі қақтығыстар, 1905 жылғы Бірінші орыс революциясы қазақ оқығандарының бір ту, бір идея астына жиналуына мүмкіндік тудырды. Еділ-Орал, Кавказ тауларындағы мұсылман-түркітер де жиналып, азаттық қозғалысын ұйымдастыра бастауы – қазақ азаматтарының елдік санасын шұғыл қалыптасуына негіз болады.

Отарлық саясат бүкіл Түркістан өлкесінің қоғамдық сипатын өзгертті. Оқығандардың жалынды сөздері бұқараны оятып, жаңа қоғамның талабына бейімдетті. Түркішілдік, мұсылманшылдық және ұлтшылдық сезімдері халықтың бойына сіңді. Ұлттық иммунитетін күшейтті. Алым-салықтың қысымынан, түрлі зорлық-зомбылықтың озбырлығынан шаршаған халық бас көтеріп, оқығандардың тобына қосылды. Дәулетті, мал-мүлкі мен қаржысы бар аксүйектер қазақ буржуазиялық қоғамының құрылуына ниеттес болады. Бұл – ұлттық демократиялық мемлекет құруға талпынған кезең.

Патшалық биліктің отарлық саясаты, кейінгі Советтік жүйенің шовинизм идеологиясы түркілік таным мен ұлттық рухтан айыруға күш салса да негізі мен діңгегі мықты, өзегі қуатты Алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанға Сталин түрмесінен аман-есен жетті.

Қорыта айтсақ, Алаш күрескерлері қалыптастырған түркілік таным дегеніміз – ұлтымыздың идентификациясын сақтау, ортақ құндылығымызды (тіл, тарих, әдеби мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім) қорғау, халықтың өзіне тән мінезін тану дегенді білдіреді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала AP13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениеттегі интерпретациясы (Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жж. жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Монография. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
- 2 Аймауытұлы Ж.Шығармалар жинағы. Т- 6. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 3 Алаш көсемі. Т – 8. «Абай» журналы. – Алматы: Өнер, 2011. – 384 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (Құраст.: проф. Р. Сыздықова), Алматы, 1991. – 320 б.
- 5 Тілешов Е. Қайнар. – Алматы, ЖК Айдарғазин Е.С., 2016. – 376 б.
- 6 Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Өлке, 2002. – 240 б.
- 7 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна – В, 2013. – 192 б.
- 8 Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. Монография. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 424 б.
- 9 Дулатұлы М. Алашым – ардағым. – Алматы: Мектеп, 2016. – 186 б.

Материал 16.08.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Koygeldiev M. Alash movement. The first volume. Monograph. - Almaty: School, 2008. - 480 p. [in Kazakh]
- 2 Aimauytuly J. Collection of works. T-6. - Almaty: El-shezhire, 2013. - 384 p. [in Kazakh]
- 3 Alash leader. T - 8. «Abay» magazine. - Almaty: Art, 2011. - 384 p. [in Kazakh]
- 4 Baitursynuly A. Language tool (Compiler: Prof. R. Syzdykova), Almaty, 1991. - 320 p. [in Kazakh]
- 5 Tileshov E. Source. - Almaty, JK Aidargazin E.S., 2016. - 376 p. [in Kazakh]
- 6 Kemengeruly K. Optional. - Almaty: Ulke, 2002. - 240 p. [in Kazakh]
- 7 Kamzabekuly D., Omaruly B., Sharip A. National literature and traditional mentality. - Almaty: Arna - B, 2013. - 192 p. [in Kazakh]
- 8 Nurpeyisuly K. The truth of Alash. Monograph. - Almaty: An Arys, 2010. - 424 p. [in Kazakh]
- 9 Dulatuly M. Alashym is my honor. - Almaty: School, 2016. - 186 p. [in Kazakh]

Алаш и тюркское познание

Е. Тоқтарбай

Университет имени Шакарима г Семей, Семей, 071400, Республика Казахстан

В основе статьи лежат идеи произведений алашских лидеров, касающиеся проблем модернизации, национального пробуждения в тюркском обществе начала XX века. Всесторонне анализируются взгляды интеллектуалов на сохранение, защиту национальной идентичности (нравов и реалий) нации, противоречия и дискуссии. В статье автор руководствуется научными трудами ученых-алашистов, анализирует их точки зрения.

Основная цель статьи – выявить в алашской литературе проблему алаш и яркий пример казахского национализма. Также следует отметить, что ученые, организовавшие алашское национально-освободительное движение, заложили фундамент нового казахского государства. Кроме того, проанализированы произведения деятелей Алашских лидеров А. Байтұрсынова, М. Дулатова, М. Жумабаева, С. Торайғырова, одновременно раскрыт вопрос «тюркского познания» и его смысл.

Ключевые слова: идея алаш, национально-освободительные движения, тюркское познание, проблема национализма, национальная идентичность, алашская литература.

Материал поступил в редакцию журнала 16.08.2023

Alash and Turkic Cognition

E. Toktarbay

Shakarim University of Semey, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

The article is based on the works of Alash leaders, the problems of modernization, national awakening in the Turkic society of the early twentieth century. The research analyzes views of intellectuals on the preservation and protection of the national identity (dispositions and realities) of the nation and the contradictions of thought and discussion. The article is guided by the scientific works of Alash scientists and analyzes opinions.

The main purpose and objective of the article is to identify the Alash problem and a vivid example of Kazakh nationalism in the Alash literature. It should also be noted that the scientists who organized the Alash national liberation movement laid the foundation of the new Kazakh state.

In addition, the works of Alash leaders such as A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabaev, S. Toraigyrov will answer the questions about Turkic knowledge and its meaning.

Key words: The idea of Alash, national liberation movements, Turkic cognition, the problem of nationalism, national identity, Alash literature.

Received: 16.08.2023

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

МРПТИ 14.25.09

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp141-150](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp141-150)

G. Baigunisova¹, Zh. Beisembayeva¹, A. Tajieva², N. Abdigaparkyzy¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²Ajiniyaz Nukus State Pedagogical Institute, Nukus, 230100, Republic of Karakalpakstan

THE ROLE OF MULTILINGUALISM IN THE ACADEMIC AND CAREER GROWTH OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

